

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ  
ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗДЕМЕЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ  
ҚАЗАҚСТАН  
2021-2025 жылдар

## Мазмұны


Түйіндеме .....	1
1-ТАРАУ: ЕЛДІҢ 2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ КҮН ТӘРТІБІН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ ІЛГЕРІЛЕУІ.....	6
1.1. Елдік мәнмәтін .....	6
1.2. Тұрақты дамудың ұлттық тұжырымдамасы .....	6
1.3. ТДМ қол жеткізудегі прогресс.....	10
1.4. Олқылықтар мен сын -қатерлер .....	13
2-ТАРАУ: 2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ БҰҰ-НЫҢ ДАМУ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАУ .....	15
2.1. Өзгерістер теориясы .....	15
2.2. Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы үшін стратегиялық басымдықтар.....	18
2.3. Даму саласындағы күтілетін нәтижелер .....	19
2.4. Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының түпкілікті нәтижелері мен әріптестіктері.....	23
2.5. Ынтымақтастық негіздемелік бағдарламасының түпкі нәтижелері арасындағы синергия ....	41
2.6. Тұрақтылық.....	44
2.7. БҰҰ-ның салыстырмалы артықшылықтары және БҰҰЕК құрылымы.....	45
3-ТАРАУ: ӘРІПТЕСТІКТІҢ НЕГІЗДЕМЕЛІК БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ.....	45
3.1. Іске асыру стратегиясы және стратегиялық әріптестік .....	45
3.2. Бірлескен жұмыс жоспарлары.....	46
3.3. Басқару.....	47
3.4. Ресурстарды жұмылдыру және есеп беру.....	51
4-ТАРАУ: МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ЖОСПАРЫ.....	52
4.1. Мониторинг және бағалау жоспары .....	52
4.2. Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасына шолу және есеп беру .....	55
4.3. Тәуекелдер мен мүмкіндіктер .....	56
1-қосымша: Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы нәтижелерінің кестесі .....	1
2-қосымша:Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының нормативтік-құқықтық қосымшасы.....	39
3-қосымша: Мониторинг және бағалау жоспары.....	43

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ  
МАҚСАТЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗДЕМЕЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Бейілділік декларациясы**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының елдік командасы Қазақстанда тұратын барлық адамдарға өз әлеуетін іске асыруға, салауатты және өркендеген ортада өмір сүруге жағдай жасауға көмектесетін ұлттық дамудың басымдықтары мен Тұрақты даму мақсаттарына ұзақ мерзімді үлес қосу үшін бір-бірімен және Қазақстан халқымен жұмыс істеуге бел буады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі  
атынан



**Смаилов Алихан Асханович** мырза  
Қазақстан Республикасы Премьер-  
Министрінің бірінші орынбасары

Біріккен Ұлттар Ұйымының елдік  
командасы атынан



**Норимаса Шимомура** мырза  
БҰҰ-ның Қазақстан  
Республикасындағы тұрақты  
үйлестірушіс

Қазақстан, 12 тамыз 2020 ж

## ҚОЛ ҚОЙҒАНДАР

Өз қолын төменде қоя отырып, БҰҰ-ның Қазақстан Республикасындағы елдік командасының мүшелері 2021-2025 жылдарға арналған Ынтымақтастықтың осы негіздемелік бағдарламасын мақұлдайды және стратегиялық басымдықтар мен күтілетін нәтижелерге бірлескен бейілділігін растайды.



**Властимил Самек** мырза  
БҰҰ ҚАД өкілі



**Кайрат Нажмиденов** мырза  
Қазақстандағы серіктестік  
және байланыс бөлімінің  
басшысы  
ФАО



**Зейнал Хаджиев** мырза  
Орталық Азия бойынша  
субаймақтық үйлестіруші,  
Қазақстан, Қырғызстан,  
Түркіменстан және  
Өзбекстандағы миссия  
жетекшісі  
ХКҰ



**Ашиш Шах** мырза  
Елдік бағдарламалар  
бөлімінің директоры  
ХСО



**Ришард Коменда** мырза  
Орталық Азия бойынша  
аймақтық өкілі  
БҰҰ АҚЖКБ



**Александр Голиусов** мырза  
Орталық Азия бойынша  
директор  
ЮНЭЙДС



**Изабель Дюран** ханым  
Бас хатшының орынбасары  
ЮНКТАД



**Октавиан Бивол** мырза  
Еуропа бойынша аймақтық  
кеңсенің басшысы  
БҰҰ АҚТБ



**Якуп Бериш** мырза  
Қазақстандағы тұрақты өкілі  
БҰҰДБ

**Николас Дат-Барон** мырза  
Бағдарламаны басқару  
бөлімінің басшысы м.а.  
Атқарушы хатшы кеңсесі  
**БҰҰ ЕЭК**

**Айдай Курманова** ханым  
Орталық Азия бойынша  
субаймақтық кеңсенің  
басшысы  
**ЮНЕП**

**Николай Помощников** мырза  
Солтүстік және Орталық Азия  
бойынша субаймақтық  
бөлімінің басшысы м.а.  
**ЭСКАТО**

**Криста Пиккат** ханым  
Алматыдағы бөлімінің  
директоры және Қазақстан,  
Қырғызстан және  
Тәжікстандағы өкілі **ЮНЕСКО**

**Джулия Валеце** ханым  
Қазақстандағы өкілі,  
Қырғызстан мен  
Түркіменстандағы елдік  
директоры  
**ЮНФПА**

**Рафаэль Тутс** мырза  
Ғаламдық шешімдер  
департаментінің директоры  
**БҰҰ-Хабитат**

**Ясуко Ода** ханым  
Орталық Азия бойынша  
аймақтық өкілі  
**БҰҰ БЖКБ**

**Артур ван Дизен** мырза  
Қазақстандағы өкілі **ЮНИСЕФ**

**Сийонг Зу** мырза  
Бағдарлама, серіктестік және  
көшпелі кеңселерді үйлестіру  
департаментінің басқарушы  
директоры **ЮНИДО**

**Навид Риаз** мырза  
Қазақстандағы  
Бағдарламалар офисінің  
басшысы және Халықаралық  
бағдарламалар үйлестірушісі  
**БҰҰ ЕҚБ**

**Якуп Бериш** мырза  
БҰҰДБ-ның Қазақстандағы  
тұрақты өкілі  
**БҰҰЕ атынан**

**Алиа Эль-Ясир** ханым  
Еуропа және Орталық Азия  
бойынша аймақтық директор  
**БҰҰ-Әйелдер**

**Кэролайн Кларинваль** ханым  
Қазақстандағы өкілі  
**ДДҰ**

**Мойн Карим** мырза  
Еуропа және Орталық Азия  
бойынша аймақтық директор  
**ЮНОПС**

**Наталья Мочу** ханым  
ТМД бойынша  
аймақтық кеңсенің  
директоры  
**ХЭО**

## Түйіндеме

Әріптестіктің алдыңғы негіздемелік бағдарламасын іске асыру (ДӘНБ, 2016-2020) үкімет көрсеткен 2030 жылға дейінгі тұрақты даму саласындағы Күн тәртібіне қатысты жауапкершілік пен мүдделіліктің жоғары дәрежесіне негізделген Қазақстанның дамуы контексіндегі орасан зор өзгерістермен тұспа-тұс келді. Көптеген мүдделі тараптардың қатысуымен ТДМ-ді іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесі және секторалдық саясат пен жоспарларда ТДМ-ді есепке алу мақсатында құрылған бес мекемеаралық жұмыс тобы (Адамдар, Планета, Өркендеу, Бейбітшілік және Әріптестік) ТДМ-ді ұлттандыру мәселелері бойынша үкіметпен диалогты және ынтымақтастықты кеңейту үшін тиімді тетіктерді қамтамасыз етеді - Біріккен Ұлттар Ұйымының жүйесі саясат, техникалық сараптамалық білім мен қызметтер саласында консультациялар, сондай-ақ ынтымақтастықтың жаһандық желілеріне қолжетімділік беруге қабілетті облыстар.

Осы құрылымдар арқылы процестің басынан бастап ТДМ енгізуге белсенді қатыса отырып, Қазақстандағы БҰҰ үкіметпен бірлесіп, БҰҰ агенттіктері, министрліктер, азаматтық қоғам және жеке сектор өкілдері сияқты стратегиялық әріптестердің негізгі ресурстарын барынша мүмкін дәрежеде шоғырландыру жолымен 2030 жылға дейінгі Күн тәртібіндегі міндеттерге қол жеткізу тетігі ретінде ынтымақтастықтың жаңа негіздемелік бағдарламасын әзірледі<sup>1</sup>.

ТДМ көпқырлы күн тәртібі Қазақстанның *«ЭЫДҰ елдерінің деңгейіне адамдардың әл-ауқатын арттыруға алып келетін және бизнес пен адами капиталдың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, технологиялық жаңғыртуға, институционалдық ортаны жетілдіруге, сондай-ақ адамның табиғатқа теріс әсерін барынша азайтуға негізделген экономиканың сапалы және тұрақты көтерілуіне қол жеткізуге»* деген ұмтылысында тап болатын проблемаларды шешуге жақсы сәйкес келеді<sup>2</sup>. «Қазақстан - 2050» тұжырымдамалық стратегиясында, «Бес институционалдық реформаға қол жеткізу жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспарында, «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасында (2020-2025 жж.) және басқа да салалық бағдарламалар мен стратегияларда баяндалған ұлттық даму басымдықтары тұрақты дамудың барлық үш қырын - *әлеуметтік, экономикалық және экологиялық* аспектілерін жақсартуға бағытталған, бұл оларды Тұрақты даму мақсаттарымен байланыстыруға ықпал етеді. 2025 жылға дейінгі Стратегиялық жоспар гендерлік теңдікке қол жеткізуді қоса алғанда, экономиканы, институттар мен қоғамды жаңғыртуға бағытталған маңызды бастамаларды айқындайды және 2021, 2025 және 2050 жылдарға қарай қол жеткізу үшін нақты көрсеткіштерді қамтиды.

Ынтымақтастықтың жаңа негіздемелік бағдарламасын әзірлеу Қазақстанда 2019 жылы маңызды өтпелі саяси процесс болған кезде басталды. Жаңа Президент реформалар бағдарламасының негізге алынатын қағидатын атап өтті:

---

<sup>1</sup> 2019 жылғы Тұрақты даму туралы баяндамаға сәйкес Қазақстан 2019 жылғы ТДМ индексында 162 елдің ішінде 77-ші орында тұр, бұл оны ЭЫДҰ-ға мүше елдер алдында Түркия мен Мексиканың алдына тікелей қояды. Қазақстанның жаһандық индекстегі көрсеткіші 68,7%-ды құрайды, бұл 70,4% (Шығыс Еуропа және Орталық Азия) орташа өңірлік көрсеткіштен 2,4%-ға төмен. 2020 жылғы Гендерлік алшақтықтың жаһандық индексында Қазақстан 153 елдің ішінде 72-орында тұр, бұл «Саяси құқықтар мен мүмкіндіктердің кеңеюі» (106) және «Денсаулық және аман қалу» (75) қосалқы индекстерінің төмен рейтингін көрсетеді. 2019 жылдан бастап Қазақстан 60-шы позициядан түсіп, 12 пункт жоғалтты.

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары

«Еліміздің қоғамдық-саяси өмірін жаңғыртпай, табысты экономикалық реформаларды іске асыру мүмкін емес»<sup>3</sup>, азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «халық үніне құлақ асатын» мемлекет ұғымын енгізді және қазіргі заманғы геосаясат тұрғысынан үйлесімді мемлекет құру құралы ретінде Үкімет пен қоғам арасындағы тұрақты диалогты қолдау қажеттілігін атап өтті. Қоғамдық диалог тетігін құру ТДМ-ді ұлттандыру мәселелері бойынша көпжақты ынтымақтастыққа жәрдемдесу үшін ынтымақтастықтың жаңа негіздемелік бағдарламасына сәйкес және адам құқықтарымен неғұрлым тығыз өзара байланысты *барлық адамдардың құқықтары мен мүмкіндіктерінің кеңеюін, интеграциялануын және теңдігін* қамтамасыз етуге байланысты тұрақты дамуға қол жеткізе отырып, өршіл ұлттық күн тәртібін жүзеге асырудың неғұрлым тығыз келісімділігіне көбірек мүмкіндіктер береді.

Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының басымдықтары Қазақстанның барлық халқының, оның ішінде ең осал топтардың қатысуымен ТДМ-ге қол жеткізуді қамтамасыз ету ниетінде мемлекеттік органдардың, азаматтық қоғамның және академиялық топтардың өкілдерімен көпжақты консультациялар процесінде айқындалды. ДӘНБ 2016-2020 қорытынды бағасының ұсынымдарына сүйене отырып, ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы құқық иелерінің талаптарын қанағаттандыру үшін уәкілетті органдардың әлеуетін нығайту қажеттілігімен құқық иелерінің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуді біріктіреді. Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы ТДМ-нің трансформациялық сипатына баса назар аударады, ол адамдарға, оның ішінде назардан тыс қалу қаупі жоғары адамдарға осы мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін экономикалық жағдайларды жақсартудан ғана емес, сонымен қатар адамдардың өмірі мен болашақ ұрпақтарының өміріне қатысты шешімдер қабылдауға белсенді қатысу үшін дауыс беру құқығы мен құралдарын беру арқылы олардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуді танудан, сондай-ақ елдің тұрақты даму саласындағы саясатын қалыптастырудан тұрады. Осыған байланысты әйелдердің елдің тұрақты дамуының қозғаушы күші ретіндегі рөлі Қазақстанның ағымдағы саяси күн тәртібінде танылуға және екпінді күшейтуге қол жеткізу үшін ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы нәтижелерінің барлық салаларында ілгерілеуде.

Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының іс-шаралары адам құқықтарын толық іске асыруға қол жеткізуге және Қазақстандағы барлық адамдардың, соның ішінде Жалпы елдік талдауда назардан тыс қалу қаупі жоғары ретінде анықталған адамдардың: мүгедектігі бар адамдардың, оның ішінде мүгедек балалар; есірткі қолданатын адамдардың, инъекциялық есірткі қолданатын адамдардың, АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың; ерлермен жыныстық қатынасқа түсетін ер адамдардың, трансгендерлік адамдардың, секс-индустрия қызметкерлерінің; қамауда отырған адамдардың; босқындардың; азаматтығы жоқ адамдардың; мигранттардың; адам саудасы құрбандарының; жыныстық белгісі бойынша зорлық-зомбылық құрбандары болған әйелдер мен балалардың; мамандандырылған мекемелердегі немесе ата-аналарынан бөлек тұратын балалардың; созылмалы аурулары бар жасөспірімдердің; ауылдық және шалғайдағы және/немесе экономикалық қолайсыз аудандарда тұратын әйелдердің, балалардың, жасөспірімдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған.

Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы үшін өзгерістер теориясында *инклюзивті экономикалық өсу мен экологиялық тұрақтылыққа қол жеткізу Қазақстандағы барлық адамдардың - әйелдердің, ерлердің, жастардың, қарт адамдардың, мүгедектігі бар адамдардың және басқалардың, оның ішінде халықтың осал топтарының, қоғамды экономикалық, саяси және әлеуметтік жаңғыртуға қатысуын*

<sup>3</sup> Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2019 жылғы 2 қыркүйек.

[http://www.akorda.kz/en/addresses/addresses\\_of\\_president/president-of-kazakhstan-kassym-jomart-tokayevs-state-of-the-nation-address-september-2-2019](http://www.akorda.kz/en/addresses/addresses_of_president/president-of-kazakhstan-kassym-jomart-tokayevs-state-of-the-nation-address-september-2-2019)

талап ететіні атап көрсетілген. Ресурстарды тұрақты пайдалануға негізделген инклюзивті экономикалық өсуге жәрдемдесу үшін білімі мен дағдылары бар адами капиталды дамыту сапалы әлеуметтік қызметтерге (білім беру және денсаулық сақтау) жалпыға бірдей қол жеткізу, адам құқықтарын қорғау, гендерлік теңдікке қол жеткізу және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту, өмір сүру мен жұмыспен қамту, сондай-ақ таза қоршаған ортаға қаражат көздеріне қол жеткізуді жақсарту арқылы адами әлеуетті дамыту жолындағы кедергілерді жоюды және тең қатысуды талап етеді. Осыған байланысты тиімді және инклюзивті институттармен тиімді мемлекеттік басқаруға қол жеткізу адам құқықтарын қорғауды, құқық үстемдігін қамтамасыз ету және кең қатысу негізінде шешімдер қабылдау арқылы адами әлеуетті, экономикалық өнімділікті және экологиялық тұрақтылықты дамытуға ықпал ететін қолайлы жағдайлар жасау үшін негіз қалаушы шарт болып табылады.

Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасына сәйкес Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымы мен үкімет теңсіздікті қысқартуға, гендерлік теңдікке қол жеткізуге және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге, тиімді, инклюзивті және ашық мемлекеттік басқару құруға, құқық үстемдігін нығайтуға және адам құқықтары мен экологиялық тұрақтылықты қорғауға бағытталған саясаттың келісімділігін арттыруға елеулі үлес қосуға ниетті, бұл неғұрлым ұйымшыл қоғам құруға ықпал етуі тиіс. Сондықтан *теңсіздікті қысқарту* (10 ТДМ), *гендерлік теңдікке қол жеткізу және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту* (5 ТДМ) және климаттың өзгеруіне төзімділік (13 ТДМ), қатысу үшін қауіпсіздік пен демократиялық кеңістікті қамтамасыз ететін *тиімді институттарды нығайту* (16 ТДМ) және *мақсаттарға қол жеткізу мүддесінде тиімді әріптестік қатынастарды жолға қою* (17 ТДМ) барлық тақырыптық салаларда көзделген нәтижелерге қол жеткізуге ықпал ететін факторлар ретінде қарастырылады. Осы стратегиялық басымдықтарды **өтпелі мәселелер** ретінде есепке алуды қамтамасыз ете отырып, біз Қазақстан халқына, оның ішінде халықтың неғұрлым аз қамтылған және маргиналданған топтарына қолдауды күшейтуге және халық пен елдің одан әрі өркендеуіне қол жеткізу мақсатында бірлескен жұмыс үшін мүдделі тараптардың кең ауқымын тиімді тартуды қамтамасыз етуге ниеттіміз.

Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы өндіруші өнеркәсіпке шамадан тыс тәуелділіктен шағын және орта бизнестің (ШОБ) күшті секторымен, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті интеграциялаумен, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланумен және өңірлік сауда мен транзитті кеңейтумен сипатталатын неғұрлым әртараптандырылған экономикаға біртіндеп көшуге бағытталған Қазақстан дамуының ұзақ мерзімді басымдықтарын неғұрлым нақты ескереді, бұл елге өңірлік экономикалық дәліздердің хабы болуға мүмкіндік береді.

Үш тақырыптық сала шеңберінде - **Адами әлеуетті дамыту және тең қатысу, Тиімді институттар, адам құқықтары және гендерлік теңдік және Инклюзивті экономикалық өсу және экологиялық тұрақтылық** - стратегиялық әріптестердің бірлескен іс-шаралары тұрақты дамудың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілеріне шоғырланған алты бағыт бойынша жүзеге асырылатын болады. БҰҰ-ның жалпы елдік талдауында және түрлі мүдделі тараптармен консультациялар шеңберінде анықталғандай, Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасында біз негізгі назарды өзара байланысты және басқа мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ете алатын Қазақстан-2050 Стратегиясында белгіленген ұлттық басымдықтарға сәйкес бірнеше ТДМ-ге және міндеттерге шоғырландыруға ниеттіміз. Тақырыптық сала 1 шеңберінде Адами әлеуетті дамыту және тең қатысу – мұндай мақсаттар 3 ТДМ, 4 ТДМ және 2 ТДМ; Тақырыптық сала 2 шеңберінде - 5 ТДМ, 16 ТДМ және 17 ТДМ; және Тақырыптық сала 3 шеңберінде - 8 ТДМ, 9 ТДМ, 7 ТДМ, 11 ТДМ, 6 ТДМ, 14 ТДМ және 15 ТДМ болып табылады.



Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының стратегиялық басымдықтары мен түпкілікті нәтижелері Орталық Азияның неғұрлым кең контекстінде айқындалған және негізінен олардың теңізге шыға алмайтын елдердің мәртебесімен байланысты субөңір елдерінде анықталған дамудың жалпы проблемаларымен тығыз байланысты. Қазақстанның субөңірлік ынтымақтастыққа қатысуын қолдау<sup>4</sup> су ресурстары, энергетика, қоршаған орта, тұрақты көлік, транзит және өзара байланыс, сауда, статистика, білім негізінде даму және гендерлік проблематика сияқты бірқатар салаларда нәтижелерге қол жеткізуді жақсартады деп күтілуде және ұлттық басымдықтарға қол жеткізуге және оның әлемдік экономикаға интеграциялануына ықпал етуге тиіс.

ТДМ мақсатты көрсеткіштер деңгейіндегі байланыстығына ұқсас, Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасындағы алты қорытынды нәтиже де өзара байланысты. Түпкілікті нәтижелер арасындағы өзара іс-қимыл ТДМ өзара байланысты міндеттері кластерлерінің айналасында қалыптасатын ішкі және сыртқы стратегиялық әріптестіктермен күшейтілетін болады. Біріккен Ұлттар Ұйымының агенттіктері, министрліктер, азаматтық қоғам өкілдері және жеке сектор сияқты стратегиялық әріптестердің ресурстарын шоғырландыру арқылы біз тұрақты дамуды қаржыландыруды, деректердің сенімді жүйесін, дезагрегацияланған деректер негізінде мониторинг пен бағалауды, барлық деңгейлерде әлеуетті тиімді өсіруді, мүдделі тараптарды, атап айтқанда, азаматтық қоғам мен жеке секторды неғұрлым белсенді тартуды қоса алғанда, саяси шаралардың келісімділігін арттыру және субөңірлік, өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты жалғастыру сияқты мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етуге тиіс бірқатар өтпелі мәселелерді неғұрлым тиімді шешуге ниеттіміз.

Орталық Азия өңіріне бағытталған трансшекаралық, субөңірлік және өңірлік бағдарламалар мен іс-қимылдарды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын синергизм негіздемелік бағдарламаның нәтижелеріне қол жеткізуге жәрдемдесу, БҰҰ агенттіктері арасындағы үйлестіруді күшейту, БҰҰ жүйесіне кірмейтін ұйымдармен әріптестікті жолға қою және ТДМ-ге қол жеткізу үшін қажетті ресурстарды жұмылдыру мақсатында, оның ішінде халықаралық қаржы мекемелерімен (ХҚМ) ынтымақтастықты нығайту жолымен белсенді пайдаланылатын болады.

БҰҰ мекемелері мен олардың серіктестері арасында тиімді стратегиялық альянстар құруға жәрдемдесу мүддесінде ТДМ іске асырудың ұлттық үйлестіру тетіктерімен көбірек келісуді қамтамасыз ету және ТДМ міндеттеріне қол жеткізу үшін бірлескен мониторинг пен есептілікті жақсарту үшін 2021-2025 жылдарға арналған БҰҰ ТДЫНБ басқару құрылымы әзірленді, оған Жоғары деңгейдегі басшылық комитет пен нәтижелер бойынша төрт топ кіреді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының реформасы рухында Ынтымақтастықтың жаңа негіздемелік бағдарламасында есеп берушілікті арттыру мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымының елдік командасы бірлескен коммуникация бойынша аралық нәтижелерді қамтитын мониторинг және бағалау жоспарына сәйкес келтірілетін шығыстар сметасымен коммуникация және ақпараттық-насихаттық қызмет жоспарын әзірлейді. Бұл жоспар ұлттық ресурстарды, сондай-ақ 2030 жылға дейінгі Күн тәртібіндегі міндеттерге қол жеткізу үшін өңірлік және халықаралық әріптестік шеңберінде тартылуы мүмкін ресурстарды жұмылдыруға ықпал ететін ақпараттық-насихаттау қызметінің маңызды құралы ретінде қарастырылады.

---

<sup>4</sup> БҰҰ-ның Орталық Азия экономикаларына арналған арнайы бағдарламасы (СПЕКА), <https://www.unecce.org/speca/welcome.html> қараңыз

Қазақстандағы БҰҰ жүйесі елдің Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге бейілділігін берік қолдайды. Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы шеңберінде бірлесіп жұмыс істеу үшін үкіметпен, азаматтық қоғаммен, жеке сектормен, ғылыми орталармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен және басқа да әріптестермен ынтымақтастықты нығайта отырып, БҰҰ-ның Елдік командасы *адам құқықтарына және инклюзивті ұлттық диалогқа, гендерлік теңдікке, ешкімді назарсыз қалдырмауға сүйене отырып, барлық адамдардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге және күшейтілген өңірлік әріптестікке негізделген экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғырту арқылы дені сау және білімді халқы, жасыл экономикасы және тұрақты ауыл шаруашылығы, гүлденген бизнесі және барлығы үшін кепіл берілген адам құқықтары бар* болашақ Қазақстанға қол жеткізуге жәрдемдесу болып табылатын өз миссиясын басшылыққа алатын болады.

## 1-ТАРАУ: ЕЛДІҢ 2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ КҮН ТӘРТІБІН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ ІЛГЕРІЛЕУІ

### 1.1. Елдік мәнмәтін

2019 жылы Қазақстан экономикасының қалыпты өсу қарқыны нақты ЖІӨ-нің 4% деңгейінде байқалды. Әлеуметтік шығыстардың 2019 жылы ЖІӨ-нің 5%-ына дейін өсуі (2018 жылғы 4,4%-бен салыстырғанда) үй шаруашылықтары кірістерінің өсуіне әкелді және аз қамтылған үй шаруашылықтарының борыштық ауыртпалығын жеңілдетуге бағытталған мемлекеттің қолдауымен нақты тұтынудың тұрақты өсуін қамтамасыз етті. Дегенмен, нақты экономиканың өсуі негізінен құрылыс, сауда және көлік қызметтерін қоса алғанда, сауда жасамайтын қызметтермен шектеледі, ал бағаның төмендеуі және өндіріс көлемінің қысқаруы мұнай секторы қызметінің көрсеткіштерін төмендетті.

2019 жыл саяси өтпелі кезеңмен ерекшеленді, нәтижесінде үкімет адамдар арасындағы өсіп келе жатқан экономикалық және әлеуметтік теңсіздік мәселесіне көп көңіл бөле бастады. Дүниежүзілік Банктің 2020-2022 жылдардағы экономикалық болжамына сәйкес өсу 4% шегінде қалуы мүмкін және күшті, «жасыл» және инклюзивті өсуді қамтамасыз етудің өршіл мақсаттарына қол жеткізу үшін елге терең құрылымдық реформалармен және жан-жақты фискалдық саясатпен нығайтылатын өсудің жаңа моделіне жедел көшу қажет<sup>5</sup>.

### 1.2. Тұрақты дамудың ұлттық тұжырымдамасы

Қазақстан 2030 жылға қарай экономикалық көрсеткіштер бойынша және, әсіресе маңыздысы, өз азаматтарының өмір сүру деңгейі бойынша әлемнің ең озық 30 елінің қатарына кіру мақсатын алға қойды. Қазақстанның ұзақ мерзімді даму траекториясы өндіруші өнеркәсіпке шамадан тыс тәуелділіктен шағын және орта бизнестің (ШОБ) күшті секторымен сипатталатын неғұрлым әртараптандырылған экономикаға біртіндеп көшумен, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметтің интеграциясымен, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланумен және өңірлік сауда мен транзит көлемінің ұлғаюымен сипатталады, бұл елге өңірлік экономикалық дәліздердің хабы болуға мүмкіндік береді.

Үкіметтің пайымы мен басымдықтары бірнеше стратегиялық құжаттарда, оның ішінде «Қазақстан-2050» стратегиясында, «Бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспарында және «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасында (2020-2025 жж.) баяндалған. 2015 жылғы наурызда бастамашылық жасалған және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында қолдау көрсетілген бес институционалдық реформа: 1) экономикалық бағдарламаларды сапалы іске асыруды және мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететін кәсіби мемлекеттік қызметке ерекше назар аудара отырып, заманауи, кәсіби және тәуелсіз мемлекеттік аппарат қалыптастыруды; 2) баршаға сот төрелігіне қол жеткізуге, ауқымды сот реформасына және меншік құқықтарын сақтауға кепілдік беретін, кәсіпкерлік үшін жағдай жасайтын заң үстемдігін қамтамасыз етуді; 3) әртараптандыруға негізделген индустрияландыруды және тұрақты экономикалық өсуді; 4) ортақ болашақ ұлтын қалыптастыруды; және 5) азаматтарға шешім қабылдау процесіне қатысуға мүмкіндік беретін жергілікті билік органдарының тәуелсіз бюджеттері бар ашық және есеп беретін мемлекетті қамтиды.

<sup>5</sup> Дүниежүзілік банк (2019 ж. желтоқсан). Қазақстан экономикасы туралы баяндама: Өсу қарқынын сақтай отырып.

«Нұрлы Жол» инфрақұрылымды дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасын іске асыру (2020-2025 жж.) 551 мың жұмыс орнын құруға, 2019 жылмен салыстырғанда еңбек өнімділігін 20%-ға арттыруға (бір адамға 8,7 млн. теңгеден 10,4 млн. теңгеге дейін) және транзиттен түсетін табыстың жылына 2,4 млрд. доллардан 4,2 млрд. долларға дейін өсуіне әкелуі тиіс.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары экономиканы, институттар мен қоғамды жаңғыртуға бағытталған және 2021, 2025 және 2050 жылдарға арналған мақсаттарға қол жеткізудің нақты көрсеткіштерін қамтиды. Жоспар сондай-ақ гендерлік аспектілерді ескере отырып, бағдарламаларды әзірлеу арқылы іске асырылатын маңызды гендерлік бастаманы қамтиды. Үкімет саясаттың бірқатар негізгі бағыттарын, атап айтқанда, жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды кеңейтуді, су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруды және парниктік газдар шығарындыларын азайтуды белсенді түрде ілгерілетуде.

Қазақстанда жеке секторды, атап айтқанда, шағын және орта бизнесті дамыту экономиканы әртараптандырудың және жұмыс орындарын құрудың шешуші факторы болып табылады. «Қазақстан 2050» Стратегиясы ШОБ пен кәсіпкерлікті қолдауды (III бағыт) экономикалық өсудің басты қозғалтқыштарының бірі ретінде тікелей айқындайды. ШОБ ЖІӨ-ге және жұмыспен қамтуға қосқан үлесі жағынан айтарлықтай өсімді бастан өткергеніне қарамастан, ол ЭЫДҰ елдерімен және ТМД-ның көптеген елдерімен салыстырғанда төмен деңгейде қалып отыр (2017 жылы 25%)<sup>6</sup>. Қазақстан шағын және орта бизнесті дамытуға жәрдемдесу және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөнінде көптеген жағдайларда өзінің даму жөніндегі әріптестерінің қолдауымен бірқатар күш-жігер жұмсады. Бұл ретте ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге арналған шығыстар үкіметтің нысаналы көрсеткішінен әлі де 2% төмен және ЭЫДҰ-ның орташа көрсеткішінен төмен - 2,4% (2015 жылы).

«Жасыл экономика» саласындағы күн тәртібі Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі «Жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамада көрсетілген (2013 жылы қабылданған). Қазақстан 2018 жылы Қазақстан-2050<sup>7</sup> Стратегиясында және ел үшін инклюзивті «жасыл экономика» бойынша жол картасы болып табылатын және бірнеше өршіл мақсаттарды, оның ішінде 2030 жылға қарай жаңартылатын көздерден энергияның 30%-ын және 2050 жылға қарай кемінде 50%-ын алуды қамтитын Тұжырымдамада<sup>8</sup> қойылған міндеттерге қол жеткізу мақсатында Жасыл экономика мүддесіндегі іс-әрекеттер үшін әріптестік бағдарламасына (ПАГЭ) қосылды. Тұжырымдама ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған және қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғырту, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі және неғұрлым кең жоспарда - елдің энергетикалық қауіпсіздігін арттыру жөніндегі шараларды көздейді.

Тұрақты дамудың әлеуметтік аспектісіне келетін болсақ, Қазақстан шығыстарды ұлғайту жолымен өмір сүру сапасын арттыру және білім беру мен денсаулық сақтау сапасын арттыру; қолжетімді тұрғын үй және жақсартылған аумақтық даму арқылы қолайлы өмір сүру жағдайларын жасау сияқты маңызды реформаларды жүргізеді. Әлеуметтік басымдықтар жалақыны ұлғайту есебінен, сондай-ақ салалардың экспортына, еңбек өнімділігіне және ауыл шаруашылығындағы заманауи технологияларға және инновацияларға бағдарланған іскерлік ортаны қолдау есебінен кірістердің өсу қажеттілігін көрсетеді.

<sup>6</sup> ЭЫДҰ (2018). Қазақстандағы ШОБ және кәсіпкерлік саласындағы саясат.

<sup>7</sup> <https://strategy2050.kz/en/page/multilanguage/>

<sup>8</sup> [https://greenkaz.org/images/for\\_news/pdf/npa/konceptiya-po-perehodu.pdf](https://greenkaz.org/images/for_news/pdf/npa/konceptiya-po-perehodu.pdf)

2019 жылғы сайлаудан кейін Қазақстанның жаңа Президенті Үкіметтің Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясында баяндалған стратегиялық басымдықтарға бейілділігін растады. Президент 2019 жылғы 2 қыркүйектегі халыққа Жолдауында және одан кейінгі БҰҰ Бас Ассамблеясында сөйлеген сөзінде сабақтастықты, әділеттілікті және прогресті атап өтті және әрбір адам инклюзивті қоғамда және күшті экономикада, терең (бірақ біртіндеп) саяси өзгерістермен бірге өмір сүре алатын заманауи жалпыға ортақ әл-ауқат мемлекетін құру мақсатын ұстанатынын мәлімдеді. Президент белгілеген басымдықтардың кейбіріне ауыл шаруашылығы саласының өнімділігін арттыру, жұмыс орындарын құру; кәсіпорындарды дамыту; тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) өсуін ынталандыратын тұрақты макроэкономикалық орта құру; мемлекеттік басқару және бюджет қаражатын пайдалану сапасын арттыру; білім беру және денсаулық сақтау жүйесін нығайту; аумақтық дамуды жақсарту кіреді<sup>9</sup>.

Өсу жолында Қазақстан өзінің экономикалық стратегияларын кедейлікпен күресуге және әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге ресурстар бөлуді қоса алғанда, **инклюзивті** экономика құруға бағыттады. 2015 жылға қарай Қазақстан кедейлікпен күреске, бастауыш білімге қол жеткізуге және ана мен бала денсаулығын жақсартуға байланысты өзінің мыңжылдық даму мақсаттарының (МДМ) көпшілігіне қол жеткізе алды<sup>10</sup>. Жылдам экономикалық дамудың арқасында ұлттық деңгейде белгіленген кедейлік деңгейі 2015 жылы 2,7%-ға дейін қысқарды - ғасырдың басындағы көрсеткішпен салыстырғанда екі есе дерлік. Теңсіздікті қысқарту мақсатында Қазақстан 2025 жылға қарай табысы аз халықтың 40%-ы арасындағы табыс деңгейін халықтың жалпы табысының 22,8%-ынан 27%-ға дейін арттыруға ниетті.

Қазақстанда әлеуметтік қорғау шараларының кешені іске асырылуда, оған әлеуметтік сақтандыру бағдарламалары, мысалы, зейнетақылар мен жұмыссыздық бойынша жәрдемақылар, сондай-ақ әлеуметтік көмек кіреді. 2018 жылы атаулы әлеуметтік көмек жүйесі аз қамтылған отбасыларға, төрт және одан да көп баласы бар, 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға неғұрлым тиімді жеңілдіктер мен жәрдемақылар беру, сондай-ақ табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 50%-ынан (бұрын 40%) төмен отбасыларға атаулы көмек көрсету мақсатында жетілдірілді. ҚР Үкіметі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекітті<sup>11</sup>, онда Қазақстанда медициналық қызметтерді, оның ішінде АИТВ және ЖИТС саласында ұзақ мерзімді дамыту жөніндегі ұлттық стратегия тұжырымдалған.

Әлеуметтік қызметтерге сандық тұрғыдан қолжетімділіктің жақсаруының ықтималдығына қарамастан, болашақта олардың сапасына гендерлік сезімталдық пен инклюзивтілік тұрғысынан, сондай-ақ құрылымдық кедергілерді жою мәселесіне көбірек назар аудару керек. Мысал ретінде ТДМ және ЮНЭЙДС-тің 2010-2016-2021 жылдарға арналған стратегиясы шеңберінде міндеттерге қол жеткізу жолында елеулі кедергілер болып табылатын гендерлік теңсіздікті, жыныстық және гендерлік зорлық-зомбылықты, мәдени нормалар мен гомофобияға байланысты қызметтер мен тауарларға қолжетімділіктің жоқтығын келтіруге болады. Негізгі құрылымдық іс-шараларды қамтудың шектелуі, оның ішінде сапалы жан-жақты жыныстық ағарту, медициналық қызметтерді алуға келісім жасы,

<sup>9</sup> [http://www.akorda.kz/ru/speeches/internal\\_political\\_affairs/in\\_speeches\\_and\\_addresses/vystuplenie-glavy-gosudarstva-khttp://www.akorda.kz/ru/speeches/internal\\_political\\_affairs/in\\_speeches\\_and\\_addresses/vystuplenie-glavy-gosudarstva-k-tokaeva-na-rasshirenom-zasedanii-pravitelstvatokaeva-na-rasshirenom-zasedanii-pravitelstva](http://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-glavy-gosudarstva-khttp://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-glavy-gosudarstva-k-tokaeva-na-rasshirenom-zasedanii-pravitelstvatokaeva-na-rasshirenom-zasedanii-pravitelstva)

<sup>10</sup> БҰҰ даму бағдарламасы (2010). Қазақстандағы мыңжылдық даму мақсаттары. Астана.

<sup>11</sup> [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=38732360&doc\\_id=38732360#activate\\_doc=2&pos=0;0&pos2=0;0](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38732360&doc_id=38732360#activate_doc=2&pos=0;0&pos2=0;0)

гендерлік зорлық-зомбылыққа қатысты алдын алу және жауап шаралары неғұрлым кең көріністің бөлігі болып табылады.

ТДМ саласындағы көпқырлы күн тәртібі Қазақстанның алдында тұрған міндеттерді шешу үшін өте қолайлы және елге оның даму саласындағы мақсаттарына қол жеткізуге көмектесуі мүмкін. Дамудың ұлттық басымдықтары тұрақты дамудың барлық үш қырын - әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілерін жақсартуға бағытталған, бұл оларды Тұрақты даму мақсаттарымен байланыстыруға ықпал етеді. 2017 жылы жүргізілген жедел кешенді бағалау (RIA) нәтижелері бойынша ТДМ нысаналы көрсеткіштерінің 61%-ы ұлттық стратегиялар мен жоспарларға интеграцияланған, ал 2019 жылы ҚР Экономика министрлігі жанындағы Экономикалық зерттеулер институты жүргізген бағалау Тұрақты даму мақсаттарының (ТДМ) міндеттері Қазақстанның даму жоспарлары мен бағдарламаларында 79,9%-ға көрсетілгенін анықтады.

Қазақстан Орталық Азияда және одан тыс жерлерде ТДМ-ге қол жеткізуді енгізу және жеделдету бойынша өңірлік көшбасшы болу үшін қуатты әлеуетке ие. Мұнда тұрақты дамуға байланысты мәселелер бойынша бірнеше өңірлік және жаһандық орталықтар құрылды. 2013 жылы Қазақстан Астанада Мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік хаб құрды, оған қатысушылар саны 40 елге дейін өсті. Хабтың миссиясы өңір елдері мен одан тыс елдердің үкіметтерінің институционалдық және адами әлеуетті арттыру жөніндегі күш-жігерін қолдау арқылы мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу болып табылады<sup>12</sup>. Қатысушы елдер хабты үшжақты әріптестіктер мен Оңтүстік-Оңтүстік әріптестіктерді жолға қою үшін тиімді платформа ретінде қарастырады және ол мүше мемлекеттерге ТДМ бойынша міндеттемелерін орындауда көмек көрсетуде пәрменді рөл атқара алады.

Қазақстан көптеген халықаралық және өңірлік экономикалық және саяси ұйымдардың мүшесі болып табылады және халықаралық деңгейде өз қызметінде барынша белсенділік танытады; үкімет екіжақты ынтымақтастықты, сондай-ақ Оңтүстік-Оңтүстік ынтымақтастығы мен үшжақты ынтымақтастықты ұйымдастырушы және жаңа донор ретінде халықаралық істердегі сындарлы рөлге берік ұстанымды көрсетеді. Босқындарды қорғау және халықаралық көші-қон жөніндегі Алматы процесі қолдау тапты, ол Орталық Азиядағы және жалпы өңірдегі көші-қон мәселелері және босқындарды қорғау проблемалары бойынша тұрақты диалогқа және ақпарат алмасуға ықпал етеді<sup>13</sup>. Қырғызстанмен және Ауғанстанмен бірлесіп іске асырылған тағы бір бастама Төтенше жағдайларға ден қою және дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайту жөніндегі орталық құру болып табылады.<sup>14</sup> Қазақстан сондай-ақ теңізге шыға алмайтын елдер тап болатын проблемаларды шешуге бағытталған және теңізге шығудың болмауына байланысты кедейлікті жоюға жәрдемдесуге арналған Вена іс-қимыл бағдарламасының белсенді қатысушысы болып табылады<sup>15</sup>. 2014 жылы Қазақстанда Даму мақсатында ресми көмек туралы Заң (ДРК) қабылданды және Қазақстан үкіметі көмек көрсету жөніндегі өз саясатын орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада өңірлік және жаһандық дамудың фасилитаторы ретінде әрекет ету ниетіне сәйкес келтірді.

Қазақстан адам құқықтары жөніндегі көптеген халықаралық конвенциялардың, шарттар мен хаттамалардың қатысушысы болып табылады. Қазақстанның жаңа басшылығы БҰҰ-ның құқық қорғау механизмдерімен айтылған ұсынымдарға көптеген жағынан жауап беретін бірқатар бастамалар туралы мәлімдеді. Бұған екі отырысы 2019 жылдың қыркүйек және желтоқсан айларында өткен Ұлттық

<sup>12</sup> <http://www.astanacivilservicehub.org/en/>

<sup>13</sup> <https://www.iom.int/almaty-process>

<sup>14</sup> <http://cesdrr.org/en/page/>

<sup>15</sup> <http://unohrlls.org/about-llcds/programme-of-action/>

қоғамдық сенім кеңесін құру, «естітін мемлекет» деп аталатын тұжырымдаманы енгізу, азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын әзірлеу, бейбіт жиналыстарды реттейтін және жыныстық зорлық-зомбылыққа қатысты заңнамаға өзгерістер енгізу, саяси партиялар мен коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу рәсімін жеңілдету, жала жабу қылмыстылығын жою, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге (өлім жазасын жоюға бағытталған) 2-ші Факультативтік хаттамаға қосылу, сондай-ақ экономикалық ынталандырмалар (2020 жылғы 1 қаңтардан бастап әрекет ететін шағын кәсіпкерлік объектілері үшін салықтар төлеуден босату) кіреді.

БҰҰ-ның құқық қорғау механизмдерімен белсенді өзара іс-қимыл байқалады. Үкімет Адам құқықтары саласындағы 2017-2020 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын және мүгедектігі бар адамдар, АИТВ-мен өмір сүретін адамдар, мигранттар және басқалар сияқты халықтың неғұрлым осал топтарының құқықтарын қорғауға ерекше назар аударылатын басқа да бағдарламалық құжаттарды қабылдады. 2019 жылы Қазақстанда экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитетке шолу жүргізілді, Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі комитеттің 5-ші кезеңдік шолуы және Әмбебап кезеңдік шолудың 3-ші циклі (ӘКШ), Бейжің декларациясын іске асырудағы прогрестің ұлттық және өңірлік шолулары және оларды қабылдаудың 25 жылдық мерейтойы шеңберіндегі іс-қимылдар Тұғырнамасы аяқталды. 2019 жылы Қазақстан терроризмге қарсы күрес жағдайында адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын көтермелеу және қорғау туралы мәселе бойынша арнайы баяндамашыны қабылдады. 2009 жылы Қазақстан арнайы рәсімдер мандатарларына тұрақты шақыру жіберді және Адам құқықтары жөніндегі комитеттің, Азаптауларға қарсы комитеттің, Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитеттің және Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі комитеттің Қазақстанның юрисдикциясындағы адамдардың жеке хабарламаларын қарау құзыретін мойындады. Үкімет бірқатар ұсынымдарды (азаптаулардың алдын алу, қылмыстық сот төрелігі және т.б.) орындау нәтижесінде айтарлықтай қадамдар жасады. Алайда, басқа ұсынымдарға қатысты, атап айтқанда, БҰҰ-ның шарттық органдарының жеке хабарламаларға байланысты пайымдауларына қатысты іс-қимылдарын қоса алғанда, әлі де көп нәрсе істеу қажет.

### 1.3. ТДМ қол жеткізудегі прогресс

Қазақстан Үкіметі ТДМ іске асырылуын қадағалау үшін жоғары деңгейдегі институционалдық тетікті құрды. Премьер-Министр орынбасарының төрағалығымен ТДМ-нің 5 негізгі бағыты бойынша бес мекемеаралық жұмыс тобын (Адамдар, Планета, Өркендеу, Бейбітшілік және Әріптестік) қамтитын тұрақты даму саласындағы мақсаттар бойынша Үйлестіру кеңесі құрылды, олардың әрқайсысының жұмысына азаматтық қоғам, жеке сектор және басқа да мүдделі тараптардың өкілдері қатысады, ал төрағалары тиісті министрлер болып табылады. Ұлттық экономика министрлігі хатшылықтың функцияларын орындай отырып, сараптамалық және талдамалық қолдау көрсететін Экономикалық зерттеулер институты АҚ қолдауымен Кеңестің үйлестіруші органы болып табылады.

ТДМ көрсеткіштерін ұлттандыру процесі басталды. Мониторинг үшін барлығы 297 көрсеткіш енгізілді: 163 жаһандық көрсеткіш өзгеріссіз қабылданды; 58 жаһандық көрсеткіш шамалы өзгерістермен енгізілді; сондай-ақ 41 баламалы/жанама көрсеткіш бекітілді және 35 ұлттық көрсеткіш қосылды<sup>16</sup>. Сонымен бірге, Қазақстан жынысы, жасы, нәсілдік және этникалық қатыстылығы, табысы, көші-қон мәртебесі, мүгедектіктің болуы, географиялық жағдайы және ұлттық контекстте өзекті басқа да сипаттамалары

<sup>16</sup> Ерікті ұлттық шолу, Қазақстан (2019)

бойынша бөлінген сапалы, уақтылы және сенімді деректердің қолжетімділігін жақсартуға назар аударуы керек. Сонымен бірге, ТДМ мақсаттарын ұлттандыру процесін әлі де аяқтау керек, бұл одан әрі кең консультациялар мен саяси шешімдер қабылдауды талап етеді. 2019 жылғы шілдеде БҰҰ-ның жоғары деңгейдегі Саяси форумында ұсынылған Қазақстанның ерікті ұлттық шолуында барлық 17 ТДМ-ге талдау жасалады және Қазақстан Үкіметі мақсаттарды іске асыру үшін қабылдауға ниеттенген одан арғы қадамдар талқыланады, олардың ішінде ТДМ-нің 2030 жылға дейінгі базалық және болжамды көрсеткіштерін нақтылау; ТДМ көрсеткіштері бойынша мониторинг және есептілік жүйесін құру; ұлттық басымдықтар мен «ешкім назардан тыс қалмауы тиіс» қағидатын ескере отырып, ТДМ-нің міндеттері мен көрсеткіштерін ұлттандыру процесін аяқтау; ТДМ мақсаттарымен және көрсеткіштерімен бюджеттік жоспарлау процесін келісу<sup>17</sup>.

2019 жылғы Тұрақты даму туралы баяндамаға сәйкес<sup>18</sup> Қазақстан 2019 жылғы ТДМ индексіне 162 елдің ішінде 77-орында, яғни Түркия мен Мексика ЭЫДҰ-ға мүше елдерден сәл жоғары. Қазақстанның жаһандық индекстегі көрсеткіші 68,7%-ды құрайды, бұл 70,4% (Шығыс Еуропа және Орталық Азия) орташа өңірлік көрсеткіштен 2,4%-ға төмен. 2020 жылғы Гендерлік алшақтықтың жаһандық индексіне Қазақстан 153 елдің ішінде 72-орында тұр, бұл «Саяси құқықтар мен мүмкіндіктердің кеңеюі» (106) және «Денсаулық және аман қалу» (75) қосалқы индекстерінің төмен рейтингін көрсетеді. 2019 жылдан бастап Қазақстан 12 пункт жоғалтып, 60-шы позициядан түсіп қалды<sup>19</sup>.

Маңызды өңірлік айырмашылықтар теңсіздіктерді жою үшін елеулі проблемалар туғызады, бұл бірқатар ТДМ-ге қол жеткізу үшін қажет. 2016 жылғы Адами даму туралы ұлттық баяндамаға сәйкес Қазақстан тұрақты даму саласындағы алты негізгі сын-қатермен бетпе-бет келеді: 1) өңірлер арасындағы теңсіздіктің жоғары деңгейі (10 ТДМ); 2) инновациялар мен инфрақұрылымның әркелкі дамуы (9 ТДМ); 3) өсудің, өнімділіктің және жұмыспен қамтудың әркелкі деңгейлері (8 ТДМ); 4) денсаулық сақтау және денсаулық сақтауға қол жеткізу саласындағы өңірлік айырмашылықтар (3 ТДМ); 5) білім беру деңгейіндегі айырмашылықтар (4 ТДМ); 6) гендерлік теңсіздік (5 ТДМ).

Қазақстанда кедейлік шегінен төмен тұратын халықтың үлесі салыстырмалы түрде өзгермейтініне қарамастан, қалалық және ауылдық жерлердегі кедейлік деңгейлері арасындағы алшақтық сақталуда, бұл ретте ауылдық жерлердегі кедейлік деңгейі қалалыққа қарағанда 2,7 есе жоғары<sup>20</sup>.

Сондай-ақ, осалдық факторларының арасында - *орналасқан жері* (өңір)<sup>21</sup> және *қызметтерге қолжетімділік* (энергиямен жабдықтау, су, денсаулық сақтау және т.б.), *гендер*, *үй шаруашылығының кірісі/құрамы*, *жасы*, *мүмкіндіктерінің шектеулігі*, *гендерлік сәйкестілік*<sup>22</sup>. Осыған сүйене отырып,

<sup>17</sup> Ерікті ұлттық шолу, Қазақстан (2019)

<sup>18</sup> 2019 жылғы Тұрақты даму туралы есеп

[https://s3.amazonaws.com/sustainabledevelopment.report/2019/2019\\_sustainable\\_development\\_report.pdf](https://s3.amazonaws.com/sustainabledevelopment.report/2019/2019_sustainable_development_report.pdf)

<sup>19</sup> Дүниежүзілік экономикалық форум, Жаһандық гендерлік алшақтық индексі, 2020 ж.

[http://www3.weforum.org/docs/WEF\\_GGGR\\_2020.pdf](http://www3.weforum.org/docs/WEF_GGGR_2020.pdf)

<sup>20</sup> Ерікті ұлттық шолу, Қазақстан (2019)

<sup>21</sup> 2016 жылғы Адами даму туралы ұлттық баяндамада тұрақты даму тұрғысынан өңірлердің 4 тобын бөлуге болады: көшбасшы болып табылатын Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстары (1-деңгей), одан кейін Қостанай, Қарағанды, Алматы және Ақмола облыстары (2-деңгей). 3-деңгейдегі өңірлер: Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Атырау және Жамбыл облыстары болып табылады.

Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары 4-деңгейдегі өңірлер болып табылады.

<sup>22</sup> Қазақстанның жалпы елдік талдауы (2019).



жеткілікті көмек алмайтын төрт және одан да көп баласы бар отбасылар, сондай-ақ бір ата-анасы бар толық емес отбасылар осал болып табылады; сондай-ақ өлім-жітім көрсеткіштерінің жақсаруына және білім деңгейінің жоғарылауына қарамастан, балалар, әсіресе мүгедектігі бар балалар, қызметтерге қол жеткізу тұрғысынан қолайсыз жағдайда. Салыстырмалы түрде кедей және газдалмаған аймақтардағы ауылдық жерлерде тұратын әйелдердің назардан тыс қалу қаупі жоғары. Сондай-ақ, мүгедектігі бар немесе АИТВ-мен өмір сүретін, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырайтын және жұмыссыз әйелдер де айтарлықтай тәуекелге ұшырайды. Мигранттар, оның ішінде балалары бар отбасылар, қызметтерге және әлеуметтік қорғауға қолжетімділігінің төмендігіне байланысты қауіп тобына жатады<sup>23</sup>.

Қазақстанда экономикалық, әлеуметтік және экологиялық проблемалар шын мәнінде өзара байланысты. Қазақстан түрлі қауіп-қатерлерге, атап айтқанда, су тасқынына, жер сілкіністеріне, төтенше температура мен мұздықтардың еруіне ұшырап, дүлей зілзалаларға алып келетін және адам құрбандары мен экономикалық шығындарға әкеп соқтырады. Төтенше температура мен құрғақшылық айтарлықтай экономикалық шығындарға алып келді және олардың әсері климаттың өзгеруіне байланысты өсуі мүмкін. Дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайту жөніндегі қазіргі ұлттық жоспарлар бұрынғысынша негізінен ден қоюға бағытталған және, әдетте, тәуекелдерді азайту, алдын алу және беру жөніндегі шараларға жеткілікті көңіл бөлмейді. Қоршаған орта проблемалары мен климаттың өзгеруі судың қолжетімділігі мен сапасының төмендеуіне, сондай-ақ ауыл шаруашылығын жүргізу әдістерін бейімдеу қажеттілігіне әкелуі мүмкін. Халықтың 42,1%-ы ауылдық жерлерде тұратынын назарға ала отырып, климаттың өзгеруінің әсері әлеуметтік мәтін астарына ие болуы мүмкін<sup>24</sup>. Ауыл халқы қатты биомасса мен көмірді тағам әзірлеу және үйлерді жылыту үшін пайдаланудан зардап шегеді. Атап айтқанда, үй шаруашылығында ауаның ластануына және ауыр пеш отынын тасу қажеттілігіне, сондай-ақ жарықтың болмауына байланысты әйелдердің денсаулығы мен қауіпсіздігі айтарлықтай қауіпке ұшырайды. Сонымен қатар, әйелдердің басым бөлігі заманауи жаңартылатын энергия көздерін өндірумен айналысатын салаларда ұсынылмаған.

Экономикалық өсу қарқыны шамалы деңгейде қалады, ал халық саны болжам бойынша өседі деп күтілетінін назарға ала отырып, әлеуметтік көмек көрсету үшін бюджеттік мүмкіндіктер неғұрлым шектеулі болуы мүмкін, ал елге «ешкім назардан тыс қалмауы» үшін неғұрлым күрделі саяси шаралар кешеніне жүгіну қажет болуы мүмкін.

---

<sup>23</sup> Қазақстанның жалпы елдік талдауы (2019).

<sup>24</sup> Қазақстанның жалпы елдік талдауы (2019).

#### 1.4. Олқылықтар мен сын-қатерлер

Соңғы жылдары Қазақстан дамудың барлық секторлары мен салаларында елеулі табыстарға қол жеткізді, Үкімет экономиканы қайта құрылымдауда, мемлекеттік басқару жүйесін реформалау және кешенді реформаларды нығайту үстінде. Бұл ретте ТДМ-ге қол жеткізумен байланысты өршіл ұлттық күн тәртібін іске асыру бәрін қамтитын міндет болып табылады және ол елеулі дәрежеде Қазақстан үкіметінің бірқатар тоғыспалы мәселелерді: *тұрақты дамуды қаржыландыруды, деректердің, мониторинг пен бағалаудың сенімді жүйелерін, барлық деңгейлерде әлеуметті тиімді өсіруді, мүдделі тараптарды неғұрлым белсенді тартуды және халықаралық ынтымақтастықты жалғастыруды қоса алғанда, саясаттың келісімділігін шешу қабілетіне байланысты*<sup>25</sup>.

Әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілердің теңгерімділігін қамтамасыз етуге бағытталған саясаттың келісімділігін арттыру елдің тұрақты дамуында прогреске қол жеткізу үшін маңызды мәнге ие. Осыған байланысты ұлттық саясаттар шеңберінде барлық үш аспектінің интеграциясы мен теңгерімділігін қамтамасыз ету қажет. Қазіргі уақытта ТДМ-нің экологиялық аспектісімен келісуді қамтамасыз етуде елеулі олқылықтар бар, атап айтқанда, 12 «Жауапты тұтыну және өндіріс» ТДМ, 13 «Климаттың өзгеруіне қарсы күрес» ТДМ, 14 «Теңіз экожүйелерін сақтау» ТДМ және 15 «Құрлық экожүйелерін сақтау» ТДМ бойынша қамтудың деңгейінің төмендігі анықталды<sup>26</sup>.

ТДМ-ге қол жеткізудегі тағы бір қауіп-қатер *тұрақты дамуды қаржыландыру болып табылады*. Даму мақсатында қолжетімді қаржыландырудың жалпы көлемі ЖІӨ-ге қатысты пайыздық қатынаста - 2010 жылғы 64%-дан 2018 жылы 39%-ға дейін айтарлықтай қысқарды<sup>27</sup>. Даму мақсатында жалпы қаржыландыру құрылымының өзінде халықаралық капиталға тәуелділіктен ішкі мемлекеттік кірістерді, негізінен салық түсімдерін көбірек пайдалануға көшумен де өзгерістер болды. Қазақстанға 2050 жылға дейінгі Стратегия мен ТДМ-ді іске асыру үшін ресурстарға деген қажеттіліктің және оларды стратегиялық бөлудің ұзақ мерзімді айқын пайымы қажет. Атап айтқанда, бұған мемлекеттік және жеке қорлар үшін белгіленген нысаналы қаржыландыру көрсеткіштері бар қаржыландырудың кешенді стратегиясы ықпал етуі мүмкін. Ұлттық бюджетте «Планета» **(7, 12, 13, 14, 15 ТДМ)** негізгі бағытына жататын бірқатар ТДМ-ді неғұрлым толық есепке алуды қамтамасыз ету, сондай-ақ 5 «Гендерлік теңдік» ТДМ және 10 «Теңсіздікті қысқарту» ТДМ ұлттық басымдықтар мен барлық мақсаттарға қол жеткізуді жеделдете алатын неғұрлым мақсатты іс-шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік берер еді<sup>28</sup>. Гендерлік аспект призмасы арқылы ТДМ міндеттері мен көрсеткіштерімен бюджеттік жоспарлауды үйлестіру ТДМ ұлттандыру процесіндегі басымдықтардың бірі болып табылады, сондықтан өз міндеттемелерін орындау үшін 2030 жылға қарай Үкімет ТДМ-нің ұлттандырылған көрсеткіштерін мемлекеттік жоспарлау жүйесіне және бюджеттік процестерге интеграциялауды жеделдетуі қажет.

<sup>25</sup> ЭЫДҰ (2018). Қазақстанды реформалау: Прогресс, қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктер, <https://www.oecd.org/eurasia/countries/OECD-Eurasia-Reforming-Kazakhstan-EN.pdf>

<sup>26</sup> Жылдам кешенді бағалау (RIA)

<sup>27</sup> АДБ, БҰҰДБ (2019). Даму мақсатында қаржыландыруды бағалау, Қазақстан.

<sup>28</sup> АДБ, БҰҰДБ (2019). Тұрақты дамудың ұлттық мақсаттарын іске асыру. Қазақстанның ұлттық бюджетін жедел кешенді бағалау (RIA)

*Бөлінген деректерге қол жеткізу* кең қатысуға негізделген және адами әлеуетті дамыту мүмкіндіктеріне, табыс деңгейіне және өңірлер арасында қол жеткізу бойынша теңсіздікті қысқартуға, гендерлік теңдікке қол жеткізуге, әлеуметтік ұтқырлықты арттыруға және әлеуметтік шиеленісті әлсіретуге бағытталған саясатты жетілдіру жолындағы басты тосқауыл болып қала береді. Кейбір көрсеткіштер бойынша әдіснаманың болмауы, мемлекеттік лауазымды тұлғалардың әлеуетін нығайту, сондай-ақ деректерді жеткізушілер ретінде қызмет ететін мемлекеттік органдармен үйлестіру мен ынтымақтастықты жақсарту қажеттілігі ТДМ көрсеткіштерін интеграциялау үшін қажетті деректердің қолжетімділігін айқындау мақсатында Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті 2018 жылы жүргізген талдау барысында анықталған негізгі проблемалардың бірі болып табылады. 10 «Теңсіздікті қысқарту» ТДМ, 12 «Жауапты тұтыну және өндіріс» ТДМ және 14 «Теңіз экожүйелерін сақтау» ТДМ қатысты деректер әлі де қолжетімді емес.

Қазақстан гендерлік статистика және көрсеткіштер, жыныс белгісі бойынша бөлінген сенімді деректер бойынша мамандандырылған басқармасы бар Орталық Азиядағы жалғыз ел болып табылатынына қарамастан, барлық секторларда гендерлік теңдік саласындағы прогрестің мониторингін толыққанды жүзеге асыру үшін бұрынғысынша жеткіліксіз, бұл ретте гендерлік аспектілерді ескеретін ақпарат пен деректерді үйлестіру мемлекеттік органдар арасында жеткілікті күшті емес болып табылады<sup>29</sup>. Бөлінген деректердің жеткіліксіздігінен басқа, нәтижелерге бағдарланған ТДМ іске асыру мониторингі едәуір дәрежеде ТДМ мақсаттары үшін даму саласындағы ұлттық күн тәртібінде белгіленген көрсеткіштердің болмауымен және олардың ұлттық жоспарлау жүйесіне интеграциялануымен күрделене түседі.

ТДМ-нің жан-жақты өсуін және уақтылы қол жеткізілуін қамтамасыз етуге тиіс дәйекті және өзара толықтыратын гендерлік сезімтал саясатты жүзеге асыру үшін әлеуетті өсіру жеткілікті ресурстар бөлуді және *мемлекеттік басқарудың тиімділігін* арттыруды талап етеді. Шешімдер қабылдау процесін орталықсыздандыру деңгейінің жеткіліксіздігі өңірлік және жергілікті билік органдарының жергілікті қажеттіліктерге тез және тиімді ден қою қабілетіне кедергі келтіреді. Осыған байланысты аймақтық және жергілікті басқару деңгейіндегі есептіліктің төмен деңгейі бұрыннан қалыптасқан тиімсіз практика мен басқаруды өзгертуді қиындатады. Сыбайлас жемқорлық пен есептіліктің төмендігіне байланысты ашықтық проблемаларын шешу әлеуметтік интеграция мен экономикалық қатысу тұрғысынан қажетті нәтижеге қол жету үшін, сондай-ақ ТДМ-ге қол жеткізу үшін жеке ресурстарды тарту үшін қосымша күш-жігерді талап етеді. Көлденең үйлестірудің әлсіз механизмдері өңірлер арасында үлкен тиімділікке қол жеткізуге және озық тәжірибе мен бастамаларды таратуға кедергі келтіреді, бұл әсіресе экономиканы әртараптандыру (ШОБ), инновациялар мен зерттеулер, гендерлік және отбасылық саясат, жаңартылатын энергия көздері және «жасыл» өсу сияқты бірқатар ұлттық реформаларды жүргізу үшін қажет.

---

<sup>29</sup> АДБ (2018 ж.) Елдік гендерлік бағалау, Қазақстан.

## 2-ТАРАУ: 2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ БҰҰ-НЫҢ ДАМУ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАУ

### 2.1. Өзгерістер теориясы

2030 жылға дейінгі күн тәртібі елдер арасында және елдер ішінде «теңдік пен кемсітпеушілікке деген жалпыға бірдей құрмет қамтамасыз етілетін бейбітшілікті», оның ішінде гендерлік теңдікті ескере отырып және барлық мемлекеттердің «нәсіліне, терісінің түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе өзге де нанымдарына, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүліктік жағдайына, туған жеріне, мүгедектігіне немесе өзге де мәртебесіне қатысты қандай да бір айырмашылықсыз адам құқықтарын құрметтеу, қорғау және көтермелеу» міндеттемелерін растай отырып, ешкімді ұмытпауға ұмтылады. Сонымен қатар, неғұрлым осал топтарды қоса алғанда, бүкіл халықтың белсенді қатысуымен ТДМ-ге қол жеткізуді қамтамасыз ету қажет. Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу адам құқықтарымен тығыз байланысты барлық адамдардың құқықтары мен мүмкіндіктерін, интеграциясы мен теңдігін қамтамасыз етуге байланысты.

Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы адам құқықтарын және Қазақстандағы барлық адамдардың, соның ішінде Жалпы елдік талдау шеңберінде назардан тыс қалу қаупі жоғары ретінде анықталған адамдардың: мүгедектігі бар балаларды қоса алғанда мүгедектігі бар адамдардың; есірткі қолданатын адамдардың, инъекциялық есірткі қолданатын адамдардың, АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың, ерлермен жыныстық қатынаста болатын ер адамдардың, трансгендерлік адамдардың, секс-қызметкерлердің; қамауда отырған адамдардың; мигранттардың; адам саудасы құрбандарының; гендерлік зорлық-зомбылықтың құрбандары болған әйелдер мен балалардың; мамандандырылған мекемелердегі немесе ата-аналарынан бөлек тұратын балалардың; созылмалы аурулары бар жасөспірімдердің; ауылдық және шалғайдағы және/немесе экономикалық қолайсыз аудандарда тұратын әйелдердің, балалардың, жасөспірімдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуді қамтиды<sup>30</sup>.

Адами және әлеуметтік капиталды дамыту теориясына негізделген Әріптестіктің негіздемелік бағдарламасындағы өзгерістер теориясы (1-сурет) *инклюзивті экономикалық өсу мен экологиялық тұрақтылыққа қол жеткізу Қазақстандағы барлық адамдардың - әйелдердің, ерлердің, жастардың, қарт адамдардың, мүгедектігі бар адамдардың және басқалардың, оның ішінде халықтың осал топтарының - қоғамның экономикалық, саяси және әлеуметтік жаңғыртылуына қатысуын талап ететінін атап көрсетеді.*

*Ресурстарды тұрақты пайдалану негізінде инклюзивтік өсуге жәрдемдесу үшін білімі мен дағдылары бар адами капиталды дамыту үшін сапалы әлеуметтік қызметтерге (білім беру және денсаулық сақтау) инклюзивтік қолжетімділікті қамтамасыз ету, адам құқықтарын қорғау, гендерлік теңдікке қол жеткізу және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту, өмір сүруге және жұмыспен қамтуға және таза қоршаған ортаға қол жеткізуді жақсарту арқылы адами әлеуметті дамыту және тең құқықты қатысу жолындағы кедергілерді жою талап етіледі.*

Бұл үшін *тиімді және инклюзивті мекемелермен адал басқаруға қол жеткізу адам құқықтарын қорғауды, құқық үстемдігін қамтамасыз ету және кең қатысу негізінде шешімдер қабылдау арқылы адам әлеуетін дамытуға, экономикалық өнімділік пен экологиялық тұрақтылықты арттыруға ықпал ететін қолайлы жағдайлар жасау үшін негізгі шарттардың бірі болып табылады.*

<sup>30</sup> Қазақстанның жалпы елдік талдауы (2019).

## Гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту саласындағы өзгерістер теориясы

**Егер** гендерлік теңсіздікті болдырмау және жою үкіметтің айқын мақсаты болып табылса және іске асырылуы қадағаланатын тиімді саясат пен бюджеттер болса, **онда** гендерлік теңдік барлық деңгейлердегі бағдарламаларға, жоспарларға және институционалдық практикаға біртіндеп енгізіледі, бұл олардың нақты гендерлік қажеттіліктерге жақсы ден қоюға әкеледі.

**Егер** үкімет (ұлттық және жергілікті), денсаулық сақтау және білім беру жүйелері, қауіпсіздік және сот төрелігі секторы гендерлік проблемаларды көбірек ескерсе және әйелдердің толық және тең қатысуына ықпал етсе және әлеуметтік нормалардың өзгеруі гендерлік теңдік тұжырымдамасы мен практикасын қорғаса, **онда** әйелдер мен қыздар зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктен, олардың балалары болсын ба, болмасын ба және қашан екенін бақылаудан еркіндікте өмір сүреді және дұрыс таңдау жасау, өз құқықтарын іздестіру және қорғау үшін білімі мен дағдыларына ие болады.

**Егер** институттар инклюзивті болса және гендерлік проблемаларды ескеретін болса, бұл ретте есеп беруді қамтамасыз етудің күшті тетіктері бар болса, және әйелдердің іс-қимыл еркіндігі мен дербестігі, сондай-ақ олардың өміріне әсер ететін шешімдер қабылдау кезінде толық және тең дауыс беру құқығы болса, **онда** әйелдер мен ер адамдар үй шаруашылығынан бастап, экономикалық, саяси және әлеуметтік салаларда барлық деңгейлерде шешім қабылдауда тең болады.

**Егер** әйелдер мен ерлер барлық деңгейлерде шешім қабылдауда тең болса және әйелдер өз құқықтарын белсенді түрде қорғаса, **онда** қоғамда ерлер мен әйелдер арасындағы күштердің теңдестірілген қарым-қатынасы болады, бұл әйелдер мен қыздар үшін барлық түпкілікті нәтижелерді жақсартуға көмектеседі.

Сонымен қатар, **егер** әйелдердің жаңа энергия көздері мен экономикалық ресурстарға тең қолжетімділігі мен билік ету мүмкіндігі болса және олар климаттың өзгеруіне және басқа да күйзелістер мен жаһандық қауіп-қатерлерге төзімді болса, **онда** әйелдер өздерінің тең қатысуын толық көлемде іске асыра алады, бұл инклюзивті экономикалық өсуге және Қазақстандағы барлық халық үшін неғұрлым жоғары өмір сүру деңгейіне қол жеткізуге ықпал етеді.

Өзгерістер теориясы адамдар, оның ішінде назардан тыс қалу қаупі жоғары адамдар қойылған мақсаттарға қол жеткізе алуы үшін экономикалық жағдайларды жақсартуға ғана емес, сонымен қатар адамдарға дауыс құқығын және даму саласында жеке шешімдерін және саясатын қалыптастыруда белсенді қатысушылар болу мүмкіндігін бере отырып, олардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуді мойындауға негізделетін ТДМ-нің түрлендіргіш мәнін ескереді. Ол сондай-ақ мемлекеттің заңдарды, саясатты, практиканы, әлеуметтік нормалар мен билікпен қатынастарды өзгерту арқылы тиімді және инклюзивті институттарды құрудағы міндеттемелердің негізгі кепілі ретіндегі рөлін олар әр адам тең қадір-қасиет пен еркіндік жағдайында өркендей алатындай адам құқықтары мен гендерлік теңдікті көп дәрежеде ескеретіндей атап көрсетеді.


# 1-сурет. Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының өзгеру теориясы

Қазақстанның 2050 жылға дейінгі Тұрақты даму тұжырымдамасы

2025 жылға дейінгі Стратегиялық жоспар:

ЭЫДҰ елдерінің деңгейіне адамдардың әл-ауқатын арттыруға алып келетін және бизнес пен адами капиталдың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, технологиялық жаңғыртуға, институционалдық ортаны жетілдіруге, сондай-ақ адамның табиғатқа теріс әсерін барынша азайтуға негізделген экономиканың сапалы және тұрақты көтерілуіне қол жеткізу.

БҰҰ-ның 2021-2025 жылдарға арналған Тұрақты даму мақсатындағы Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы: өзгерістер теориясы



## 2.2. Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы үшін стратегиялық басымдықтар

*Адамның қадір-қасиеті мақсатына жете ме екенімен емес, оған қандай жолмен келе жатқанымен анықталады... (Абай Құнанбаев)*

*Мақсатымыз – айқын, жолымыз – ашық ...*

*(Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан, 2019 жылғы 2 қыркүйек)*

Әріптестіктің алдыңғы негіздемелік бағдарламасының (ДӘНБ 2016-2020) қолданылу кезеңінде БҰҰ агенттіктері әріптестермен бірлесіп, ана мен жаңа туған нәрестелердің денсаулығын қорғауға, балалар мен жастарға достық әлеуметтік қызметтерге қол жеткізу және аса кедейлік проблемаларын шешу үшін әлеуметтік қорғау жүйесін дамыту сияқты назардан тыс қалу қаупіне тап болуы мүмкін адамдар үшін базалық мүмкіндіктерді дамытуда елеулі нәтижелерге қол жеткізді. Негізгі мүмкіндіктерге қол жеткізу тең емес және мұндай адамдарды анықтау және олардың

қажеттіліктерін қанағаттандыру өте маңызды болып қала беретін адамдар әлі де бар екендігіне қарамастан, Ынтымақтастықтың жаңа бағдарламасы перспективалы болуы керек және 21 ғасырдағы теңсіздіктердің жаңа көріністерін ескеруі керек, олар «табыс деңгейі мен бүгінгі күннің орташа көрсеткіштерінен асып түседі»<sup>31</sup>. Біз Қазақстанның өршіл күн тәртібіне және Тұрақты дамудың ұлттандырылған мақсаттарына қол жеткізу көбінесе теңсіздікті қысқартумен, *гендерлік теңдікті қамтамасыз етумен және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтумен және кедейлік ауқымын қысқартумен байланысты климаттың өзгеруі және технологиялық өзгерістер сияқты жаңа қауіп-қатерлерді шешудегі бірлескен табысымызға байланысты деп санаймыз (13, 10, 1 және 5 ТДМ)*. Климаттық дағдарыс халықтың ең кедей және осал топтарына әсер ететіндіктен, адамдардың бүтіндей топтары технологиялық прогрестен тыс қалуы мүмкін. Қазақстанда барлық адамдардың (әйелдердің, ерлердің, балалар мен қарт адамдардың, бинарлы емес гендерлік сәйкестілігі бар адамдардың) тең дамуына жәрдемдесу үшін біз өз қызметімізді бүгінгі күні адамдарға жаңа қауіп-қатерлерді шешу үшін қажетті және оларға қазір өмірде неғұрлым кең таңдау алуға көмектесетін және болашақ ұрпақ үшін жақсы перспективалар жасайтын мүмкіндіктерді кеңейтуге шоғырландыруға ниеттіміз.

Тек экономикалық өсу елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ете алмайды, сонымен бірге әлеуметтік және саяси құқықтарды кеңейту қажет. Үкімет *адам құқықтарын қорғауға негізделген теңсіздікті азайту жөніндегі жақсы үйлестірілген, негізделген және мақсатты мемлекеттік шараларды жақсартуды жалғастырады*. Алайда, азаматтық қоғам, жеке сектор және басқа да қатысушылар адам дамуының әлеуетін және қазіргі уақытта қатысудан шығарылған немесе қатысуда кедергілерге тап болатындардың жеткіліксіз пайдаланылатын қабілеттерін алға жылжытуда маңызды рөл атқарады. Олардың ішінде – елдің тұрақты дамуы мүддесіндегі қозғаушы күш рөлі Қазақстанның қазіргі саяси күн тәртібінде тануды және барынша мұқият назар аударуды талап ететін әйелдер.

Бұл үшін, атап айтқанда, *құқық үстемдігін, инклюзивті және есеп беретін институттарды, сыбайлас жемқорлықты жоюды және адам құқықтарын, гендерлік теңдікті және*

<sup>31</sup> БҰҰДБ. Адам дамуы туралы есеп 2019 ж. Табыс деңгейі мен бүгінгі күннің орташа көрсеткіштерінен тыс: XXI ғасырдағы адам дамуындағы теңсіздік

*теңсіздіктің барлық нысандарын қысқартуды* ескеретін дәйекті саясатты көздейтін мемлекеттік басқарудың жоғары сапасын қамтамасыз ету **(16 ТДМ)** Қазақстанда тұратын адамдардың, оның ішінде елдегі әлеуметтік, саяси және экономикалық өзгерістерге қатысу үшін неғұрлым осал топтардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту үшін маңызды алғышарт болып табылады.

ТДМ-ді ұлттандыру процесінде Үкіметтің басшылық рөлі кезінде БҰҰ өзінің салыстырмалы артықшылықтарын барлық секторлардың қатысуын шоғырландыру және ТДМ **(17 ТДМ)** шеңберінде волонтерлерді тартуды қоса алғанда, *мүдделі тараптардың неғұрлым кең ауқымының күш-жігерін тиімді үйлестіру* және көптеген мүдделі тараптардың қатысуымен ерлерге, әйелдерге, жастарға, қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға және қоғамның маргиналданған мүшелеріне ТДМ-ге қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ететін жан-жақты диалогты жолға қою үшін ұйымдастырушы ретінде пайдаланатын болады.

Біз *теңсіздіктерді қысқартуды (кез келген көріністе), гендерлік теңдікке қол жеткізуді және климаттың өзгеруіне орнықтылықты, қатысу үшін қауіпсіздік пен демократиялық кеңістікті қамтамасыз ететін тиімді институттарды нығайтуды,* сондай-ақ барлық тақырыптық салаларда белгіленген нәтижелерге қол жеткізуге **ықпал ететін факторлар** ретінде *мақсаттарға қол жеткізу үшін тиімді әріптестік байланыстарды жолға қоюды* қарастырамыз. Біз осы стратегиялық басымдықтарды *өтпелі мәселелер* ретінде есепке алу Қазақстан халқын, оның ішінде ең аз қамтылған және маргиналданған топтарды қолдауды шоғырландырады және халық пен елдің одан әрі өркендеуіне қол жеткізу үшін Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасында бірлесіп жұмыс істеу мақсатында мүдделі тараптардың кең ауқымымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді деп күтеміз.

Қазақстанның қазіргі қоғамындағы теңсіздіктің жас, жыныс, орналасқан жері, мүгедектік, кедейлік ықтималдығы және басқа белгілері бойынша тамырлануына ықпал ететін түбегейлі себептер мен құрылымдық кедергілерді жоя отырып, біз ұзақ мерзімді адами даму мен экономикалық өсудің маңызды алғышарттары - *инклюзивтік және тұрақты қоғамды (16 ТДМ)* қалыптастыруға және *қауымдар мен адамдардың тұрақтылығына (16 және 13 ТДМ)* үлес қосуға ниеттіміз.

### 2.3. Даму саласындағы күтілетін нәтижелер

Қазақстандағы БҰҰ жүйесі елдің Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге бейілділігін берік қолдайды. Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасын іске асыру үшін үкіметпен, азаматтық қоғаммен, жеке сектормен, ғылыми орталармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен және басқа да әріптестермен ынтымақтастықты нығайту *адам құқықтарына және инклюзивті ұлттық диалогқа, гендерлік теңдікке, ешкімді назарсыз қалдырмауға зейін қоя отырып, барлық адамдардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге және күшейтілген өңірлік әріптестікке негізделген экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғырту арқылы дені сау және білімді халқы, жасыл экономикасы және тұрақты ауыл шаруашылығы, гүлденген бизнесі және барлығы үшін кепіл берілген адам құқықтары бар болашақ Қазақстанға қол жеткізуге жәрдемдесу үшін БҰҰ-ның Елдік командасының миссиясын басшылыққа алады.*



БҰҰ-ның Жалпы елдік бағалауы мен көпжақты консультациялар барысында анықталғандай, біз өзара байланысты болып табылатын және басқа мақсаттарға қол жеткізуді күшейте алатын Қазақстан-2050 Стратегиясында айқындалған ұлттық басымдықтар шеңберінде Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасында бірнеше ТДМ-ге және міндеттерге назар аударуға ниеттіміз.

Бұған дейін Қазақстан *білім беру саласындағы теңсіздікті* экономикалық өсудің катализаторы ретінде қысқарту жөнінде міндет қойған болатын. Жаңа жаһандық қауіп-қатерлер пайда болды: жоғары білім және жоғары жылдамдықты ақпарат беру арналарына қол жеткізу «енді табысты бәсекелестік пен белгілі бір топқа тиесілдік үшін, әсіресе білімге негізделген экономика жағдайында, байланыс құралдары мен Интернетке шығу құралдары бар білімді жастардың саны өсіп келе жатқан кезде, одан әрі даму мүмкіндігінсіз бір деңгейде тұрып қалады»<sup>32</sup>. Үкіметтің ғылымға, технологияларға және инновацияларға қол жеткізуді кеңейту жөніндегі бастамалары **(17.6 және 17.7 ТДМ) формалды және формалды емес білім берудің** жаңғыртылған және икемді мүмкіндіктеріне қолжетімділікті кеңейтуге **(4.2, 4.3 және 4.4 ТДМ)**, білім алумен және кәсіптік даярлықпен қамтылмаған жастар **(8.6 ТДМ)**, ересек мүгедектер, мигранттар, ауыл әйелдері және шеттетілу тәуекеліне ұшырауы мүмкін басқа да адамдар **(4.5. ТДМ)** сияқты халықтың неғұрлым осал топтары үшін цифрлық сауаттылықты қоса алғанда, *кәсіптік-техникалық дағдыларды дамытуға (ТДМ 4.2, 4.3 және 4.5.) бағытталған шаралармен толықтырылатын болады.* Осы нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізудегі прогресс жастарды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету саясатын тиімді іске асырумен бірге **(8b ТДМ)** 8 ТДМ - Лайықты жұмыс пен экономикалық өсуді **(8.1 және 8.2 ТДМ)** іске асыруды жеделдетуі мүмкін және кедейлікті **(1.1 және 1.2 ТДМ)** және гендерлік және өңірлік теңсіздікті **(5.1 ТДМ және 10.1 ТДМ)** жоюға байланысты нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуге оң әсер етеді. Сонымен бірге, салауатты және тұрақты өмір салты, адам құқықтары және гендерлік теңдік, төзімділік, бейзорлық, бейбітшілік мәдениеті және жаһандық азаматтық **(4.7 ТДМ)** сияқты тұрақты дамуға жәрдемдесу үшін қажетті білім мен дағдыларды нығайта отырып, біз денсаулық сақтау саласындағы бірқатар мақсаттарға **(3.3, 3.4 және 3.6 ТДМ)** және гендерлік теңдікке, гендерлік зорлық-зомбылықтың барлық нысандарын жоюға, бейбітшілік пен қауіпсіздікке **(5.2, 5.3 және 5.6, 16.1 және 16.2 ТДМ)** байланысты мақсаттарға қол жеткізуді жылдамдататын құндылықтардағы және қимыл-әрекет сын бейнесіндегі оң өзгерістерге жәрдемдесуге ұмтыламыз.

Қазақстанда халықтың неғұрлым осал топтары үшін *денсаулық сақтау қызметтерімен жалпыға бірдей қамтуға қол жеткізу (3.8 ТДМ)* үшін күш-жігерді қабылдай отырып, біз 3 Жақсы денсаулық пен әл-ауқат ТДМ шеңберінде бірнеше міндеттерге қол жеткізу жеделдетіледі деп күтеміз. Ел ана мен бала өлім-жітімі көрсеткіштерін төмендетуде әсерлі нәтижелерге қол жеткізді, бұл денсаулық сақтау және гендерлік теңдік саласында жыныстық және репродуктивті денсаулық саласындағы қызметтерге қолжетімділікті жақсартуға қатысты бірқатар өзара байланысты мақсаттарға қол жеткізуге себепші болды **(3.7 және 5.6 ТДМ)**. 2016-2020 жылдарға арналған ДӘНБ шеңберінде бірқатар мүдделі тараптармен ынтымақтастығымыздың нәтижесінде қол жеткізілген нәтижелерге сүйене отырып, біз адамдарға емді жалғастыруға, салауатты өмін салтын сақтауға және әлеуметтік және экономикалық белсенді өмір сүруге көмектесу үшін *гендерлік аспектіні ескеретін медициналық және профилактикалық қызметтердің сапасын*

---

<sup>32</sup> БҰҰДБ. Адам дамуы туралы есеп 2019 ж. Табыс деңгейі мен бүгінгі күннің орташа көрсеткіштерінен тыс: XXI ғасырдағы адам дамуындағы теңсіздік

жақсарту жөніндегі **(3.4 ТДМ)** және есірткі қолданатын адамдар **(3.5 ТДМ)**, АИТВ-мен өмір сүретін, қауіп-қатерге ұшыраған немесе асқынған жұқпалы аурулардан зардап шегетін адамдар **(3.3 ТДМ)** сияқты халықтың неғұрлым маргинализацияланған топтары үшін инклюзивтік және қолжетімді қызметтерді қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастырамыз. Өз кезегінде, жұқпалы және жұқпалы емес аурулар **(3.4 ТДМ)** және денсаулық сақтау және алдын алу жөніндегі қызметтер саласында белгіленген нәтижелерге қол жеткізу білім беру, экономикалық даму және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту саласындағы міндеттерге қол жеткізуге оң әсер етуі тиіс және бұдан әрі теңсіздікті қысқартуға ықпал ететін болады. Қаржылық қауіптерден қорғауды қоса алғанда, медициналық қызмет көрсетуді жалпыға бірдей қамтуға қол жеткізу мақсатында сапалы негізгі медициналық қызметтерге және қауіпсіз, тиімді, сапалы және құны бойынша қолжетімді базалық дәрілік заттар мен вакциналарға қол жеткізуді қамтамасыз етуге жәрдем көрсетілетін болады. Мұндай тәсіл барлық мүдделі тараптардың үйлестірілген қатысуын және денсаулық сақтау қызметтеріне **(8.2 ТДМ)**, әсіресе көрсетілетін қызметтерді цифрландыру және электрондық денсаулық сақтау сияқты ауылдық қауымдар үшін қолжетімділікті жақсарту үшін инновациялық модельдерді пайдалануды талап етеді.

Лайықты жұмыс және экономикалық өсу - 8 ТДМ шеңберінде әртараптандыру, технологиялық жаңғырту және инновациялар **(8.2 ТДМ)** есебінен өнімділіктің неғұрлым жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін БҰҰ агенттіктері және олардың жеке сектордағы әріптестері, атап айтқанда, шағын және орта бизнес (ШОБ), азаматтық қоғам және мемлекеттік мекемелер лайықты жұмыс орындарын құру, жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және әйелдердің экономикалық құқықтары мен мүмкіндіктерін және ауыл жастары, үй шаруашылығы әйелдері басқаратын егде әйелдер, мигранттар мен мүгедектер сияқты халықтың неғұрлым осал топтарының мүмкіндіктерін кеңейту үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасау үшін жұмыс істейтін болады **(8.5, 8.3 ТДМ)**. Осы мақсатта біз 4 ТДМ шеңберінде сапалы білім беру бойынша іс-шараларды **(4.3 және 4.4 ТДМ)** жастардың жұмыспен қамтуға, білім беруге және кәсіптік даярлыққа қатысуы жөніндегі **8.6** мақсатқа, сондай-ақ әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге байланысты міндеттерге **(5 ТДМ)** қол жеткізумен байланыстыруды жоспарлап отырмыз. Жұмыс күшінің, әсіресе әйелдер мен жастардың біліктілігін арттыру және қайта оқыту үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін кәсіптік-техникалық білім беру және кәсіптік даярлау жүйелерін жаңғырту экономикалық дамуға және теңсіздіктерді төмендетуге айтарлықтай ықпал етуі мүмкін. Ауыл жастары мен әйелдер сияқты осал топтардың сапалы білім мен оқытуға қол жеткізуін жақсарту үшін заманауи технологияларды пайдалану және оқу материалдарының мазмұнын цифрландыру көтермеленетін болады.

Экономиканы әртараптандыру бұрынғысынша Негіздемелік бағдарлама нәтижелерінің басым саласы болады, бұл ретте экономикалық өсудің жаңа көздерін қамтамасыз ету және жұмыс орындарын құру мақсатында білім экономикасын дамытуға және адами капиталға инвестиция салуға көбірек көңіл бөлінеді **(8.5 және 8.9 ТДМ)**. Шағын және орта бизнестің жалпы өнеркәсіптегі үлесін ұлғайту **(9.3 ТДМ)** және цифрлық экономика мен білім, технологиялар мен білім, зерттеулер мен инновациялар экономикасын дамыту **(9b ТДМ)** ең қолайсыз өңірлерде экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне және оның өнімділігі мен орта және шағын бизнестің, оның ішінде агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақтылығына неғұрлым қолайсыз өңірлерде мультипликациялық оң әсер ету үшін синергияда қол жеткізілетін болады.

Бұдан басқа, біз күтім және үй жұмысы бойынша ақы төленбейтін еңбектің құндылығын және оның экономикаға қосқан үлесін тануға ұмтылатын боламыз (**5.4 ТДМ**). Мемлекеттік қызметтер көрсету, әлеуметтік қорғау саясатын жүргізу және ұлттық жағдайларға сәйкес отбасы мен үй шаруашылығында бірлескен жауапкершілікті көтермелеу арқылы біз әйелдердің толық және тиімді қатысуын қамтамасыз ете аламыз және оларға шешім қабылдаудың барлық деңгейлерінде басшылық ету үшін тең мүмкіндіктер жасай аламыз деп үміттенеміз (**5.5 ТДМ**). Сонымен қатар, біз әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылыққа ден қоюдың көп секторалдық тетігін нығайтуды жалғастырамыз және жыныс белгісі бойынша кемсідудің барлық нысандарын жоюға ұмтыламыз (**5.1 және 5.2 ТДМ**).

Энергетика адам дамуының қалыптасуында негізгі рөл атқарады. **7 ТДМ** көптеген ТДМ-мен байланысты және бүкіл әлеуметтік-экономикалық даму аясында мультипликациялық әсер береді. БҰҰ жүйесі әріптестермен бірге Үкіметке «жасыл экономикаға» көшу және көміртегі ізін 2025 жылға қарай 15%-ға дейін азайту жөніндегі міндеттемелерді орындауда қолдау көрсететін болады. *Арзан, сенімді және заманауи энергиямен жабдықтауға* жалпыға бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету (**7.1. ТДМ**) және *жаңартылатын көздерден және энергия тиімділігінен энергия үлесін* ұлғайту (**7.2 және 7.3. ТДМ**) ынтымақтастық шеңберінде басым нәтижелердің бірі болып қала береді және экономиканы әртараптандыру мен өсіру және барлық ерлер мен әйелдерді және Қазақстан халқының ең кедей және осал топтарын экономикалық ресурстарға тең құқықтармен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерге қол жеткізумен байланысты болады (**1.4. ТДМ**).

Экономикалық өнімділік және инклюзивті экономикалық өсуге қол жеткізу саласындағы міндеттерге қол жеткізу едәуір дәрежеде **15 ТДМ** Құрлық экожүйесі және **6 ТДМ** - Су ресурстары мен санитария шеңберіндегі біріккен іс-қимылдарға байланысты. Су ресурстарын тиімді басқару жөніндегі міндеттерге қол жеткізудегі прогресс (**6.3 және 6.4. ТДМ**) және экожүйелер мен биоалуантүрлілікті тұрақты пайдалану ауыл халқы, оның ішінде ұсақ фермерлер мен шағын агрокәсіпорындар мен экологиялық кәсіпорындардың (**5a ТДМ**) иелері үшін тұрақты табиғи ресурстарға қолжетімділікті кеңейту арқылы жұмыспен қамту (**8.9 ТДМ**), тұрақты ауыл шаруашылығы (**2.3 ТДМ**) және азық-түлік қауіпсіздігі (**2.2 ТДМ**) саласындағы міндеттермен байланысты болады.

Нұр-Сұлтан және Алматы сияқты қалаларға жылдам урбанизация және ішкі көші-қон шағын қалаларды қолдау арқылы қалалар арасындағы өсіп келе жатқан теңсіздік мәселесін шешуді талап етеді, бұл ретте инфрақұрылым мен қызметтерге қол жеткізудің нақты проблемаларына, сондай-ақ ауаның ластануы, атап айтқанда Нұр-Сұлтан сияқты ірі қалалардағы экологиялық проблемаларға назар аударады. Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасына сәйкес біз урбандалу мен көші-қонның өзара байланысты проблемаларын шешу мақсатында инклюзивтік және тұрақты урбандалуды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттердің нәтижелер кестесіне енгізу арқылы бірқатар ТДМ-ге қол жеткізуді жеделдетуге ниеттіміз (**11.3, 11a, 11b ТДМ**, сондай-ақ қауіпсіз көші-қонға жәрдемдесу жөніндегі **10.7** міндетімен байланысты). **11 ТДМ** Тұрақты қалалар мен елді мекендер шеңберіндегі осы міндеттерге баса назар аудару гендерлік теңдік, климаттың өзгеруіне төзімділік, тиімді институттар, демократиялық кеңістік сияқты өтпелі мәселелерді есепке алуды, барлық мүдделі тараптардың, оның ішінде халықтың неғұрлым кедей және маргиналданған топтарының ТДМ-ге (**17.16 ТДМ**) қол жеткізуіне қатысуын қамтамасыз ете алатын барынша жиынтық әсерге қол жеткізу үшін кең мүмкіндіктер ашады. Қазақстанға тиімді

демографиялық және көші-қон саясатын әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдесу Қазақстанның тұрақты даму мүддесінде саясаттың жалпы келісімділігін арттырудың неғұрлым кең нәтижесінің бөлігі болып табылады (**17.16 ТДМ**).

Ақыры, Планета бағыты бойынша тұрақты дамудың бірнеше мақсаттары шеңберінде міндеттерге қол жеткізу (**13, 6, 12 және 15 ТДМ**) Қазақстанға климаттың өзгеруіне қарсы күресте шаралар қабылдау және өңірдегі климаттық өзгерістерге төзімділікті арттыру жөніндегі міндеттемелерді тиімді орындауға, сондай-ақ қауымдар мен халықтың, оның ішінде неғұрлым экологиялық жағынан осал өңірлерде дүлей зілзалалар қаупін азайтуға және климаттың өзгеруіне бейімделуге бағытталған шараларды іске асыру жөніндегі мүмкіндіктерді кеңейтуге көмектесуге арналған (**13.1, 13.2, 2.4 ТДМ**). Елдегі қоршаған ортаны басқару тиімділігін арттыру бірнеше ТДМ (**3.9, 6.2, 6.5, 8.4, 9.4, 12.2 және 12.4 ТДМ**) міндеттеріне қол жеткізуді жеделдетеді деп күтілуде. Траншекаралық ынтымақтастықты нығайта отырып, біз су ресурстарын неғұрлым тиімді басқаруды қамтамасыз ету және пайдалану (**6.5, 6.4. ТДМ**), жер мен топырақты қалпына келтіру (**15.3 ТДМ**) және таулар мен ормандар сияқты сумен байланысты экожүйелерді қорғау және қалпына келтіру (**6.6, 15.1, 15.4, 15.2 ТДМ**) сияқты Орталық Азия үшін ортақ проблемаларды шешетін боламыз. Біз сондай-ақ табиғи ресурстарды неғұрлым тұрақты басқаруды қамтамасыз етуге және оларды тиімді пайдалануға жәрдемдесетін боламыз (**12.2 ТДМ**), бұл ауылдық қауымдардың, атап айтқанда, климаттың өзгеруінен туындаған әлеуметтік және экономикалық күйзелістерден барынша зардап шегетіндердің өміршеңдігін арттыруға мүмкіндік береді.

#### 2.4. Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының түпкілікті нәтижелері мен әріптестіктері

Көптеген мүдделі тараптардың қатысуымен консультациялар нәтижесінде үш Тақырыптық салада алты қорытынды нәтиже анықталды:

<b>Адамдар</b>	<b>Бейбітшілік</b>	<b>Өркендеу және Планета</b>
Адамның дамуы және тең қатысуы	Тиімді институттар, адам құқықтары және гендерлік теңдік	Инклюзивті экономикалық өсу және экологиялық тұрақтылық
<b>Түпкі нәтиже 1.1.</b> 2025 жылға қарай тиімді, инклюзивті және есеп беретін институттар Қазақстанда тұратын барлық адамдар, әсіресе ең осал топтар үшін «ешкім назардан тыс қалмауы тиіс» қағидатына сәйкес сапалы және әлеуметтік қызметтердің гендерлік аспектілерін ескеретін тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін болады;	<b>Түпкі нәтиже 2.1.</b> 2025 жылға қарай Қазақстанда адам құқықтарын қорғау және толық іске асыру, гендерлік теңдік және кемсітушіліктен, зорлық-зомбылықтан және қауіп-қатерден азат өмір, сондай-ақ шешімдер қабылдауға тең құқылы қатысу қамтамасыз етіледі;  <b>Түпкі нәтиже 2.2.</b> 2025 жылға қарай барлық деңгейдегі	<b>Түпкі нәтиже 3.1.</b> 2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, әсіресе неғұрлым осал топтар өндірістік әлеуетті нығайта отырып, инклюзивті, тұрақты және тұрақты экономикалық даму нәтижелерін, тұрақты және лайықты жұмыс істеу, өмір сүруге қаражат алу және бизнес жүргізу үшін дағдылар мен тең мүмкіндіктерді пайдаланатын болады;

<p><b>Түпкі нәтиже 1.2.</b> 2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, әсіресе осал топтар, елдің тұрақты дамуына тең дәрежеде үлес қосуға мүмкіндік беретін білім мен дағдыға ие болады</p>	<p>мемлекеттік институттар адам құқықтары мен дәлелдері негізінде гендерлік аспектілерді ескеретін мемлекеттік саясатты тиімді әзірлеп, жүзеге асыратын және жан-жақты, транспарентті және есеп беретін түрде сапалы қызметтер көрсететін болады.</p>	<p><b>Түпкі нәтиже 3.2.</b> 2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, атап айтқанда, неғұрлым осал топтар климаттың өзгеруіне төзімділікті арттыру, қоршаған ортаны және таза энергияны тұрақты басқару, сондай-ақ ауылдық және қалалық аудандарды тұрақты дамыту нәтижелерін пайдаланатын болады.</p>
---	---	--

Тұрақты даму мақсаттары сияқты, бұл түпкі нәтижелер міндеттер деңгейінде өзара байланысты және Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының басты назарында тұрған мақсаттарға және оны қамтудан тыс қалған мақсаттарға қол жеткізу барысында мультипликативтік әсерді қамтамасыз ету мақсатында тығыз өзара іс-қимыл негізінде іске асырылатын болады. Адам құқықтарының, кедейлік ауқымын қысқартудың, гендерлік теңдікке қол жеткізудің және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтудің, экологиялық тұрақтылықтың, тиімді институттар және тиімді әріптестік байланыстарды жолға қоюдың өтпелі мәселелері ТДМ-нің нақты көрсеткіштерімен байланыстырылған түпкі нәтижелердің әрқайсысының құрамдас бөлігі болып табылады және олардан туындайды. Нәтижелер кестесіндегі көрсеткіштер ТДМ-нің жаһандық және ұлттық көрсеткіштерінің жиынтығынан алынды, оның түпкі мақсаты бөлінген деректердің ұлттық көздері негізінде ТДМ-ге қол жеткізудің сенімді мониторинг жүйесін құру, осылайша, мемлекеттің құқық иеленушілер алдындағы, оның ішінде назардан тыс қалу қаупіне неғұрлым бейім адамдар алдындағы есептілігін арттыру.

Гендерлік теңдік пен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту бағдарламаларының қағидаттарын есепке алу 5 ТДМ міндеттерін барлық түпкі нәтижелерге қосу арқылы қамтамасыз етіледі. Тиімді мониторинг пен нәтижелер туралы есептілікті қолдау үшін гендерлік аспектілерді ескере отырып, өзгерістер теориялары әзірленді (гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту саласындағы өзгерістер теориясымен 16-беттегі қосымшаны қараңыз), бұл ретте Бірлескен жұмыс жоспарларында (БЖЖ) аралық нәтижелер деңгейінде гендерлік маркерлерді енгізу гендерлік теңдікті интеграциялау және бағдарламалық және жобалық деңгейде әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту үшін есеп берушілікті арттырады.

#### **2.4.1. 1-тақырыптық сала: Адамның дамуы және тең қатысуы**

Инклюзивті өсу нәтижелерін интеграциялау және пайдалану үшін халықтың ең осал және маргиналданған топтары әлеуметтік және экономикалық шеттетуді жеңудің негізгі құралы ретінде әлеуметтік қорғауға тең қол жетімді болуы керек. 2019 жылғы Адами даму туралы жаһандық баяндамада айтылғандай, теңсіздікті болдырмауға бағытталған саясат өмірлік циклді ұстануы мүмкін, өйткені теңсіздік туғаннан басталады және балалардың, ересектер мен

қарттардың бостандығы мен мүмкіндіктерін анықтайды және болашақ ұрпаққа таралады. Неғұрлым кең мүмкіндіктер жасау денсаулық сақтау және білім беру сияқты сапалы әлеуметтік қызметтерді ұсынуға негізделген көзқарасты талап етеді, бұл назардан тыс қалғандарға өз өмірлерін бақылауға алуға мүмкіндік береді. **Адамдарға** арналған осы тақырыптық сала шеңберінде өзара толықтыратын екі түпкі нәтижені белгілей отырып, *біз әлеуметтік оқшаулану қаупі жоғары адамдар үшін, атап айтқанда, балалар үшін неғұрлым тиімді әлеуметтік қорғауға қол жеткізуді кеңейту, сондай-ақ әйелдерге, еркектерге, жасөспірімдерге және жастарға өз өмірінде салауатты және жауапты таңдау жасауға және тұрақты дамуға жәрдемдесу мақсатында құндылықтар кешенін қалыптастыруға мүмкіндік беретін білім мен өмірлік дағдыларды алуға мүмкіндік беру арқылы Қазақстанда инклюзивті қоғам құруға өз үлесімізді қосуға ниеттіміз.*

**Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының 1.1. түпкі нәтижесі: 2025 жылға қарай тиімді, инклюзивті және есеп беретін институттар Қазақстанда тұратын барлық адамдар, әсіресе ең осал топтар үшін «ешкім назардан тыс қалмауы тиіс» қағидатына сәйкес сапалы және әлеуметтік қызметтердің гендерлік аспектілерін ескеретін тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін болады.**

**ТДМ жаһандық міндеттері: 3.8, 1.3, 3.1, 3.2, 3.3, 3.5, 3.4, 3.7, 4.2, 5.2, 5.6, 2.2.**

**Өтпелі: 10.2, 17.17**

**Ешкім де назардан тыс қалмауы тиіс:** мүгедектігі бар адамдар; мүгедектігі бар балалар; есірткі тұтынатын адамдар, инъекциялық есірткіні қолданатын адамдар, АИТВ-мен өмір сүретін адамдар, ерлермен жыныстық қатынаста болатын ерлер, трансгендерлер, коммерциялық секс қызметкерлері; бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдар; мигранттар; адам саудасының құрбандары; гендерлік зорлық-зомбылық құрбандары; мекемелерде немесе ата-анасынан бөлек тұратын балалар; созылмалы аурулары бар жасөспірімдер; ауылдық және шалғай аудандарда тұратын әйелдер, балалар, жасөспірімдер

**БҰҰ қатысушы агенттіктері:**

ЮНИСЕФ, ЮНФПА, БҰҰДБ, ЮНЭЙДС, БҰҰ ЕҚБ, ХҚҰ, ДДҰ, БҰҰ-әйелдер

Денсаулық сақтау және әл-ауқат бойынша ТДМ 3 шеңберінде (**3.1, 3.2, 3.3, 3.4, 3.5 ТДМ**) және Азық-түлік қауіпсіздігі және тамақтануды жақсарту бойынша ТДМ 2 шеңберінде (**2.2 ТДМ**) бірқатар міндеттерге қол жеткізудегі шешуші рөлді жаңғыртылған, қолжетімді және ең осал топтардың қажеттіліктеріне жауап беретін әлеуметтік қызметтер мен денсаулық сақтау саласындағы қызметтерді қамтамасыз ету атқарады. Осы Түпкі нәтиже шеңберіндегі іс-шаралар халықтың неғұрлым осал топтары мен тәуекел топтары тарапынан осы қызметтерге жүгіну деңгейін арттыруға мүмкіндік беретіндей түрде АИТВ және ЖИТС, жыныстық және репродуктивті денсаулық, психикалық денсаулықты, салауатты өмір салтын және гендерлік зорлық-зомбылықты қоса алғанда, инфекциялық және инфекциялық емес ауруларды емдеу бойынша да, сондай-ақ алдын алу бойынша да қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін *қызмет көрсетушілердің* (мемлекеттік агенттіктердің, азаматтық қоғамның, жеке компаниялардың) әлеуетін нығайтуға шоғырланатын болады. Біз Қазақстанға осы жаһандық міндеттерді 2030 жылға қарай шешуге көмектесу үшін гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алудың және оған ден қоюдың көп салалы механизмін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыратын боламыз. Сонымен бірге, біз адам саудасының құрбандары мен құжатсыз мигранттар

сияқты халықтың неғұрлым осал топтары үшін денсаулық сақтау қызметтерімен жалпыға бірдей қамтуды **(3.8 ТДМ)** және денсаулық сақтауды тұрақты қаржыландыруды және әлеуметтік қорғауды жақсартуды **(1.3 ТДМ)** қамтамасыз етуге жәрдемдесетін боламыз. Түпкі мақсат - кедейліктің көп өлшемді проблемаларын және жас, жыныс, әлеуметтік жағдай, мүгедектік, көші-қон мәртебесі және т.б. сияқты әлеуметтік ерекшелік тәуекелдерін икемді ескеретін әлеуметтік қорғау жүйесін құру болып табылады. Сапалы білім беру қызметтеріне, атап айтқанда, әлеуметтік және экономикалық жағынан қолайсыз өңірлерде және отбасыларда тұратын балалар **(4.2 ТДМ)** және мүгедектігі бар балалар үшін мектепке дейінгі сапалы білім беру мен ерте жастан білім алуға қол жетімділікті жақсарту барлық балалар үшін бастауыш білім беру кезеңінде және одан әрі толық көлемде дами алатындай және табысқа жете алатындай тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі тиіс.

Осы түпкі нәтиже шеңберінде нәтижелерге қол жеткізу жыныстық және ұрпақ жаңғырту денсаулығына және репродукциялық құқықтарына **(5.6 ТДМ)** байланысты қызметтерге қолжетімділікті жақсарту, сондай-ақ гендерлік зорлық-зомбылықты, оның ішінде сексуалдық зорлық-зомбылық құрбандарына қатысты **(5.2 ТДМ)** болдырмау арқылы *әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге және гендерлік теңдікті* қамтамасыз етуге ықпал етуге тиіс. Гендерлік аспектілерді ескеретін қызметтерге және әлеуметтік қорғауға қолжетімділікті жақсарту барлық осал топтардың әлеуметтік интеграциясын қамтамасыз етуге және теңсіздікті қысқартуға оң әсер етуі тиіс **(10.2 ТДМ)**. Денсаулық сақтау және басқа да әлеуметтік қызметтерге инвестициялар көлемін ұлғайту үшін біз әртүрлі мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасаймыз және мемлекеттік ұйымдар арасындағы, мемлекеттік және жеке секторлар арасындағы және азаматтық қоғам ұйымдары арасындағы әріптестік негізінде қызметтерді жеткізушілер шеңберін кеңейтуге жәрдемдесеміз **(17.17 ТДМ)**.

Бұл Түпкі нәтиже алдын алу және салауатты өмір салты мәселелерін құқық иеленушілердің білімі мен хабардарлығын арттыру жөніндегі қызметпен тығыз байланыстыратын 1.2 түпкі нәтижемен өзара байланысты. Оған адам құқықтары мен гендерлік теңдікке қатысты 2.1. түпкі нәтиже, сондай-ақ әлеуметтік интеграцияны қамтамасыз ету және хал-ахуалы мүшкіл немесе әлеуметтік оқшаулану қаупіне ұшырағандардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында саясаттың келісімділігін жақсартуға бағытталған 2.2. түпкі нәтиже тікелей әсер етеді **(10.2 ТДМ)**.

**Әріптестік:**

Осы Түпкі нәтиже шеңберінде негізгі мүдделі тараптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, сондай-ақ осы министрліктер жанындағы басқа да мекемелер мен орталықтар - Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы, Қазақ дерматология және инфекциялық аурулар ғылыми орталығы; АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың қазақстандық одағы, инъекциялық есірткілерді қолданатын адамдардың ұлттық желісі және әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау және алдын алу мәселелерімен (атап айтқанда, АИТВ/ЖИТС) айналысатын басқа да қоғамдық ұйымдар, сондай-ақ жеке меншік қызмет көрсетушілер болады. Қазақстанның Орталық Азия мен Кавказ елдерінде тамақтану саласындағы әлеуетті және әріптестікті дамыту жөніндегі өңірлік тұғырнамаға қатысуы (ол азық-түлік жүйесін дамыту үшін және субөңірде төмен тамақтанудың екі есе ауыртпалығы проблемасын шешу үшін тамақтану саласында тиімді басқару жөніндегі әлеует үшін құрылған)

денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау және ауыл шаруашылығы жүйелерінің қатысуымен көп салалы тәсілді нығайтуға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, біз **Әлеуметтік қорғау жөніндегі коалиция және денсаулық сақтау және әл-ауқат мәселелері жөніндегі коалиция** сияқты өңірлік тақырыптық коалициялар<sup>33</sup> ұсынатын мүмкіндіктерді әлеуметтік қорғау мен денсаулық сақтауға байланысты ТДМ мақсаттарына қол жеткізудегі прогресті жеделдету мақсатында БҰҰ мекемелері мен олардың әріптестері арасындағы үйлестіруді нығайту бойынша пайдаланатын боламыз.

**Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының 1.2 түпкі нәтижесі: 2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, әсіресе осал топтар, елдің тұрақты дамуына тең дәрежеде үлес қосуға мүмкіндік беретін білім мен дағдыға ие болады**

ТДМ-ге қол жеткізуге жәрдемдесу үшін барлық халықты қамтуды қамтамасыз ету, мүдделі тараптарға өзінше үлес қосуға мүмкіндік беру; және ешкім назардан тыс қалмауы үшін қол жеткізуге көмектесу қажет. Мектепке дейінгі, бастауыш, орта және жоғары білім берудің *оқу бағдарламаларына (4.7, 5.6, 13.3 және 4с ТДМ)* тұрақты даму мәселелерін интеграциялау арқылы біз ТДМ-нің іске асырылуы өмір бойы тікелей қатысы болатын балалармен, жасөспірімдермен және жастармен өзара іс-қимыл жасауға ниеттіміз. Жыныстық ағартуды қоса алғанда, өмірлік дағдыларға оқыту жыныстық және ұрпақ жаңғырту денсаулығына, гендерлік проблематикаға және ерте неке сияқты зиянды практиканың алдын алуға қатысты әлеуметтік нормалардың өзгеруіне ықпал етуі тиіс (**5.3 ТДМ**). Гендерлік стереотиптерді өзгерту жөніндегі біздің қызметіміз ерлер мен ұлдардың үй шаруашылығында және отбасында олардың жалпы жауапкершілігін арттыру жолымен гендерлік олқылықтарды жоюға неғұрлым белсенді қатысуына ықпал ететін болады (**5.4. ТДМ**). Жастарды оқытуда мұғалімдер маңызды рөл атқаратындықтан, мұғалімдерді даярлау кезінде тұрақты даму саласындағы негізгі құзыреттіліктерді есепке алуды қамтамасыз ету үшін педагогикалық оқу орындарының оқытушылары мен мұғалімдердің әлеуетін арттыруға ерекше назар аударылатын болады (**4.7 және 4с ТДМ**).

**ТДМ жаһандық міндеттері: 4.7, 3.7, 3.3, 13.3, 4.3, 4.5, 4.с, 5.6, 5.3, 5.4.  
Өтпелі 10.3, 17.16, 17.17**

**Ешкім де назардан тыс қалмауы керек:** мүгедектігі бар адамдар; мүгедектігі бар балалар; есірткі қолданатын адамдар, инъекциялық есірткі қолданатын адамдар, АИТВ-мен өмір сүретін адамдар, жасөспірімдер, ауылдық және шалғай аудандарда тұратын жасөспірімдер, ер адамдармен жыныстық қатынасқа түсетін ер адамдар, трансгендер, коммерциялық секс қызметкерлері; ауыл жастары мен әйелдер;  
**БҰҰ қатысушы агенттіктері:** ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, ЮНФПА, ЮНЭЙДС, БҰҰ ЕҚБ, ХКҰ, ДДҰ, БҰҰ-Әйелдер

Жастар мен жастар желілері қоғам өміріне белсенді қатысқысы келетін әлеуметтік процестердің жаңа қатысушылары ретінде қарастырылады және біз бұл әлеуетті жастардың қажеттіліктеріне көбірек жауап беретін коммуникациялық арналар мен форматтар арқылы пайдалануға ниеттіміз. Біз жастар топтары мен волонтерлердің әлеуетін қолдап, нығайтатын боламыз, сондай-ақ оларға қауымдар мен осал топтардағы проблемалар мен міндеттерді шешуге жастардың қатысуын

<sup>33</sup> <https://www.unece.org/runcw/welcome/issue-based-coalitions/social-protection.html>



қамтамасыз етуге және олардың жауапкершілігін көтермелеуге және ТДМ (17.16 ТДМ) іске асыру мониторингіне қатысуға бағытталған бағдарламалық бастамалар арқылы азаматтық өзара іс-қимыл мен еріктілік үшін мүмкіндіктер беретін боламыз. Сонымен бірге біз бейресми білім беру (4.3 ТДМ) саласындағы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және тұрақты даму, оның ішінде тұрақты өмір салты (Тұрақты даму мүддесіндегі білім беру және Жаһандық азаматтық рухында білім беру бағдарламалары шеңберінде), жыныстық және ұрпақ жаңғырту денсаулығы және репродукциялық құқықтар, гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту, халықтың неғұрлым осал топтары үшін және қол жеткізуде қиындықтар туындауы мүмкін адамдар үшін немесе стигма мен стереотиптер салдарынан мемлекеттік әлеуметтік қызметтерді пайдаланудан бас тартатындар, яғни инъекциялық есірткілер қолданатын адамдар, АИТВ-мен өмір сүретін адамдар, ерлермен жыныстық қарым-қатынасы бар ер адамдар, зорлық-зомбылыққа кінәлі адамдар үшін алдын алу және өмірлік дағдылар (10.3 ТДМ-мен байланыс) мәселелері бойынша хабардарлығын арттыру мақсатында азаматтық қоғаммен, ғылыми орталармен, қауымдастықтармен және жеке қызмет көрсетушілермен ынтымақтасуға ниеттіміз (ТДМ 17.17) .

Алдын алу, салауатты өмір салты және гендерлік теңдік, яғни ақы төленбейтін күтім мен үй еңбегінің құндылықтары мәселелерін қосу арқылы біз 1.1. түпкі нәтиже шеңберінде денсаулық сақтау саласындағы міндеттерге (3.3, 3.4 және 3.5 ТДМ) және 2.1. түпкі нәтиже шеңберінде гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту саласындағы бірқатар міндеттерге (5.6, 5.3, 5.2, және 5.5 ТДМ) қол жеткізуге өз үлесімізді қосамыз деп үміттенеміз. Осы Түпкі нәтиже шеңберіндегі прогресс 16 ТДМ Бейбітшілік және тиімді институттар шеңберінде бірқатар міндеттерге қол жеткізуге ықпал етуі тиіс (16.1, 16.2 және 16.7 ТДМ).

**Әріптестік:**

Негізгі серіктестердің қатарында Білім және ғылым министрлігі және ведомстволық бағынысты органдар, Коммуникациялар және қоғамдық даму министрлігі, Мәдениет және спорт министрлігі және жоғары білім деңгейінде оқытушыларды даярлау жөніндегі қызметтерді жеткізушілер - «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Нархоз Университеті, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті; сондай-ақ, маңызды мүдделі тараптардың арасында – мектептер, мысалы, Қазақстандағы ЮНЕСКО қауымдастырылған мектептері, YEҰ, ЮНЕСКО Клубтарының Қазақстандық Федерациясы, Мәдениеттер арасындағы диалог орталығы (ЮНЕСКО қамқорлығындағы II санат), «Жас Отан» жастар қанаты, Волонтерлік қозғалыстың жастар орталықтары, Teenenergizer – АИТВ-мен өмір сүретін жасөспірімдер желісі, YEҰ Еріктілер лигасы, «Қазақстан волонтерлері» YEҰ сияқты жастар және волонтерлер желілері, Әлеуметтік даму орталығы YEҰ, Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиада комитеті және тағы басқалар болады.

Мұқият назар аударудың және осы Түпкі нәтиже шеңберінде жастар мен азаматтық қоғамды тартудың арқасында БҰҰ агенттіктері Жасөспірімдер мен жастар проблемалары жөніндегі коалицияға қатысудан туындайтын синергияға ықпал ететін болады және жастар басқаратын және жастармен жұмыс істейтін ұйымдарды, мемлекеттік органдарды және жастар саясаты саласында жұмыс істейтін басқа да негізгі тұлғаларды қоса алғанда, азаматтық қоғаммен әріптестік орнатады.

#### .4.2. 2-тақырыптық сала: Тиімді институттар, адам құқықтары және гендерлік теңдік

*Бірлік түбі — береке, береке түбі  
— мереке (қазақ мақалы)*

*Қауіпсіздік пен құрметті, адам құқықтарын (азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени) көтермелеу мен қорғауды қамтамасыз ететін тиімді және ашық институттарды құру, сондай-ақ*

*гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және кең қатысу негізінде шешімдер қабылдау үкіметке сенімді нығайту және елдің тұрақты дамуына өз үлесін қоса алатындай барлық адамдардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту үшін аса маңызды мәнге ие. Сонымен бірге, адам құқықтарына негізделген, азаматтық қоғамның кең және сындарлы қатысуынан пайда алатын гендерлік аспектілерді ескеретін инклюзивті әлеуметтік, экономикалық және экологиялық саясатты жоспарлау және іске асыру саласында кеңейтілген әлеуетке ие барлық деңгейлерде тиімді және есеп беретін агенттіктер құру теңсіздікті қысқартуды жеделдетеді және әлеуметтік тұтастықты нығайтуға ықпал ететін болады.*

Адам құқықтары мен гендерлік теңдік, тұрақтылық, әділеттілік және тиімді институттар Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасындағы өтпелі мәселелер болып табылады және барлық тақырыптық салаларда нәтижелерге қол жеткізу үшін өзекті болып табылады. Алайда, біз жеке тақырыптық сала шеңберінде осы мәселелер бойынша мақсатты іс-шараларды ұйымдастыра отырып, біз адам құқықтары саласындағы өздерінің халықаралық міндеттемелерін орындау жөніндегі міндеттердің негізгі кепілі ретінде мемлекеттің әлеуетін нығайта аламыз және әріптестерімізбен бірге әрекет ете отырып, бар олқылықтар мен проблемаларды неғұрлым тиімді жоя аламыз және басқа басым салаларда оң әсерді арттыра аламыз деп санаймыз. Біздің стратегиялық мақсатымыз тиімді институттарды, демократиялық қатысуды, құқық үстемдігін, адам құқығын, гендерлік теңдікті және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуді, қоғамның әлеуметтік-экономикалық трансформациясы үшін негіз қалаушы шарт ретінде қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтитын тиімді мемлекеттік басқаруға қол жеткізу болып табылады.

**Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының 2.1. түпкі нәтижесі: 2025 жылға қарай Қазақстанда адам құқықтарын қорғау және толық іске асыру, гендерлік теңдік және кемсітушіліктен, зорлық-зомбылықтан және қауіп-қатерден азат өмір, сондай-ақ шешімдер қабылдауға тең құқылы қатысу қамтамасыз етіледі**

**ТДМ жаһандық міндеттері: 16.1, 16.2, 16.3, 16.4, 5.3, 5.5, 5.6, 11.7, 16.9, 16.10, 16.a, 16b.**  
**Өтпелі: 10.3; 17.16**

**Ешкім де назардан тыс қалмауға тиіс:** гендерлік зорлық-зомбылық құрбандары, оның ішінде балалар; заңмен жанжалдасқан балалар; азаматтығы жоқ балалар; адам саудасының құрбандары, қамаудағы адамдар; босатылған тұтқындар; мигранттар; АИТВ-мен өмір сүретін әйелдер мен ерлер; инъекциялық есірткі қолданатын ерлер мен әйелдер, есірткі қолданатын ерлер мен әйелдер; секс-жұмыскерлер; мүгедектер

**БҰҰ қатысушы агенттіктері:** АҚЖКБ, БҰҰ-әйелдер, БЖКБ, БҰҰ ЕҚБ, ЮНЭЙДС, ХҚҰ, ЮНФПА, ДДҰ, ЮНЕСКО, БҰҰДБ, ЮНИСЕФ

Мемлекеттік мекемелер мен азаматтық қоғам мен БҰҰ агенттіктері қатарынан әріптестер барлығын қылмыстан, зорлық-зомбылықтан және басқа да кең таралған қауіп-қатерлерден қорғауға мүмкіндік беретін үлкен қауіпсіздікке қол жеткізу үшін жұмыс істейтін болады (**16.1, 16.2, 5.2, 11.7 және 16.4 ТДМ**) және адамдарға өз өмірі үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға мүмкіндік береді. Балалардың тууын жалпы тіркеуді қоса алғанда, азаматсыздықты болдырмау және қысқарту мәселелерімен жұмыс (**16.9 ТДМ**) қоғамның біртұтастығын және қауымдардың тұрақтылығын арттыруға ықпал етуі тиіс. Ақпараттық-насихаттау қызметі, хабардарлықты арттыру және институттардың әлеуетін нығайту арқылы біз зорлық-зомбылықтың, оның ішінде қатыгез қарым-қатынас пен жыныстық белгісі бойынша, әсіресе балалар мен әйелдерге қатысты қанаудың барлық түрлеріне барынша үйлестірілген ден қоюды және алдын алуды қамтамасыз етуге жәрдемдесуге ниеттіміз. 1.1. түпкі нәтиже шеңберінде тиісті мақсаттарға қол жеткізуді жеделдету үшін психиатриялық көмекке қолжетімділікті қоса алғанда, зорлық-зомбылық және қатыгездік көрсету құрбандары үшін тиісті медициналық қызметтерге қол жеткізу мәселелері бойынша ақпараттық-насихаттау жұмысы жүзеге асырылатын болады (**3.4 ТДМ**).

Сонымен қатар, біз ең осал және маргиналданған топтарға қатысты адам құқықтарының (**16a ТДМ**), соның ішінде сот төрелігіне тең қолжетімділік пен қоғамға кірігу мүмкіндігіне (**16.3, 16.9 ТДМ**) қатысты сақталуын жақтайтын боламыз. Сот төрелігі жүйесін реформалауды және полицияны жаңғыртуды қолдау ұлттық институттардың адам құқықтары негізінде әрекет ету әлеуетін нығайтады және адам құқықтары саласындағы халықаралық конвенциялар шеңберінде міндеттемелерді орындауға көмектеседі деп күтілуде (**16.3 және 16.b ТДМ**). Осы жұмысқа қосымша Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталыққа оның бұзушылықтардан қорғауды жүзеге асырудағы тәуелсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтық қоғамның өз сайлаушыларының құқықтарын мәлімдеу және сақтау мүмкіндіктерін кеңейту үшін қолдау көрсетілетін болады (**16a ТДМ**). Сондай-ақ, Қазақстанда гендерлік және отбасылық саясатты тиімді іске асыруға жәрдемдесу мақсатында Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою жөніндегі конвенция (ӘҚКЖК) және Бейжің іс-қимыл бағдарламасы (БІҚБ) шеңберінде алынған міндеттемелерді орындауға жауапты ұлттық негізгі механизмдердің,

сондай-ақ азаматтық қоғамнан мүдделі тараптардың институционалдық әлеуетін арттыру үшін ауқымды іс-шаралары іске асырылатын болады.

Әйелдердің қатысуын және олардың шешімдер қабылдау процесіне әсерін кеңейту үшін іс-шаралар шеңберінде басшылық тұрғысынан тең мүмкіндіктерді қоса алғанда, әйелдердің саяси және экономикалық құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге (5.5, 5.4 ТДМ), ақы төленбейтін үй еңбегін және оның құндылығын тануға, экономикалық ресурстар мен әлеуметтік қызметтерге қолжетімділікті жақсартуға ерекше назар аударылатын болады. Тиісті мемлекеттік органдарға сексуалдық және тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы ұлттық заңнаманы және Стамбул конвенциясын (Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың және отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Еуропа Кеңесінің Конвенциясы) (5.2 ТДМ) ратификациялау жөніндегі прогресті сәйкес келтіру мақсатында қолдау көрсетілетін болады. Қазақстанның әйелдердің бейбітшілік пен қауіпсіздіктің белсенді жолсеріктері ретінде тең құқықты және жан-жақты қатысуын қамтамасыз етуге деген қызығушылығының артуына байланысты ұлттық әріптестерге Қауіпсіздік Кеңесінің 1325 қарарын («Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік») іске асыру және әйелдер мен қауіпсіздікке қатысты мәселелерді ұлттық басымдықтарға ықпалдастыру жөніндегі олардың қызметіне әдістемелік басшылық жасау бойынша қолдау көрсетілетін болады.

Үкімет пен азаматтық қоғам, жеке сектор мен азаматтар арасындағы сенім деңгейі қоғамдағы тұрақтылықты сақтау үшін елеулі мәнге ие. Осы мақсатта біз бұқаралық ақпарат құралдарында пікір білдіру бостандығына және оқиғаларды сапалы жариялауға, шешімдерге жеке және цифрлық алаңдар арқылы түрлі көзқарастармен ашық алмасуға ықпал ететін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасауға ұмтылатын боламыз (16.10 ТДМ). Пікір алмасуды кеңейту және қоғамның барлық мүшелерінің шешім қабылдауға қатысуын кеңейту үшін біз азаматтық диалогты нығайтуды және ТДМ (17.16) іске асыру мен мониторингінде азаматтық қоғам мен жеке сектордың рөлін арттыруды қолдайтын боламыз.

Осы түпкі нәтиже шеңберінде нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізудегі прогресс 1.1 түпкі нәтиже (10.2 және 1.3 ТДМ) шеңберінде гендерлік аспектілерді ескеретін әлеуметтік қызметтер мен әлеуметтік қорғаудың қолжетімділігіне тікелей әсер ететін болады және 2.2 түпкі нәтиже (16.7 және 10.3 ТДМ) шеңберінде неғұрлым инклюзивті институттар мен саясатты қалыптастыру процестерін қамтамасыз ету жөніндегі міндетке қол жеткізуді жеделдетеді. Сонымен қатар, 1.2 түпкі нәтижеге сәйкес (4.7 ТДМ) адам құқықтары саласындағы білімге неғұрлым кең қолжетімділікті қамтамасыз ету неғұрлым маргиналданған топтарды қоса алғанда, құқық иеленушілердің мүмкіндіктерін кеңейтуге оң әсер етуі, құқықтардың бұзылуына, төзбеушілікке немесе кемсітушілікке ден қоюы және жынысына, этникалық тегіне, әлеуметтік мәртебесіне, мүгедектіктің болуына немесе басқа да белгілеріне қарамастан, барлық адамдардың адам құқықтарын тиімді қорғау мақсатында мемлекетке қысым көрсетуі тиіс.

**Әріптестік:**

Адам құқықтары, гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту өтпелі мәселелер болып табылатындықтан, осы түпкі нәтиже бойынша мақсаттарға қол жеткізу үшін шешуші мәнге заң шығарушы (парламент) және атқарушы билік тармақтарының (министрліктер, мысалы, Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі және оларға бағынысты құрылымдар, сондай-ақ Жоғарғы Сот сияқты сот органдары) атынан өкілдік ететін барлық мүдделі тараптардың қатысуы ие болады. Нәтижелердің осы саласындағы прогресс құқықтары ұлттық заңнамада және саяси құрылымда толық көлемде танылмайтын және олардың

сақталуын қауіпсіздікті және қылмыс пен зорлық-зомбылықтан бостандықты қамтамасыз ету ісінде шешуші ұлттық әріптес болып табылатын құқық қорғау органдары жеткілікті қамтамасыз етпейтіндердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту арқылы басқа түпкі нәтижелерге тікелей әсер ететін болады. Ұлттық алдын алу тетігі (Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі Ұлттық комиссия жанындағы Үйлестіру кеңесі), Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері, отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия және басқалары сияқты адам құқықтары мен гендерлік теңдік жөніндегі ұлттық тетіктерді қолдау адам құқықтары мен гендерлік теңдік саласындағы нормалар мен стандарттарды неғұрлым қатаң сақтауды қолдау жөніндегі олардың әлеуетін нығайтуға бағытталған. Өзара іс-қимыл ЕО-БҰҰ-ның «Жарық сәулесі» атты бастамасы, Гендерлік теңдік жөніндегі коалиция және т.б. сияқты басқа да ұлттық және өңірлік бастамалар шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік органдардың ақпаратына қол жеткізу азаматтардың құқықтарын, білімін және қатысуын қамтамасыз ету үшін шешуші мәнге ие. Жұртшылықтың ақпаратқа қол жеткізу кепілдіктерін қабылдау және іске асыру мұны негізгі мемлекеттік органдармен: Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен, қалалық кеңестермен өзара іс-қимыл жасау арқылы жүзеге асыруға көмектесе алады. Азаматтық қоғамнан және бұқаралық ақпарат құралдарынан әріптестерді тарту «естітін мемлекет» тұжырымдамасын іске асыруға жәрдемдесуге және оның инклюзивтілігі мен адам құқықтары мен гендерлік теңдікті іске асыруға сезімталдығын қамтамасыз ету үшін тұрақты даму мәселелері бойынша қоғамдық диалогқа ықпал етуге тиіс.

**Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының 2.2 түпкі нәтижесі: 2025 жылға қарай барлық деңгейдегі мемлекеттік институттар адам құқықтары мен дәлелдері негізінде гендерлік аспектілерді ескеретін мемлекеттік саясатты тиімді әзірлеп, жүзеге асыратын және жан-жақты, ашық және есеп беретін түрде сапалы қызметтер көрсететін болады**

Тұрақты даму мүддесінде саясаттың жалпы келісімділігіне ерекше назар аудара отырып (**17.14 ТДМ**), осы түпкі нәтиже шеңберіндегі іс-шаралар ТДМ-нің мақсаттары мен көрсеткіштерімен және тиісті қаржыландырумен стратегиялық жоспарлауды байланыстыру арқылы ТДМ-ді оқшаулау процесінде үкімет пен мемлекеттік институттарды қолдайтын болады. ТДМ-мен неғұрлым тығыз байланысты қамтамасыз ету прогресті, сондай-ақ тұрақты дамуға қол жеткізу үшін қажетті қаржы ағындарын қадағалауға ықпал ететін болады. Шешім қабылдау үшін фактологиялық базаны қамтамасыз ету мақсатында бөлінген деректерге қол жеткізуді жақсарту Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының негізгі басымдығы болып қала береді. Бұдан басқа, БҰҰ агенттіктері, Статистика комитеті және басқа да мүдделі тараптар арасындағы тұрақты даму көрсеткіштерінің әдіснамасы және

**ТДМ жаһандық міндеттері: 1.5, 11.5, 11.a, 11. b, 15.9, 16.5, 16.6, 16.7, 10.3, 10.7, 17.14, 17.16, 17.17, 17.18, 17.19. Өтпелі: 1.b, 5.c, 13.1, 13.2**

**Ешкім де назардан тыс қалмауы керек:** мигранттар; адам саудасының құрбандары; мүгедектері бар адамдар, ауыл халқы **БҰҰ қатысушы агенттіктері:**

БҰҰДБ, БҰҰ ЕҚБ, БҰҰ-әйелдер, ЮНФПА, БҰҰ-Хабитат, ФАО, АҚЖКБ, ХҚҰ, ЭСКАТО, ЮНИДО

оларды бөлу мәселелері бойынша ынтымақтастық «ешкім де назардан тыс қалмауы тиіс» қағидатына сәйкес 2030 жылға дейінгі Күн тәртібін **(17.18 ТДМ)** іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету үшін ұлттық әлеуетті нығайтуға тиіс. Көрсеткіштердің бөлінуін және олардың секторалдық стратегиялар мен іске асыру жоспарларына кірігуін жақсартуға халықтың неғұрлым осал топтарының қажеттіліктерін **(1.б және 1.5 ТДМ.)**, әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту **(5с ТДМ)** және климаттың өзгеруіне төзімділікті қамтамасыз ету **(13.2 және 15.9 ТДМ)** бойынша қажеттіліктерін айқындауға бағытталған БҰҰ агенттіктерінің бірлескен іс-шаралары ықпал ететін болады. Осыған байланысты демографиялық деректерді, атап айтқанда, 2020 жылғы санақ деректерін өндіру, тарату және тиімді пайдалану саласындағы, сондай-ақ теңсіздікті анықтау және жою және гендерлік аспектілерді ескеретін және адам құқықтары мен нақты деректерге негізделген саясатты қалыптастыру үшін деректерді пайдалануды жетілдіру жөніндегі ұлттық әлеуетті өсіру **(17.19 және 11а ТДМ)** негіздемелік бағдарламаға сәйкес стратегиялық басымдықтардың бірі болып қала береді.

Біз деректер мен мониторинг сапасының артуы, бұл деректер халық тығыздығының тепе-теңсіз жоғары деңгейі неғұрлым талап етілетін жерде білікті жұмыс күшінің жетіспеуіне алып келмеуін және осылайша экономиканың дамуына ықпал етуін қамтамасыз ету үшін қажетті демографиялық және көші-қон саясатының **(10.3 ТДМ)** перспективалық шаралар кешенін әзірлеу кезінде пайдаланылған кезде Қазақстанда өңірлік теңсіздікті қысқартуға ықпал етеді деп күтеміз.

Орталық және жергілікті деңгейлерде билік органдарының әлеуетін дамытуды қолдау өңірлік теңсіздіктерді, гендерлік теңдікті жеткіліксіз қамтамасыз етуді және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуді, қолайсыз және осал топтардың экологиялық қауіп-қатерлерге ұшырағыштық тәуекелдерін және әлеуметтік иеліктен айыруды қоса алғанда, даму саласындағы негізгі проблемаларды жоюға жәрдемдесуге арналған **(11.5, 11б, 15.9, 10.7 ТДМ)**. Ұлттық және жергілікті стратегиялар мен бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру кезінде гендерлік факторды есепке алуды қамтамасыз ету үшін біз гендерлік бағдарланған бюджеттеуді жоспарлау мен бюджеттеудің ұлттық және жергілікті жүйелеріне интеграциялау бойынша жұмыс істейтін боламыз, бұл 1.1 Түпкі нәтиже шеңберінде көзделген әлеуметтік қызметтердің есептілігін, тиімділігін және инклюзивтілігін арттыруға ықпал етуі тиіс. Барлық деңгейлерде тиісті әлеуетті өсіру ресурстарды бөлу мониторингін де көздейтін болады, бұл бұдан әрі ТДМ гендерлік міндеттеріне қол жеткізуді неғұрлым тиімді бақылауға мүмкіндік беруі тиіс.

Даму саласындағы өңірлік және жергілікті жоспарлар мен шешімдерді әзірлеуге азаматтық қоғам мен волонтерлік топтардың қатысуы мен орталықсыздандыруды кеңейтуге жәрдемдесу әйелдердің, жастардың, мүгедектердің, жұмыссыздардың және басқа да адамдардың жоспарлардағы жергілікті басымдықтары мен қажеттіліктерін неғұрлым толық есепке алуды қамтамасыз етуге бағытталатын болады, бұл Үкіметке сенімді нығайту және ТДМ жүзеге асыру мақсатында қауымдарды шоғырландыру үшін шешуші мәнге ие болады **(16.7 ТДМ)**. Қоғамдық кеңестердің әлеуетін арттыру кеңінен қатысу үшін жағдайларды жақсартуға ықпал етуі тиіс. Бұдан басқа, азаматтық қоғамның қалалық жоспарлау және басқару құрылымдарына тікелей қатысуын кеңейту жөнінде күш-жігер жұмсалады **(11.3 ТДМ)**.

Әріптестермен бірге біз сыбайлас жемқорлықты тежеуге (**16.5 ТДМ**) және ұлттық және жергілікті деңгейдегі мекемелердің ашықтығы мен есептілігін арттыруға көмектесеміз (**16.6 ТДМ**). Бұдан басқа, тиімді басқаруды қоса алғанда, барлық деңгейдегі мемлекеттік мекемелердің әлеуетін нығайту сапалы қоғамдық қызметтерге ашық қолжетімділікті қамтамасыз етуге қатысты 16.6-мақсатқа қол жеткізуге ықпал етуі тиіс. Осыған байланысты «ақылды қала» тұжырымдамасын таратуды қолдау қызметтердің қолжетімділігіне және қалалық мекемелердің ашықтығына ықпал етуі тиіс. Әлеуетті нығайту жөніндегі ауқымды іс-шаралар мемлекеттік қызметтің ұлттық реформасын табысты іске асыруға ықпал етеді деп күтілуде.

ТДМ бойынша ұлттық Үйлестіру тетігінің жан-жақты қамтылуын қамтамасыз етуде БҰҰ агенттіктерін келісілген қолдау азаматтық қоғам мен жеке секторды мемлекеттік институттармен әріптестікке гендерлік-сезімтал және мемлекеттік қызметтерді мақсатты түрде, әсіресе қоғамның неғұрлым осал топтарына көрсетуді (**17.17 ТДМ**) нығайтуға неғұрлым белсенді тартуға ықпал ететін болады. ТДМ Үйлестіру кеңесіне қатысуды кеңейту және ТДМ тұғырнамалары мен форумдары (**17.16 ТДМ**) негізінде азаматтық қоғам коалицияларын құру ТДМ іске асыру тиімділігін қадағалау мен мониторингті жүзеге асырудағы азаматтық қоғамның рөлін нығайтуға мүмкіндік береді.

Осы түпкі нәтиже шеңберінде нәтижелерге қол жеткізу *инклюзивті экономикалық өсуді* қамтамасыз ету жөніндегі (**8.3** және **10.7 ТДМ**) 3.1 түпкі нәтиже және *климаттың өзгеруіне және ауылдық және қалалық аудандардың тұрақты дамуына төзімділікті арттыру* жөніндегі (**13.1** және **1.5 ТДМ**) 3.2 түпкі нәтиже шеңберіндегі міндеттерді іске асыруды жеделдетеді деп күтілуде, бұл ретте саясатты қалыптастыру үшін бөлінген деректерді өндіру және пайдалану жөніндегі әлеуетті ұлғайтудың әсері барлық түпкі нәтижелерде және Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасында және басқа да құжаттарда көзделген ТДМ шеңберіндегі нәтижелердің салаларында таралуы тиіс.

**Әріптестік:**

2.1 түпкі нәтижеге ұқсас тиімді институттар және назардан тыс қалу қаупіне ұшырағандарға мүмкіндік беретін инклюзивті саясаттың келісімділігі саласында нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу басқа да түпкі нәтижелер шеңберінде ТДМ міндеттеріне қол жеткізу процесін жеделдетеді деп күтілуде. Салалық министрліктердің негізгі мүдделі тараптарымен, ТДМ көрсеткіштерін ұлттық жоспарлау жүйесіне интеграциялауға жауап беретін Экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен тиімді әріптестік орнату өте маңызды. ТДМ жөніндегі Үйлестіру кеңесімен ынтымақтастық ТДМ-ді ұлттандыру және оқшаулау процесінде елге көмектесу үшін БҰҰ жүйесін қолдауды шоғырландыру және ұлттық әлеует пен сараптамалық білімді арттыру мақсатында қызмет бағыттарын және тиісті мүдделі тараптарды (салалық министрліктер мен басқа да мемлекеттік агенттіктерді) айқындау үшін кеңейтілетін болады. Басқа маңызды мүдделі тараптардың қатарына жергілікті әкімшіліктер (әкімдіктер) мен қоғамдық кеңестер жатады, олардың әлеуеті инклюзивті және мемлекеттік саясаттың гендерлік проблемаларын ескеретін әзірлеу, жүзеге асыру және мониторингі мәселелерінде күшейтіледі деп күтілуде.

Үкімет институттардың ашықтығы мен есептілігін арттыруға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қоятын екпінге баса назар аудара отырып, БҰҰ агенттіктері Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен) және Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен

ынтымақтасатын болады. Заңдылық мәдениетін ілгерілету және мемлекеттік агенттіктердің құқық иеленушілер алдындағы есептілігін арттыру мақсатында тиісті мемлекеттік органдармен (әділет, қаржы, экология, геология және табиғи ресурстар министрліктерімен, әкімдіктермен және т.б.), білім беру мекемелерімен және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасалатын болады.

Тиімді басқаруды ілгерілету, оның ішінде мемлекеттік қызметтерді тиімді және инклюзивті көрсету үшін Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Астана өңірлік хабы сияқты қолданыстағы өңірлік бастамалар негізінде құрылуы мүмкін жаңа әріптестіктер мен синергиялар үшін мүмкіндіктер қосымша зерделенетін болады. Қазақстанның коалициялар шеңберінде көптеген мүдделі тараптардың қатысуын қамтамасыз ету мақсатында құрылған өңірлік тұғырнамаларға қатысуы, атап айтқанда ТДМ деректері мен мониторингі бойынша <sup>34</sup>мониторинг бойынша әлеуетті нығайту үшін БҰҰ агенттіктері арасында неғұрлым үйлестірілген тәсілді қамтамасыз етеді.

### **2.4.3. 3-тақырыптық сала: Инклюзивті экономикалық өсу және экологиялық тұрақтылық**

*Тұрақты және инклюзивті экономикалық өсуге қол жеткізу бәсекеге қабілетті адами капиталды дамытуға және гендерлік теңдік негізінде жұмысқа орналасу және кәсіпкерлік мүмкіндіктеріне қол жеткізуді жақсартуға және әйелдердің экономикалық құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге, экономиканы әртараптандыруға, табиғи ресурстарды тиімді басқаруға және жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға байланысты болады. Экономикалық өнімділікті арттыру және адамдардың өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін осы тақырыптық саладағы іс-шаралар табиғи ресурстарды тиімді және тұрақты басқаруға жәрдемдесуге және өмір сүру мен жұмыспен қамту құралдарына тең қол жеткізуді қамтамасыз ету және неғұрлым осал топтар үшін өңірлік, ауылдық және қалалық теңсіздікті қысқарту мақсатында әртараптандырылған және бәсекеге қабілетті экономиканы дамытуға бағытталған өзара толықтыратын екі түпкі нәтиже шеңберінде жүзеге асырылатын болады. Қалалық, қала маңындағы және ауылдық аудандар арасындағы экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерді біріктіретін даму саласындағы ұлттық және өңірлік жоспарлауды нығайтуға бағытталған іс-шаралар сондай-ақ барынша қамтылатын өсуге қол жеткізуге ықпал етуі тиіс.*

<sup>34</sup> [https://www.uncece.org/fileadmin/user\\_upload/IBC\\_on\\_SDG\\_Data\\_and\\_Monitoring.pdf](https://www.uncece.org/fileadmin/user_upload/IBC_on_SDG_Data_and_Monitoring.pdf)



**Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының 3.1 түпкі нәтижесі. 2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, әсіресе неғұрлым осал топтар өндірістік әлеуетті нығайта отырып, инклюзивті, тұрақты және тұрақты экономикалық даму нәтижелерін, тұрақты және лайықты жұмыс істеу, өмір сүруге қаражат алу және бизнес жүргізу үшін дағдылар мен тең мүмкіндіктерді пайдаланатын болады.**

**ТДМ жаһандық міндеттері: 2.3, 2.4, 3.2а, 4.3, 4.4, 6.4, 8.7, 8.8, 8.9, 9b, 8.3, 9.3, 7.1, 7.3, 12.7, 11b, 10.7, 17.10.**  
**Өтпелі: 1.5, 5.4, 5.5, 5а, 10.2**

**Ешкім де назардан тыс қалмауы керек:** ауыл жастары мен әйелдер; мигранттар; шалғай және қорғалатын аудандарда тұратын адамдар; ұсақ фермерлер; шағын бизнес иесі болып табылатын әйелдер **БҰҰ қатысушы агенттіктері:** БҰҰДБ, ЮНКТАД, ЮНИДО, БҰҰ ЕЭК, ХСО, ФАО, ЮНЕП, ЮНЕСКО, БҰҰ-Әйелдер, ХКҰ

Қазақстанға экономикалық өсудің жаңа көздерін және өнімділіктің неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін адами капиталға инвестициялар мен білім қажет. Білім беру жүйесінің нәтижелері мен жұмыс берушілердің қажеттіліктері арасындағы алшақтықты еңсеру мақсатында, жұмыс күшін қайта мамандандыруға және біліктілігін арттыруға және ертеңгі күннің экономикасында талап етілетін дағдыларды дамытуға назар аудары отырып, әріптестік жолға қойылатын болады.

Мигранттар, шағын бизнес иесі болып табылатын әйелдер және фермерлер сияқты бәсекеге қабілетті техникалық және кәсіби дағдыларды дамыту үшін мүмкіндіктері шектеулі адамдарды қамтуды қамтамасыз ету үшін біз инновациялық

инфрақұрылымды, білім беру бағдарламаларының мазмұнын және оқытудың икемді әдістерін дамытуды қолдауға ниеттіміз. Ең осал топтардың, әсіресе шалғайдағы және ауылдық аудандарда, оларға қалалық оқушылар сияқты оқыту бойынша мүмкіндіктерді пайдалануға мүмкіндік беретін дағдыларға ие болуын қамтамасыз ету үшін осы түпкі нәтиже шеңберінде АКТ қолдану дағдылары бар ауылдық аудандарда жастар мен ересектер санын ұлғайтуға бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылатын болады (**4.4 ТДМ**). Бұдан басқа, білім берудің қолжетімділігі білім беру мазмұнын цифрландыруды қолдау шаралары және формальды білім беру мен ашық оқыту жүйесінде қашықтықтан оқыту әдістерін неғұрлым кеңінен пайдалану есебінен арттырылатын болады (**4.3 ТДМ**). Формалды білім беру мүмкіндіктеріне қосымша формальды және ақпараттық даярлық арқылы кәсіпкерлік дағдыларды дамытуға қол жеткізуді қамтамасыз ету жастардың және басқа да осал топтардың жұмысқа орналасуға немесе кәсіпкерлік қызметке, мысалы, стартаптар мен цифрлық қызметтер көрсетуге әкелетін кәсіптік даярлыққа қатысуын кеңейтуге ықпал етуі тиіс (**8.6 ТДМ**).

Сапалы кәсіптік және техникалық білімге қол жеткізуге жәрдемдесумен қатар, біз цифрлық және білімге негізделген экономиканы, инновацияларды және зерттеулерді (**9b ТДМ**) ілгерілету жолымен экономиканы және оның бәсекеге қабілеттілігін әртараптандыруды жалғастыруға, «ақылды» қалалардың тұжырымдамалары мен стратегияларын қолдауға, сондай-ақ сауданы тиісті қолдаумен және экспортқа бағдарланған бизнеске өңірлік және халықаралық сауда интеграциясына жәрдемдесу үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасауға ниеттіміз. ДСҰ шеңберінде сауда рәсімдерін оңайлату туралы келісім бойынша елдің міндеттемелерін

орындауда қолдау көрсетілетін болады<sup>35</sup> және кәсіпорындар ішкі және халықаралық нарықтарда денсаулық сақтау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарды сақтауға қол жеткізе алатындай сапаны бақылаудың және сапаны қамтамасыз етудің ұлттық жүйесін дамытуға бағытталатын болады (**17.10 ТДМ**). Цифрландыру және жаңғырту кедендік рәсімдердің тиімділігін арттыру есебінен саудаға ықпал етеді деп күтілуде.

Жұмыс орындарын құруды және кәсіпкерлікке қолжетімділікті қолдау үшін біз микро -, шағын және орта кәсіпорындардың өсуін ынталандыратын қаржылық қызметтерге қолжетімділікті қоса алғанда, қолайлы жағдайлар жасауға жәрдемдесуге ниеттіміз (**8.3 ТДМ**). Бұл үшін жеке сектор үшін ынталандыруды жетілдіру және жинақтарды өнімділікті арттыруға бағытталған инвестицияларға қайта бағыттау мақсатында бюджет-салық саясаты реформасын қолдау көзделеді. Жеке кәсіпорындарды қосылған құн құру тізбегіне және нарықтарға (**9.3 ТДМ**) ықпалдастыруға жәрдемдесу мақсатында тұрақты туризмді дамыту мүддесінде ұлттық агенттіктердің, ШОБ, жеке сектордың және азаматтық қоғамның әлеуеті нығайтылатын және қолайлы жағдайлар жасалатын болады (**8.9 ТДМ**), сондай-ақ экологиялық таза тамақ өнімдерін өндіру және азық-түлік қауіпсіздігін нығайту қамтамасыз етілетін болады. Біз өндірілмейтін өнеркәсіп түрлерін дамыту арқылы экономиканы әртараптандыруға өз үлесімізді қосамыз деп үміттенеміз, бұл өз кезегінде Қазақстанға өңірлік теңсіздік проблемасын шешуге көмектесуі тиіс (**1.5 ТДМ**). Сонымен бірге салалардың ресурстарды пайдалану тиімділігін арттырумен және таза және экологиялық қауіпсіз технологиялар мен өндірістік процестерді (**9.4 ТДМ**) қолданумен инфрақұрылымды жаңғыртуды қолдау 7 ТДМ шеңберінде мақсаттарға қол жеткізуге және климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі іс-қимылдар шеңберінде міндеттемелерді орындауға ықпал етуі тиіс.

Қазақстанды «жасыл экономикаға» және тұрақты ауыл шаруашылығына көшуді жеделдетуде қолдау үшін біз жаңа энергия көздері саласындағы инвестицияларды ұлғайту, мемлекеттік сатып алудың тұрақты әдістерін ілгерілету (**12.7 ТДМ**) және ауыл шаруашылығын жүргізудің неғұрлым тиімді технологиялары мен тұрақты әдістерін, оның ішінде экономикалық және ауыл шаруашылығы өнімділігін (**2.3 және 2.4 ТДМ**) және су және энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімділігін (**6.4 және 7.3 ТДМ**) арттыруға бағытталған су үнемдейтін технологияларды пайдалану бойынша жұмыс істейміз. Ауылдық қауымдардың мүмкіндіктерін кеңейту және олардың осындай көшуге дайындығын арттыру мақсатында бұл үшін инклюзивті және қолайлы жағдайлар нығайтылатын болады.

Әйелдер инклюзивтік экономикалық өсімнің игіліктерін тең дәрежеде пайдалана алуы үшін мүдделі тараптар әйелдердің өнімді жұмыспен қамтуға қатысуын кеңейтуге және мансаптық өсу үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар іс-шараларды жүзеге асыратын болады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шартында және БҰҰ-әйелдер құрылымында белгіленген әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттарын басшылыққа ала отырып, бұл шаралар еңбек нарығындағы кемсітушілік практиканы және экономикалық тежеуші факторларды жоюға және ең бастысы әйелдерді қолайсыз жағдайға душар ететін негізгі кедергілерді жоюға, оның ішінде еңбекке ақы төлеудегі гендерлік алшақтықты, ақы төленбейтін үй еңбегін, бала күтімі жөніндегі агенттіктердің жетіспеушілігін, жынысына байланысты зорлық-

---

<sup>35</sup> Қазақстан келісімді 2016 жылғы 26 мамырда ратификациялады. 2019 жылғы тамызға Қазақстан осы Келісім бойынша міндеттемелердің 44,5%-ын орындады (<https://www.tfdatabase.org/members/kazakhstan>)

зомбылықты және жұмыс орнындағы алымсақтықты жоюға бағытталады (8.5, 5.4 және 5.5 ТДМ). Әйелдердің, әсіресе ауылдық аудандардағы әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту және экономикалық ресурстарға тең құқықтар туралы білімді, сондай-ақ жерді және меншіктің басқа да нысандарын иелену мен бақылауға, қаржылық қызметтер мен мемлекеттік бағдарламаларға қол жеткізуді қамтамасыз ету әйелдердің экономикалық қызметке қатысуын кеңейтуге ықпал етуі тиіс (5а ТДМ). Сонымен қатар, жұмыс құқықтық орта құру және жұмысқа тиісінше жалдауды қамтамасыз ету үшін корпоративтік жауапкершілікті белгілейтін кәсіби адалдық стандарттарын енгізу және әсіресе мигрант-әйелдерге қатысты еңбек құқықтарын жүзеге асыру арқылы адам саудасы сияқты кемсітушілік және заңсыз практиканы жоюға бағытталады (8.7 және 8.8 ТДМ).

Осы түпкі нәтиже шеңберінде нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізудегі прогресс 2.2 түпкі нәтиже шеңберінде (11а, 11b, 1b және 5.с ТДМ) саясаттың келісімділігін қамтамасыз етуге байланысты нысаналы көрсеткіштердің жақсаруымен неғұрлым жоғары дәрежеде шарттасатын болады деп күтілуде. Сонымен бірге, жұмыс орындарын құру және экономикалық қызметке, әсіресе «жасыл экономикада» қол жеткізу 3.2 түпкі нәтиже шеңберінде табиғи ресурстарды тиімді басқару, экологиялық тұрақтылық және жаңартылатын энергия көздеріне қол жеткізу жөніндегі бірқатар мақсаттарға қол жеткізуге байланысты.

**Әріптестік:**

Білім экономикасын, «жасыл экономиканы» және тұрақты ауыл шаруашылығын қоса алғанда, экономиканы әртараптандырудың осы түпкі нәтижесі шеңберінде бөлінетін назарды ескере отырып, салалық министрліктермен (Ұлттық экономика министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Өнеркәсіп және инфрақұрылымды дамыту министрлігі, Сауда және интеграция министрлігі, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі) әріптестік қатынастарды жолға қою басым бағыт болып табылады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Білім және ғылым министрлігі сияқты басқа министрліктер кәсіби дағдылар мен халықтың осал топтары үшін лайықты жұмыс орындарына, әсіресе ауылдық жерлерде, кәсіптік-техникалық және жоғары білім беретін мекемелермен бірлесіп қол жеткізуге жәрдемдесу мәселелерінде негізгі әріптес ретінде қарастырылады. Тұрақты туризм индустриясын дамытуға жәрдемдесу Мәдениет және спорт министрлігі, Қазақ қалпына келтіру институты, «Қазақтуризм» компаниясы және Дүниежүзілік мұра орталығы сияқты түрлі ұлттық және жаһандық әріптестермен өзара іс-қимылды талап етеді.

Басқа да әріптестіктер, мысалы, міндеті БҰҰ-ның «жасыл экономика» саласындағы іс-қимылын үйлестіру және елдерге тұрақты даму саласындағы жаңа мақсаттарға қол жеткізуге және мониторинг жүргізуге көмек көрсету болып табылатын «Жасыл экономика» бойынша іс-қимылдар мүддесіндегі әріптестік (ПАГЭ)<sup>36</sup> бағдарламасы шеңберінде (атап айтқанда, 8 ТДМ)

<sup>36</sup> ПАГЭ бастамасы «Рио+20» декларациясына жауап болып табылады, оның мақсаты 2030 жылға дейін Тұрақты даму бойынша күн тәртібін ілгерілету үшін экономикалық саясат пен практика орталығына тұрақтылық мәселесін қою және экономикалық өсуді ынталандыру, кірістер мен жұмыс орындарын құру, кедейлік пен теңсіздікті азайту, сондай-ақ осы елдер мен аймақтар экономикасының экологиялық негіздерін нығайту үшін тұрақтылықты ескере отырып, экономикалық саясат пен практиканы қайта қарауда елдер мен өңірлерді қолдайды, <https://www.unenvironment.org/explore-topics/green-economy/what-we-do/partnership-action-green-economy>

және өңірлік бастамалар олардың БҰҰ жүйесіне кірмейтін әріптестерді тарту және осы түпкі нәтиже шеңберінде синергияға жәрдемдесу жөніндегі әлеуеті тұрғысынан зерделенетін болады.

**Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының 3.2. түпкі нәтижесі: 2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, атап айтқанда, неғұрлым осал топтар климаттың өзгеруіне төзімділікті арттыру, қоршаған ортаны және таза энергияны тұрақты басқару, сондай-ақ ауылдық және қалалық аудандарды тұрақты дамыту нәтижелерін пайдаланатын болады.**

Осы түпкі нәтиже шеңберінде біз қалалық және ауылдық қауымдардың және халықтың неғұрлым осал топтарының климаттың өзгеруінің ықпал ететін **(13.2 ТДМ)** шаралар кешенін қамтитын ауылдық және қалалық

бейімдеу, дүлей зілзалаларға төзімділікті арттыру, сондай-ақ 2015-2030 жылдарға арналған дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайту жөніндегі іс-қимылдардың Сендай негіздемелік бағдарламасына сәйкес барлық деңгейлерде дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайту жөніндегі кешенді шараларды әзірлеу және жүзеге асыру мақсатында кешенді стратегиялар мен жоспарларды бейімдеуге және іске асыруға бағытталатын болады **(11b ТДМ)**. Ағымдағы және әлеуетті табиғи және антропогендік тәуекелдерді ескеретін және бюджетпен және мерзімдермен іс-қимыл жоспары нысанында нақтыланған (2015-2030 жылдарға арналған дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайту жөніндегі іс-қимылдардың Сендай негіздемелік бағдарламасының Е міндеті) дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайтудың көпжақты, көп салалы стратегиясы негізінде ұлттық ұзақ мерзімді тұжырымдаманы әзірлеу бойынша қолдау көрсетілетін болады. Климаттың өзгеруінің қолайсыз әсерлеріне бейімделудің гендерлік аспектілері және климаттың өзгеруіне төзімділікті қамтамасыз ету климаттық әділеттілік және климаттық қауіпсіздік мәселелерінде гендерлік теңдікті арттыру мақсатында әзірленетін кешенді ұлттық стратегия мен жоспарға ықпалдастырылатын болады **(13.2 және 5c ТДМ)**.

Елдің денсаулық сақтау саласындағы ұлттық және жаһандық тәуекелдердің алдын алуды, тәуекелдерді азайтуды және оларды басқаруды қамтамасыз ету тұрғысынан дайындығы әртүрлі деңгейлердегі әлеуетті нығайту жөніндегі шаралардың арқасында арттырылады деп күтілуде **(3d ТДМ)**. ЭЫДҰ елдерінде қабылданған қалдықтарды басқару әдістерін енгізуді қолдау қалдықтарды өндіру көлемін едәуір қысқартуға **(12.5 ТДМ)** және денсаулыққа қауіпті, мысалы, кейбір қалаларда ауаның ластануының жоғары деңгейіне негізделген басқа шаралармен қатар адам денсаулығына әсерін барынша азайтуға ықпал етуі тиіс.

Қазақстанды оның «жасыл экономикаға» барар жолында қолдау және БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы, Киото хаттамасы және Париж келісімі бойынша, атап айтқанда, 1990 жылмен салыстырғанда тұтастай алғанда 2030 жылға қарай экономикада

**ТДМ жаһандық міндеттері: 13.1, 13.2, 12.2, 12.5, 6.5, 6.6, 15.1, 15.2, 15.3, 15.4, 6.4, 2.4, 11.6, 7.1, 7.2. 2.4, 3d.**

**Өтпелі: 1.5, 11.5, 11a, 11b**

**Ешкім де назардан тыс қалмауы керек:** ауыл әйелдері, мигранттар, кедей түкпірлерде тұратын адамдар, ұсақ фермерлер **БҰҰ қатысушы агенттіктері:**

БҰҰДБ, ФАО, ЮНЕСКО, БҰҰ АҚТБ, БҰҰ-Хабитат, БҰҰ ЕЭК, ЮНЕП, ДДҰ, ХКҰ, ЮНИДО

қағымсыз

аудандардың

парниктік газдар шығарындыларын 15% -25%-ға қысқарту мақсатына қол жеткізу жоспарында міндеттемелерді орындауға жәрдемдесу мақсатында<sup>37</sup> біз экологиялық таза энергия өндірісі үшін ең озық қолжетімді технологияларды ықпалдастыруға **(7.2 ТДМ)** және газ бен басқа да ластаушы заттардың шығарылуын қысқартуға **(7.1, 11.6 ТДМ)** септігімізді тигізетін боламыз. Қоршаған орта саласындағы көпжақты келісімдер шеңберінде елдің міндеттемелерін орындау мақсатында елде экологиялық басқаруды нығайту бірнеше ТДМ-ге қол жеткізуге әсер етеді **(3.9, 6.2, 6.5, 8.4, 9.4, 12.2 және 12.4 ТДМ)**<sup>38</sup>.

Табиғи ресурстарды тиімді басқару жан-жақты экономикалық өсуге, ауыл шаруашылығының өнімділігі мен экологиялық тұрақтылыққа, оның ішінде азық-түлік қауіпсіздігіне қол жеткізу үшін өте маңызды. Суға, оның ішінде сапалы ауыз суға қол жеткізу елдегі жердің тозуы мен судың жетіспеушілігімен байланысты маңызды мәселе болып қала береді. Траншекаралық ынтымақтастықты нығайтуды және ауыл шаруашылығына тұрақыт әдістер мен технологияларды енгізуді қоса алғанда, әлеуетті дамыту жөніндегі шараларды іске асыру су ресурстарын неғұрлым тиімді басқаруға **(6.5 ТДМ)** және оларды пайдалануға **(6.4 ТДМ)**, жер мен топырақты қалпына келтіруге **(15.3 ТДМ)** және үй шаруашылықтары мен ұсақ фермерлердің климаттың өзгеруіне тұрақтылығын арттыруға **(2.4 ТДМ)** ықпал ететін болады, бұл ретте таулар мен ормандар сияқты су ресурстарымен байланысты экожүйелерді қорғауға және қалпына келтіруге жәрдемдеседі **(6.6, 15.1, 15.4 және 15.2 ТДМ)**.

Табиғи ресурстарды тұрақты басқаруды және оларды тиімді пайдалануды қамтамасыз етудің түпкі мақсаты шеңберінде **(12.2 ТДМ)** қалалық және ауылдық қауымдарды тұрақты дамыту мүддесінде біз ауылдық қауымдардың өміршеңдігін арттыруға және климаттың өзгеруіне байланысты әлеуметтік-экономикалық күйзелістерден көп дәрежеде зардап шегетіндердің мүмкіндіктерін кеңейтуге жәрдемдесу үшін биоалуантүрлілік пен экожүйелерді сақтау мен тұрақты пайдалануға қаржы ресурстарын жұмылдыру мен ұлғайтуды қоса алғанда биоалуантүрлілікті қорғау **(15.9 және 15а ТДМ)**, ормандарды тұрақты басқару **(15.2 ТДМ)**, табиғи және мәдени мұраны сақтау, тозған жерлерді қалпына келтіру **(15.3 ТДМ)** және тұрақты ауыл шаруашылығы **(2.4 ТДМ)** мәселелері бойынша жұмыс істейміз. Олардың ішінде климаттың өзгеруіне бейімделудің, қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды басқарудың, сондай-ақ дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайтудың және дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін басқарудың жергілікті және ұлттық стратегияларында қажеттіліктері ескерілетін мигранттар бар **(13.1 ТДМ)**.

Кедей ауылдық аудандардағы әйелдердің таза энергияға және жер мен суға, сондай-ақ таза және «жасыл» баламалы тіршілік көздеріне қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар гендерлік теңдікке және климаттың өзгеруіне тұрақтылыққа байланысты әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ететін болады. Тіршілік көздерін климатқа аз сезімтал қызмет түрлеріне әртараптандыру әйелдерге климаттық тәуекелдерді басқаруға көбірек мүмкіндік беруі мүмкін.

<sup>37</sup> 2016 жылы Қазақстанның ұлттық деңгейде анықталатын болжамды үлесі

[https://www4.unfccc.int/sites/ndcstaging/PublishedDocuments/Kazakhstan%20First/INDC%20Kz\\_eng.pdf](https://www4.unfccc.int/sites/ndcstaging/PublishedDocuments/Kazakhstan%20First/INDC%20Kz_eng.pdf)

<sup>38</sup> Ауаның алыс қашықтықтарға трансшекаралық ластануы туралы конвенция, Траншекаралық контексте қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы конвенция, Траншекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану жөніндегі БҰҰ ЕЭК конвенциясы, Өнеркәсіптік авариялардың трансшекаралық әсері туралы конвенция және Ақпаратқа қол жеткізу, қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға және сот төрелігіне қол жеткізуге жұртшылықтың қатысуы туралы конвенция.

Осы түпкі нәтиже шеңберіндегі нәтижелер инклюзивті экономикалық өсуді қамтамасыз ету бойынша 3.1 түпкі нәтиже шеңберінде нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуге әсер етеді деп күтілуде, өйткені ол табиғи ресурстарды тиімді басқаруға, оның ішінде энергия тиімділігіне байланысты. Бұл нәтижелер неғұрлым теңдестірілген аумақтық даму мен экономикалық мүмкіндіктер, сондай-ақ ауылдық жерлерде де, қалалық жерлерде де олардың арасындағы синергия бағытында ұлттық және өңірлік дамуды жоспарлауды (**11a ТДМ**) күшейту арқылы өңірлік экономикалық теңсіздік проблемасын шешу арқылы 3.1 түпкі нәтиже шеңберіндегі жетістіктерге оң әсер етеді. Сонымен бірге нәтижелерге 2015-2030 жылдарға арналған дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайту жөніндегі іс-қимылдардың Сендай негіздемелік бағдарламасына сәйкес дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайту жөніндегі іс-қимылдар стратегияларындағы және жоспарларындағы климаттық құбылыстарға және басқа да күйзелістерге барынша бейім болуы мүмкін осал топтардың (ауыл әйелдерінің, мигранттардың, мүгедектер мен балалардың) мұқтаждықтарын қоса алғанда, кешенді негізде кедейлік проблемасын, осалдықты және қарсыласулықты шешу сияқты саясаттың келісімділігін арттыруға қатысты (**1.5, 11a, 11b және 15.9 ТДМ**) 2.2 түпкі нәтиже шеңберінде нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуге әсер етеді.

**Әріптестік:**

Негізгі ұлттық әріптестердің қатарына Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі, Орталық Азия өңірлік гляциологиялық орталығы, Төтенше жағдайлар және дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайту жөніндегі орталық және Қазақстанның денсаулық сақтау министрлігі кіреді.

Синергия экологиялық басқару, «жасыл экономика» саласында жұмыс істейтін үкіметтік және үкіметаралық ұйымдармен, іскер топтармен, азаматтық қоғамның ғылыми мекемелері мен ұйымдарымен әріптестік қатынастарды кеңейту үшін және ресурстарды тиімді пайдалану, климаттың өзгеруіне бейімделу, биоалуантүрлілікті және экожүйелерді басқару, химиялық заттарды және қалдықтарды басқару, энергия үнемдеу және энергия тиімділігі саласындағы, сондай-ақ өңірлік және ұлттық деңгейлердегі басқа да басым салалардағы стандарттар мен практикаларды ілгерілету үшін **БҰҰ-ның Орталық Азия экономикаларына арналған арнайы бағдарламасы (СПЕКА), «Климат және таза ауа» коалициясы<sup>39</sup>, Халықаралық Аралды құтқару қорының (ХАҚҚ) тұрақты даму жөніндегі мемлекетаралық комиссиясы, Энергия тиімділігі саласындағы бастама (Еуразиялық экономикалық одақпен ынтымақтастықта)** сияқты көп жақты өңірлік бастамалар шеңберінде қамтамасыз етілетін болады.

## 2.5. Ынтымақтастық негіздемелік бағдарламасының түпкі нәтижелері арасындағы синергия

Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының түпкі нәтижелері ТДМ міндеттері деңгейінде өзара байланысты, бұл Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының басты назарында тұрған мақсаттарға және оны қамтудан тыс қалатын мақсаттарға қол жеткізуге мультипликативтік әсерді қамтамасыз ету үшін синергия негізінде көзделген нәтижелерге қол жеткізу бойынша БҰҰ агенттіктері, үкіметтік ұйымдар және басқа да мүдделі тараптар арасындағы өзара іс-қимылға жәрдемдесуге тиіс. Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасын іске асыру циклі барысында

<sup>39</sup> <https://ccacoalition.org/en/partners>

ТДМ-нің нысаналы көрсеткіштері мен индикаторларын ұлттық жоспарлау және бюджетті ТДМ-нің ұлттандырылған нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі міндеттермен үйлестіру жүйесіне интеграциялау процесі нәтижесінде туындауы мүмкін синергетикалық әсерді көрсету үшін мүдделі тараптардың схемасын жасау жөніндегі жұмыс кезең-кезеңімен жүргізілетін болады. Тұрақты үйлестірушінің командасында әріптестік байланыстарға және ресурстарды жұмылдыруға жауап беретін арнайы бөлінген персоналдың болуы әріптестерді ТДМ-нің өзара байланысты міндеттеріне тартуға ықпал етуі керек. 17 ТДМ нақты міндеттері Қазақстанға 2025 және 2030 жылдарға белгіленген ұлттық басымдықтар мен мақсаттарға қол жеткізуге көмектесу үшін ресурстар мен сараптамалық білімді шоғырландыруды қамтамасыз ету үшін бірқатар ұлттық, өңірлік және халықаралық мүдделі тараптармен тиімді әріптестік құру мақсатында барлық түпкілікті нәтижелерге интеграцияланды.

Қызмет салаларында барынша тиімділікке қол жеткізу үшін Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының стратегиялық басымдықтары мен Түпкі нәтижелері Орталық Азияның неғұрлым кең контекстінде тұжырымдалған және негізінен олардың теңізге шыға алмайтын елдер мәртебесімен байланысты субөңір елдерінде анықталған даму саласындағы жалпы проблемалармен тығыз байланысты. Қазақстанның субөңірлік ынтымақтастыққа қатысуын қолдау<sup>40</sup> су ресурстары, энергетика, қоршаған орта, тұрақты көлік, транзит және байланыс, сауда, статистика, білімге негізделген даму және гендерлік проблемалар сияқты бірнеше салаларда нәтижелерге қол жеткізуді жақсарттады деп күтіледі және оның әлемдік экономикаға интеграциялануына ықпал етуі тиіс. Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасын іске асыру БҰҰ-ның әртүрлі агенттіктері жұмысының шектес облыстары арасындағы синергияны іске асыру үшін құрылған және БҰҰ жүйесіне кірмейтін мүдделі тараптардың қатысуы үшін тұғырнама болып табылатын ауқымды **трансшекаралық, өңірлік және субөңірлік платформалар мен әріптестіктерге** сүйенетін болады.

Олардың арасында Еуропа мен Орталық Азия өңірі үшін коалициялар жұмыс істейді, олар өңірлік мақсатты топтар ретінде БҰҰ-ның әртүрлі агенттіктері мен олардың әріптестері арасындағы ынтымақтастыққа ықпал ететін болады. **Гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі коалиция** шеңберінде біз неғұрлым келісілген саяси басшылық пен техникалық қолдауды қамтамасыз ету және үйлестіруді, коммуникацияны жақсарту, сондай-ақ негізгі сабақтар мен озық практика туралы ақпарат алмасу мақсатында өңірлік өзара іс-қимыл негізінде (Еуропа және Орталық Азия) Қазақстанда гендерлік теңдікке жәрдемдесу және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту үшін<sup>41</sup> БҰҰ жүйесінің үйлестірілген тәсілін күшейтуге ниеттіміз. Бұдан басқа, Биоалуантүрлілік және экожүйелік қызметтер желісі (BES-Net) және Биоалуантүрлілікті қаржыландыру жөніндегі бастама (BIOFIN) сияқты жаһандық бастамалар шеңберінде өңірлік ынтымақтастыққа қатысу Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының нәтижелеріне, сондай-ақ ұлттық мақсаттарға қол жеткізу үшін барлық деңгейлерде әлеуетті арттыруға ықпал етеді деп күтілуде.

---

<sup>40</sup> Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия экономикаларына арналған арнайы бағдарламасы (СПЕКА), <https://www.unecsc.org/speca/welcome.html> қараңыз

<sup>41</sup> Төрағалар: БҰҰ-Әйелдер және ЮНФПА, мүшелері: ФАО, ХЕҰ, ХКҰ, АҚЖКБ, БҰҰДБ, БҰҰ ЕЭК, БҰҰ-ның қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы, ЮНЕСКО, ЮНФПА, ЮНИСЕФ, БҰҰ дүлей зілзалалар қауіпін азайту, БҰҰ-әйелдер, ДАБ, ДДСҰ, толық ақпаратты <https://www.unecsc.org/runcwelcome/issue-based-coalitions/gender-equality.html> сілтемесінен қараңыз

Бұдан басқа, БҰҰ жүйесі ЕО қаржыландыратын, өңірдегі әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықты жоюға бағытталған «Жарық сәулесі»<sup>42</sup> бастамасына қатысуды қоса алғанда, Орталық Азия бойынша ЕО стратегиясы шеңберінде Орталық Азия елдерімен оның өзара іс-қимылына қатысты Қазақстанды қолдайтын болады.

ЕО-мен ынтымақтастық дәуірі зілзалаларға және климаттың өзгеруіне төзімділікті арттыру үшін негіз жасауға бағытталған Орталық Азия бастамасы, сондай-ақ Орталық, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы зорлық-зомбылық экстремизмінің алдын алуға және оған қарсы тұруға бағытталған «Азиядағы зорлық-зомбылық экстремизміне төзімділікті күшейту» бағдарламасы (STRIVE Asia)<sup>43</sup> және түпкі нәтижелердің басқа салаларында синергияға ықпал ететін басқа да бағдарламалар сияқты бірқатар бастамалар шеңберінде жүзеге асырылатын болады. Бұдан басқа, Қазақстанда энергия үнемдеу және энергия тиімділігі практикасын жетілдіру мақсатында Еуразиялық экономикалық одақпен әріптестік кеңейтілетін болады.

БҰҰ Бас Ассамблеясының (A/RES/72/283, 2018 жылғы маусым) бірауыздан қабылданған «Орталық Азия өңірінде бейбітшілікті, тұрақтылықты және тұрақты дамуды қамтамасыз ету мақсатында өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты нығайту» қарарын басшылыққа ала отырып, БҰҰ жүйесі Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ықпал ететін болады. ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасын іске асыру саясатты, деректерді және консультациялық қызметтерді субөңірлік талдау саласындағы БҰҰ өңірлік экономикалық комиссияларының (БҰҰ ЕЭК және ЭСКАТО) ресурстарына сүйене отырып, елдің БҰҰ СПЕКА<sup>44</sup> бағдарламасына қатысуын қоса алғанда, әртүрлі өңірлік бастамалардың артықшылықтарына негізделетін болады. БҰҰ жүйесі сондай-ақ Қазақстанға Аралды құтқару халықаралық қорының (ХАҚҚ) Тұрақты даму жөніндегі мемлекетаралық комиссиясы қабылдаған Орталық Азиядағы тұрақты даму жөніндегі 2030 жылға дейінгі өңірлік экологиялық бағдарламаны іске асыруда қолдау көрсетеді, ол бес басым бағытты қамтиды: судың ластануы, ауаның ластануы, қалдықтарды басқару, тау экожүйелері және жердің тозуы.

БҰҰ өңірдегі БҰҰ елдік топтарының алдын алу қызметі үшін саяси негізді қамтамасыз ету, превентивті дамуға, адам құқықтарына және гуманитарлық көмекке және Ауғанстанды қосқанда, көрші елдермен диалогты жолға қоюға кешенді тәсілге жәрдемдесу мақсатында су ресурстары, жастар және қауіпсіздік мәселелері бойынша өзара байланыс мәселелері бойынша БҰҰ-ның Орталық Азия үшін алдын алу дипломатиясы жөніндегі өңірлік орталығымен ынтымақтастықты нығайтатын болады. Соғысушы экстремизмнің алдын алу (СЭА)<sup>45</sup> жөніндегі іс-шараларда жанжалдар мен гендер мәселелерін ықпалдастыру жөніндегі жұмыс осы жаһандық қатерге қарсы тұру және өңірдегі қауіпсіздікке жәрдемдесу үшін гендерлік аспектілерді ескеретін неғұрлым тиімді және тұрақты практикаларды енгізуге мүмкіндік береді. АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың Орталық Азия қауымдастығымен (АӨА ОАҚ) ынтымақтастық стигматизацияға және кемсітушілікке қарсы күрес жөніндегі өңірлік күш-жігерді үздік үйлестіру нәтижесінде синергияға

---

<sup>42</sup> «Жарық сәулесі» бастамасы - ЕО мен БҰҰ-ның әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықты жоюға бағытталған бірлескен бастамасы <https://www.spotlightinitiative.org/>

<sup>43</sup> ЕО мен БҰҰ-ның «Азиядағы зорлық-зомбылық экстремизміне төзімділікті күшейту» бірлескен бағдарламасы, <https://www.un.org/counterterrorism/cct/strive-asia>

<sup>44</sup> Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия экономикаларына арналған арнайы бағдарламасы (СПЕКА), <https://www.unece.org/speca/welcome.html>

<sup>45</sup> Соғысушы экстремизмнің алдын алу әсерін жақсарту – Бағдарламаларды әзірлеу бойынша әдістемелік құрал, [https://www.undp.org/content/dam/undp/library/Global%20Policy%20Centres/OGC/PVE\\_ImprovingImpactProgrammingToolkit\\_2018.pdf](https://www.undp.org/content/dam/undp/library/Global%20Policy%20Centres/OGC/PVE_ImprovingImpactProgrammingToolkit_2018.pdf)



қол жеткізуге және АИТВ-мен өмір сүретін адамдарды емдеуге және күтуге қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Негіздемелік бағдарламаны іске асыру Орталық Азия елдеріндегі даму проблемаларына БҰҰ-ның неғұрлым үйлестірілген және келісілген жауабын қамтамасыз ете отырып, БҰҰ-ның Түркияда дамуды үйлестіру жөніндегі өңірлік офисінің және БҰҰ-ның бірнеше агенттіктерінің (БҰҰДБ, ЮНФПА, БҰҰ-әйелдер, ФАО) Еуропа мен Орталық Азия үшін өңірлік/субөңірлік офистерінің, сондай-ақ БҰҰ-ның Орталық Азиядағы бірнеше агенттіктерінің (ХҚҰ, БҰҰ БЖКБ, БҰҰ ЕҚБ, БҰҰ - Дүлей зілзалалар қатерін азайту) бірлесіп орналасқан субөңірлік үйлестіру кеңселерінің қатысуынан да ұтады.

БҰҰ жүйесі өңірдегі халықаралық қаржы мекемелерімен (ХҚМ) ынтымақтастықты олардың тәжірибесі мен ресурстары өңірлік және субөңірлік бастамаларды қолдау үшін пайдаланылуы мүмкін түпкі нәтижелер салаларында кеңейтетін болады. Атап айтқанда, бұл Азия даму банкінің Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық бағдарламасын, Ислам даму банкінің Орталық Азия үшін арнайы бағдарламасын, Еуропалық инвестициялық банк жанындағы экономикалық тұрақтылық бастамасы қорын және Еуропалық қайта құру және даму банкінің әлеуетті өңірлік бағдарламаларын қамтиды.

## 2.6. Тұрақтылық

БҰҰ ТДЫНБ-ның ұлттық басымдықтармен нақты келісімділігіне қол жеткізу және оқшаулау жөніндегі ұлттық әлеуетті дамытуға баса назар аудару түпкі нәтижелер шеңберінде нәтижелердің тұрақтылығына ықпал етуі тиіс.

БҰҰ жүйесі әріптестермен бірлесіп ТДМ көрсеткіштері мен нысаналы көрсеткіштерін ТДМ-ны жоспарлау мен бюджеттеуді үйлестірудің ұлттық жүйесіне интеграциялау саласындағы ұлттық институттардың әлеуетін нығайту бойынша өз күш-жігерін біріктіреді. Бұл, сондай-ақ тиісті бюджетпен мемлекеттік мекемелер мен ведомстволар деңгейінде ТДМ-нің нақты міндеттері үшін жауапкершілікті бөлу есебінен Негіздемелік бағдарламаның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасауға тиіс. ТДМ ұлттандырылған көрсеткіштерінің интеграциясын қамтамасыз ететін нәтижелерге қол жеткізу үшін жауапкершілікті арттырудан күтілетін нәтиже ТДМ жетістіктері мониторингінің ұлттық әлеуетіне оң әсер етуі тиіс. Мониторинг саласындағы ұлттық әлеуетті нығайту, оның ішінде бөлінген деректерді жинау БҰҰ ТДЫНБ-ның стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылады.

Сонымен бірге, БҰҰ-ның барлық агенттіктері өздерінің шығу стратегиялары шеңберінде ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде алынған өнімдер мен пайдалар үшін мүдделілік пен жауапкершілікті қабылдай алу үшін әріптес мекемелердегі әлеуеттің тиісті дамуын қамтамасыз етеді. Нәтижелер матрицасы заңнамалық және стратегиялық шеңберлер, институционалдық және адами әлеуетті дамыту сияқты қолайлы жағдайлар жасауды қоса алғанда, түпкі нәтижелер шеңберінде нәтижелерге қол жеткізу үшін қажетті барлық тиісті әлеуетті көрсететін көрсеткіштерді қамтиды. Алдыңғы Негіздемелік бағдарламаларды (2016-2020 ДӘНБ) жүзеге асырудан алынған сабақтарды негізге ала отырып, БҰҰ жүйесі бұдан әрі де гендер белгісі бойынша зорлық-зомбылық, жасөспірімдер мен жастар арасындағы өлім-жітім сияқты даму саласындағы әртүрлі проблемалардың неғұрлым тұрақты шешімдерін айқындауда өзінің

тиімділігін дәлелдеген көп салалы тәсілді пайдалануды көтермелейтін болады және оның институционализациясын көтермелейтін болады.

Бұдан басқа, адам құқықтары саласындағы құжаттар мен конвенцияларды қоса алғанда, Қазақстан белсенді қатысатын басқа да негіздемелік бағдарламалармен синергияны жақсарту конвенциялардың орындалуы үшін құрылған адам құқықтарының іске асырылуын қадағалау жөніндегі құралдар мен тетіктерден алынған ұсынымдарға сәйкес Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының нәтижелерін ықпалдастыруға Үкіметтің бейімділігін нығайтады.

Бұдан басқа, Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасын жүзеге асыру БҰҰ жүйесінің, үкіметтер мен мүдделі тараптардың мекемелерінің ұлттандырылған ТДМ-ге қол жеткізу ісінде ашықтығы мен есеп берушілігін арттыруға ықпал ететін болады. Бірлескен коммуникациялық және ақпараттық-насихаттық стратегияны жүзеге асыру стратегиялық әріптестіктің арқасында қол жеткізілген нәтижелер туралы ақпараттың неғұрлым кең таралуына ықпал етуі тиіс, сонымен бірге осы нәтижелердің тұрақты даму жөніндегі жаһандық және өңірлік форумдарда және өңірлік ынтымақтастық шеңберінде неғұрлым кең таралуы осы нәтижелердің ұлттық және өңірлік деңгейлерде таралуына және тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал етуі тиіс.

## 2.7. БҰҰ-ның салыстырмалы артықшылықтары және БҰҰЕК құрылымы

Үкіметтің 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму саласындағы күн тәртібін жүзеге асыруға бейімділігі БҰҰ-ға өзінің неғұрлым айқын салыстырмалы артықшылықтарын толық көлемде пайдалануға мүмкіндік береді, бұл оның ТДМ-нің шешуші жақтаушысы болып табылатындығында және олардың ұлттық саясатқа кірігуі ісінде жоғары деңгейдегі техникалық тәжірибесі бар. ТДМ-ды секторалдық саясат пен жоспарларға интеграциялау мәселелерімен айналысатын көптеген мүдделі тараптардың қатысуымен 5 негізгі бағыт бойынша тақырыптық топтардың жұмысына қатысу Үкіметпен мемлекет меншігіне алу жөніндегі болашақ қадамдар туралы диалогты кеңейту және, мүмкін, БҰҰ ЕК саясат, техникалық сараптамалық білім және қызметтер, сондай-ақ жаһандық желілерге қол жеткізу мәселелері бойынша консультациялар беру үшін неғұрлым пайдалы ТДМ-салаларды оқшаулау үшін тиімді тетіктерді қамтамасыз етеді. БҰҰ Қазақстандағы құнды әріптес ретінде қарастырылады және БҰҰ қызметтеріне сұраныс техникалық тәжірибе, тәуелсіз стратегиялық консультациялар, барлық деңгейлерде институционалдық әлеуетті дамыту, халықаралық міндеттемелерді, нормалар мен стандарттарды мониторингілеу және іске асыру, сондай-ақ ұлттық және халықаралық мүдделі тараптардың қатысуын қамтамасыз ету салаларында жоғары болып қалады. Резидент агенттіктердің де, резидент емес агенттіктердің де әлеуеті мен активтері Қазақстандағы БҰҰ жүйесіне нәтижелерге қол жеткізудің әртүрлі салаларындағы даму міндеттерін шешуге мүмкіндік береді және Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы шеңберінде барлық ТДМ-ге қол жеткізуге ықпал етеді.

## 3-ТАРАУ: ӘРІПТЕСТІКТІҢ НЕГІЗДЕМЕЛІК БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ

### 3.1. Іске асыру стратегиясы және стратегиялық әріптестік

Алдыңғы Негіздемелік әріптестік бағдарламасын (2016-2020 жж. ДӘНБ) іске асыру 2030 жылға дейінгі Тұрақты дамудың күн тәртібі шеңберінде Үкімет көрсеткен жауапкершіліктің жоғары

деңгейіне байланысты Қазақстанның дамуы контексіндегі орасан зор өзгерістермен тұспа-тұс келді.

Процестің басынан бастап ТДМ енгізуге белсенді қатыса отырып, Қазақстандағы БҰҰ үкіметпен бірлесіп, БҰҰ агенттіктері, мемлекеттік министрліктер, азаматтық қоғам және жеке сектор өкілдері сияқты стратегиялық әріптестердің негізгі ресурстарын барынша мүмкін дәрежеде шоғырландыру жолымен 2030 жылға дейінгі Күн тәртібіндегі міндеттерге қол жеткізу тетігі ретінде Ынтымақтастықтың жаңа негіздемелік бағдарламасын әзірледі. 2016-2016 жж. ДӘНБ түпкі бағалау және 2019 ж. стратегиялық жоспарлау жөніндегі ретрит ұсынымдарына сүйене отырып, БҰҰЕК тиісті ұлттық пікірталастар мен институционалдық тетіктерге қатыса алуы және тұрақты даму саласындағы күн тәртібін үйлестіру, жүзеге асыру және мониторингілеу жөніндегі ұлттық, қосалқы ұлттық және жергілікті деңгейлердегі міндеттердің бір бөлігін өзіне алуы үшін азаматтық қоғамның, ғылыми топтар мен зерттеу мекемелерінің ТДМ жөніндегі үйлестіру кеңесіне неғұрлым белсенді қатысуын қолдайтын болады.

2021-2025 жылдарға арналған БҰҰ ТДЫНБ басқару құрылымы БҰҰ агенттіктері мен олардың әріптестері арасында тиімді стратегиялық альянстарды жолға қоюға жәрдемдесу үшін ТДМ іске асырудың ұлттық үйлестіру тетіктерімен келісіліп әзірленді (2-суретті қараңыз). Неғұрлым нақты келісуге қол жеткізу БҰҰ ТДЫНБ тиімді іске асырылуын және 2019 жылғы Ерікті ұлттық шолу шеңберінде айқындалған мынадай маңызды қадамдарда: ұлттық басымдықтар мен «ешкім де назардан тыс қалмауы тиіс» қағидатын ескере отырып, ТДМ міндеттері мен индикаторларын ұлттандыру процесін аяқтау; 2030 жылға дейін ТДМ индикаторлары үшін негізгі және мақсатты көрсеткіштерді айқындау; ТДМ индикаторлары бойынша мониторинг және есеп беру жүйесін құру; және бюджеттік жоспарлауды ТДМ міндеттерімен және индикаторларымен үйлестіру сияқты қадамдарда елді қолдауды қамтамасыз ету мақсатында, мысалы, Экономикалық зерттеулер институты сияқты ТДМ жөніндегі үйлестіру органдарымен және техникалық қолдау көрсететін мекемелермен операциялық деңгейде маңызды әріптестікті нығайтады.<sup>46</sup>

### 3.2. Бірлескен жұмыс жоспарлары

Әріптестіктің негіздемелік бағдарламасы Сыртқы істер министрлігі (Үкіметтің үйлестіруші органы) тарапынан жалпы үйлестіру кезінде ұлттық деңгейде іске асырылатын болады. Бағдарламалық қызметті мемлекеттік министрліктер, үкіметтік емес ұйымдар, ғылыми және зерттеу мекемелері, сондай-ақ БҰҰ жүйесінің мекемелері жүзеге асыратын болады. БҰҰ ТДЫНБ-ды операциялық ету бірлескен жұмыс жоспарлары (БЖЖ) және қажет болған жағдайда қол жеткізу үшін нақты нәтижелері бар (ТДМ мақсаттарына байланысты) нақты агенттіктер деңгейіндегі жұмыс жоспарлары мен жобалау құжаттары арқылы жүргізілетін болады және олар қажет болған жағдайда БҰҰ жүйесінің агенттіктері мен іске асыру жөніндегі әрбір әріптес арасындағы ресурстарды пайдалану туралы келісімдердің негізіне айналады. БҰҰ жүйесінің агенттіктері мен әріптестері мүмкіндігінше ең аз қажетті құжаттарды, атап айтқанда қол қойылған Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасын және әрбір мекеме үшін қол қойылған бірлескен немесе нақты жұмыс жоспарлары мен бағдарламалық бастамаларды іске асыру үшін

---

<sup>46</sup> Ерікті ұлттық баяндама, Қазақстан (2019)

жобалық құжаттарды пайдаланатын болады. Сонымен бірге, қажеттілігіне және орындылығына қарай жобалау құжаттары, атап айтқанда, Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасынан және бірлескен немесе жекелеген жұмыс жоспарларынан және/немесе агенттіктердің жобалау құжаттарынан тиісті мәтінді пайдалана отырып дайындалуы мүмкін.

Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасынан туындайтын **бірлескен жұмыс жоспарлары** БҰҰ жүйесі есеп беретін және жауапты болатын нақты белгіленген мерзімдермен өлшенетін аралық нәтижелерді қамтитын болады. Бірлескен жұмыс жоспарларын жыл сайын нәтижелер бойынша Топтар әзірлейтін және жаңартатын болады және Қазақстандағы барлық агенттіктердің, сондай-ақ БҰҰ ТДЫНБ-ға қосылуға мүдделі резидент емес агенттіктердің жұмысын көрсететін болады. Әзірлеу кезеңінде бірлескен аралық нәтижелерге қол жеткізу үшін өтпелі салаларды айқындау мақсатында бағалау жүргізілетін болады. Бірлескен жұмыс жоспарлары аралық нәтижелер деңгейіндегі тиімділік көрсеткіштерінің жиынтығын қамтитын болады, бұл БҰҰ жүйесі мен оның әріптестеріне БҰҰ-ның ұлттық басымдықтар мен ТДМ-ге үлесін көруге мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандай, гендерлік теңдік саласындағы бағдарламалау және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қағидатының Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасына интеграциялануын қамтамасыз ету үшін гендерлік маркерлер аралық нәтижелер деңгейіндегі бірлескен жұмыс жоспарларына, оның ішінде гендерлік аспектілерге тікелей қатысы жоқ түпкі нәтижелер шеңберіндегі аралық нәтижелерге енгізілетін болады.

### 3.3. Басқару

Жоғары деңгейдегі Басқарушы комитеттен, нәтижелері бойынша төрт топтан және басқа да тақырыптық және техникалық топтардан тұратын БҰҰ ТДЫНБ басқару құрылымы үкіметтің басшылығымен жүзеге асырылатын ТДМ ұлттық басымдықтарымен және ұлттандыру процестерімен тығыз байланыста БҰҰ ТДЫНБ үйлестірілген және тиімді іске асырылуын қамтамасыз етуі тиіс (1-суретті қараңыз).


**Басқарушы комитет**, БҰҰ жүйесінің атынан БҰҰ Тұрақты үйлестірушісінің және Үкімет атынан Сыртқы істер вице-министрінің тең төрағалығымен БҰҰ-ның ТДЫНБ-ын жоғары деңгейде іске асыруда қадағалау мен қолдауды қамтамасыз ету мақсатында құрылатын болады. Басқарушы комитеті БҰҰ ТДЫНБ қызметін және нәтижелері бойынша Топтар әзірлеген бірлескен жұмыс жоспарларын қайта қарауға және стратегиялық басқаруға жауап береді, нәтижелері бойынша БҰҰ-ның Елдік есебіне стратегиялық шолу жүргізеді, сондай-ақ БҰҰ-ның бағалау жөніндегі тобының стандарттарына сәйкес Негіздемелік бағдарламаға түпкі бағалау жүргізуге бақылауды қамтамасыз ететін болады.

Жоғары деңгейдегі саясат мәселелері бойынша диалог арқылы Тұрақты даму мақсаттарын іске асыруды және мониторингті қолдау үшін Басқарушы комитет мұны орынды деп есептеген кезде ТДМ жөніндегі үйлестіру кеңесімен өзара іс-қимыл жасайтын болады. Басқарушы комитет ұлттық басымдықтар мен белгіленген түпкі нәтижелерге қол жеткізуге бағдарлану үшін Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының тұрақты өзектілігін, сондай-ақ оны ұлттық

және халықаралық әріптестердің кең ауқымымен қолдауды қамтамасыз ету үшін *мүдделі тараптардың жыл сайынғы отырысын* шақыратын болады.

Үкіметпен уағдаластыққа сәйкес Басқарушы комитет түпкі нәтижелер көрсеткіштері бойынша прогресті бағалау, тәуекелдерді талдауды жаңарту, сондай-ақ іске асырудағы өткір проблемаларды жоғары деңгейде жою мақсатында мониторинг барысында жиналған ақпаратты қарау және талқылау үшін отырыстарды тұрақты түрде өткізетін болады. Басқарушы комитет одан әрі де қаржыландырудағы олқылықтарды жоюды және бағдарламаның туындайтын басым міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін болады.

**2-сурет. ТДЫНБ басқару құрылымы және оның ТДМ үйлестірудің ұлттық тетіктерімен келісілуі**



Басқару құрылымы **БҰҰ ТДЫНБ нәтижелері бойынша төрт Топты** қамтитын болады - «Адамдар» (1.1. түпкі нәтиже және 1.2 түпкі нәтиже), «Бейбітшілік» (2.1. түпкі нәтиже және 2.2. түпкі нәтиже), «Планета» (3.2. түпкі нәтиже) және «Өркендеу» (3.1 түпкі нәтиже). БҰҰ-ның «Әріптестік» мекемеаралық тобы нәтижелердің тақырыптық салалары арасында байланысты қамтамасыз етеді және осыған ұқсас функция ТДМ 16 (Бейбітшілік және тиімді институттар) және 17 ТДМ (Әріптестік) БҰҰ ТДЫНБ шеңберінде барлық басқа мақсаттарға қол жеткізуде маңызды рөл атқаратын «Бейбітшілік» тобына жүктеледі. Осы мақсатта «Бейбітшілік» және «Әріптестік» топтарының мүшелері басқа үш Нәтижелер бойынша топтың әрқайсысына кіреді.

Нәтижелер бойынша топтардың негізін БҰҰЕК құрайды, бұл ретте, ТДМ мақсаттарымен Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасын тиісінше келісу бірлескен жұмыс жоспарларын әзірлеу және қайта қарау процесіне үкіметтен, азаматтық қоғамнан және жеке кәсіпорындардан әріптестерді неғұрлым белсенді тартуды қамтамасыз етеді, ал Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасын іске асыру Қазақстанда ТДМ-ге қол жеткізу мақсатында жаңа келісімнің үлгісі болады деп күтілуде. Нәтижелер бойынша топтар әр алты ай сайын немесе іске асыру мен үйлестірудің өткір проблемаларын талқылау, нормативтік базаны пайдалануды қайта қарау, сондай-ақ бірлескен бағдарламалау мен ресурстарды бірлесіп жұмылдырудың жаңа және инновациялық тәсілдерін талқылау қажет болған жағдайда жиі кездесетін болады. Нәтижелер бойынша топтар Тұрақты үйлестірушінің командасында мониторинг және бағалау жөніндегі үйлестірушінің қолдауымен бірлескен жұмыс жоспарларын және Негіздемелік бағдарламаның түпкі нәтижелерін мониторингілеу және бағалау процесіне жәрдемдесетін болады және Басшылық комитетке Комитет тарапынан іс-қимылды талап ететін саясаттың және жоғары деңгейдегі үйлестірудің кез келген мәселелерін жеткізеді.

**Гендер жөніндегі тақырыптық топ** гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттарына сәйкес ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының жүзеге асырылуын қадағалауды қамтамасыз ететін болады және нәтижелер мен олардың мониторингі саласында осы қағидаттарды ықпалдастыру ісінде Нәтижелер бойынша топтарға қолдау көрсететін болады. Бастапқы көрсеткіш ретінде бағалау нәтижелерін гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері бойынша БҰҰ-ның Жалпы жүйелік іс-қимыл жоспарының (UNSWAP) көрсеткіштер жиынтығын пайдалана отырып, Топ БҰҰЕК осы саладағы жұмысының тиімділігін арттыруға және ықтимал іс-қимылдар мен бағдарламаларды, оның ішінде бірлескен коммуникация мен ақпараттық-насихаттық қызметті үйлестіруді жақсартуға, сондай-ақ БҰҰ ТДЫНБ шеңберінде нормативтік базаны әзірлеуді қолдауға бағытталған бірлескен іс-қимыл жоспарының әзірленуі үшін жауапты болады. Құрамына елде жұмыс істейтін БҰҰ агенттіктерінің үйлестірушілері кіретін топ БҰҰЕК-ға елдік деңгейде есеп береді.

**БҰҰ-ның АИТВ/ЖИТС жөніндегі біріккен тақырыптық тобы** БҰҰ-ның АИТВ/ЖИТС-ке қарсы күрес жөніндегі үйлестірілген іс-қимылдарын жоспарлау, басқару және мониторингілеу үшін форумды қамтамасыз етеді. Оның басты рөлі үкіметтің басшылығымен және азаматтық қоғамның, АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың, жеке сектордың және басқа да негізгі мүдделі тараптардың қатысуымен АИТВ/ЖИТС бойынша көп салалы әріптестік құру болып табылады. Оның құрамына тиісті ұлттық мекемелердің, азаматтық қоғам ұйымдарының және БҰҰ-ның мүдделі агенттіктерінің өкілдері кіреді.

**Операциялық мәселелер жөніндегі топ (ОМТ)** БҰҰЕК-ға қызметті үйлестіру және нәтижелерге қол жеткізуге жәрдемдесу жөнінде жәрдем көрсететін және консультация беретін болады. Операциялық мәселелер жөніндегі топты ротация тәртібімен БҰҰ агенттіктерінің операциялар жөніндегі басшылары басқаратын болады. Құрамына БҰҰ-ның әрбір агенттігінен операциялық немесе әкімшілік мәселелер жөніндегі басшылар кіретін топ есеп берушілік пен ашықтықты қамтамасыз ете отырып, неғұрлым шоғырланған, стратегиялық, дәйекті және үнемді әкімшілік-шаруашылық қызметті қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік-шаруашылық қызмет стратегиясын іске асыруға жауапты болады.

**БҰҰ-ның бірлескен коммуникациялар жөніндегі тобы** БҰҰ-ның басымдықтары және оның БҰҰ-ның ТДЫНБ шеңберіндегі үлесі туралы неғұрлым үйлестірілген түрде хабарлауда БҰҰЕК-ға көмек көрсететін болады және ақпараттық-насихаттық қызметті және ресурстарды жұмылдыру жөніндегі жұмысты қолдайтын болады. Ол коммуникация және ақпараттық-насихаттық қызмет саласындағы бірлескен жоспар әзірлейді, ол мониторинг және бағалау жоспарымен байланыстырылатын болады және оның іске асырылуы туралы БҰҰЕК алдында елдік деңгейде есеп беретін болады. Неғұрлым осал топтарды қоса алғанда, БҰҰ жүйесінің Қазақстан халқы алдындағы есептілігін ілгерілету мақсатында коммуникациялық топ 2030 жылға дейін тұрақты даму саласындағы ұлттық басымдықтар мен Күн тәртібіне қол жеткізу үшін 2021-2025 ТДЫНБ шеңберінде БҰҰ жұмысының көрнекілігін және БҰҰ, үкімет, азаматтық қоғам әріптестері мен ғылыми топтар және т.б. арасындағы ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру үшін инновациялық техникалық шешімдер мен стратегиялық әріптестіктерді зерделейтін және ұсынатын болады.

БҰҰ-ның АИТВ/ЖИТС жөніндегі бірлескен тобы елдегі материалдық және тұрақты нәтижелерге қол жеткізу үшін көзқарастың келісімділігін, саясат басымдықтарын және қаржы қаражатын

бөлуді күшейтуді қамтамасыз ету үшін Қазақстандағы негізгі донорлар ретінде ЖИТС-ке байланысты көмек көрсету жөніндегі Жаһандық қормен және АҚШ Президентінің Төтенше жоспарымен (PEPFAR) қызметті үйлестіруге ықпал ететін болады.

### 3.4. Ресурстарды жұмылдыру және есеп беру

БҰҰ жүйесінің агенттіктері техникалық қолдауды, ақшалай көмекті, жеткізілімдерді, тауарлар мен жабдықтарды, сатып алу жөніндегі қызметтерді, көлікті, ақпараттық-насихаттық қызметті қаржыландыруды, зерттеулер мен іздестірулерді, консультацияларды, бағдарламалар әзірлеуді, мониторинг пен бағалауды, оқу іс-шараларын және кадрлық қолдауды қамтуы мүмкін Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қолдау көрсететін болады. БҰҰ жүйесі агенттігін қолдаудың бір бөлігін үкіметтік емес ұйымдарға (азаматтық қоғам ұйымдарына) жеке жұмыс жоспарлары мен жобалық құжаттар шеңберінде келісілгендей көрсете алады.

БҰҰ жүйесі агенттіктерінің қаражаты бағдарламаны іске асырудағы жыл сайынғы шолулар мен прогресс негізінде күнтізбелік жылдар бойынша Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасына сәйкес бөлінеді. Бұл бюджеттерді қарау және егжей-тегжейлі жасау жұмыс жоспарлары мен жобалық құжаттар аясында жүзеге асырылады. Үкімет пен БҰҰ даму жүйесінің агенттіктері арасындағы өзара келісім бойынша донорлар Біріккен Ұлттар Ұйымының даму жүйесінің агенттіктеріне нақты іс-шараларға арналмай бөлетін қаражат бағдарламалық тұрғыдан маңызды емес басқа да іс-шараларға қайта бөлінуі мүмкін.

Үкімет БҰҰ жүйесі агенттіктерінің Ынтымақтастықтың осы негіздемелік бағдарламасының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті қаражатты тарту жөніндегі күш-жігерін қолдайтын болады және БҰҰ жүйесінің агенттіктерімен ынтымақтасатын болады, оның ішінде: әлеуетті донор-үкіметтерге БҰҰ жүйесінің агенттіктеріне бағдарламаның қаржыландырумен қамтамасыз етілмеген құрамдас бөліктерін іске асыру үшін қажетті қаражат беруге шақыру; БҰҰ жүйесі агенттіктерінің жеке секторды халықаралық деңгейде де, ұлттық деңгейде де қоса алғанда, басқа көздерден бағдарлама үшін қаражат тарту жөніндегі күш-жігерін мақұлдау; донорға арналған салықтарды төлеуден қолданыстағы заңнамамен барынша рұқсат етілген дәрежеде босатылатын Қазақстандағы жеке тұлғаларға, корпорацияларға және қорларға осы бағдарламаны қолдау үшін жарналар жасауға рұқсат беру мақсатында.

Ақша қаражатын аударудың келісілген әдістеріне (НАСТ) сәйкес Іске асыру жөніндегі әріптеске барлық ақша аударымдары Іске асыру жөніндегі әріптес пен БҰҰ жүйесінің агенттіктері арасында келісілген бірлескен жұмыс жоспарларына негізделеді. Тікелей ақша аударымдары үш айдан аспайтын бағдарламаны іске асыру кезеңдерге сұратылады және беріледі. Бұрын бекітілген шығыстарды өтеу тоқсан сайын немесе іс-шаралар аяқталғаннан кейін сұралады және жүзеге асырылады. БҰҰ жүйесінің агенттіктері әріптестің бекітілген сомадан тыс іске асыру бойынша жұмсаған шығыстарын өтеу бойынша міндеттерді атқармайды. Кез келген қызмет аяқталғаннан кейін қаражаттың кез келген қалдығы бағдарламада Іске асыру жөніндегі әріптес пен БҰҰ жүйесінің агенттіктері арасындағы өзара келісім бойынша өтеледі немесе бөлінеді.

БҰҰ жүйесінің мекемелері әріптес пен үшінші тарап жеткізушісі арасында жасалған шарттық келісімдер аясында тікелей жауап бермейді. БҰҰ жүйесінің белгілі бір мекемесі және БҰҰ



жүйесінің басқа агенттіктері Іске асыру жөніндегі бір әріптеске ақшалай қаражат берген жағдайда, бағдарламалардың мониторингі, қаржылық бақылау және аудит БҰҰ жүйесінің осы агенттіктерімен бірлесіп жүзеге асырылатын немесе үйлестірілетін болады.

Үкімет пен іске асыру жөніндегі ұлттық үкіметтік емес әріптестер алатын ақша қаражаты халықаралық стандарттарға сәйкес келетін белгіленген ұлттық ережелерге, саясатқа және рәсімдерге сәйкес, атап айтқанда жұмыс жоспарларында келісілген қызметке ақша қаражатының жұмсалуды қамтамасыз ету үшін және қаражатты алғаннан кейін алты ай ішінде БҰҰ-ның барлық алынған ақша қаражатын пайдалану туралы есептерді ұсынуды қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Егер қандай да бір ұлттық ережелер, саясат пен рәсімдер халықаралық стандарттарға сәйкес келмеген жағдайларда, БҰҰ жүйесі агенттіктерінің қаржылық және басқа да тиісті ережелері мен ережелері, саясаты мен рәсімдері қолданылатын болады.

Аудиторлық тексерулерді БҰҰ жүйесі агенттіктерінің тапсырысы бойынша жеке аудиторлық ұйымдар жүргізетін болады.

## 4-ТАРАУ: МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ЖОСПАРЫ

### 4.1. Мониторинг және бағалау жоспары


Саясатты әзірлеу үшін бөлінген деректер мен дәлелдерді жинау негіздемелік бағдарламаның негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. БҰҰЕК осал топтарға қатысты ТДМ жаһандық және ұлттық көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпарат беретін, бөлінген деректерді жинау саласындағы олардың әлеуетін нығайтуда ұлттық әріптестерге қолдау көрсетуді жалғастырады. Даму саласындағы басым міндеттерді шешуге БҰҰ жүйесінің үлесін мониторингілеу және бағалау Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Үкіметтің бірлескен міндеті ретінде қаралады; сондықтан ұлттық жүйелер БҰҰ жүйесінің тиімділігін, пәрменділігін және есептілігін одан әрі арттыру мақсатында НБ нәтижелері туралы мониторинг және есептілік үшін барынша мүмкін дәрежеде пайдаланылатын болады (3-суретті қараңыз).

Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы нәтижелерінің кестесі қол жеткізілген прогресс бағаланатын негізгі құрал болады. Көрсеткіштерді іріктеу кезінде олардың ұлттық деңгейде басымдылығын белгілеуге (ТДМ міндеттері) және оларды ресми статистикаға енгізуге байланысты пікірлер ескерілді. Қазақстандағы БҰҰ ТДМ-ге қол жеткізуге жалпы үлестің бірлескен мониторингі саласындағы 5 негізгі бағыт бойынша топ мүшелерінің жұмысын үйлестіруді жетілдіру бойынша жұмыс істейтін болады; бұған Тұрақты үйлестіруші кеңсесі деңгейінде мониторинг және бағалау саласындағы ішкі әлеуетті нығайту және ТДМ мониторингіне жауап беретін Экономикалық зерттеулер институтымен ынтымақтастықты кеңейту жолымен қол жеткізілетін болады. Осы мақсатта Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының мониторингі мен бағалау процестері ТДМ мониторингінің ұлттық жүйесімен барынша тығыз байланысты болады. 3-қосымшада келтірілген мониторинг және бағалау жоспары жоспарланған іс-шараларға шолуды қамтиды және БҰҰ агенттіктері мен ұлттық әріптестердің елдегі ТДМ мониторингі мен есептілік жүйесін ілгерілету жөніндегі рөлі мен міндеттерін көрсету үшін үнемі жаңартылып отыратын болады. Жоспар бірлескен тексерістерді, зерттеулерді, БҰҰ агенттіктерінің

ұлттық мониторинг жүйелеріне қосқан үлесін, оның ішінде адам құқықтары жөніндегі құралдардың мониторингін, бағалау мен талдауды, сондай-ақ мониторинг пен бағалау саласындағы әлеуетті арттыру жөніндегі іс-шараларды қамтиды. БҰҰЕК азаматтық қоғам әріптестеріне ТДМ/НБ мақсаттарына қол жеткізу мониторингіне белсенді қатысуға мүмкіндік беретін инновациялық және кең қатысуға негізделген мониторинг құралдары мен тұғырнамаларын пайдалану мүмкіндігін зерделейді.

2021-2025 жылдарға арналған ТДЫНБ тәуелсіз бағалау БҰҰ-ның Бағалау жөніндегі тобының (ББҰБТ) стандарттарына сәйкес іске асырудың соңғы жылының алдындағы жылы жүргізілетін болады. Бағалау барысында 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму саласындағы күн тәртібін іске асыру жолында Біріккен Ұлттар Ұйымы Қазақстанға көрсететін қолдаудың өзектілігін, тиімділігін, пәрменділігін, әсері мен тұрақтылығын және дамудың ұлттық басымдықтарын бағалау жүргізілетін болады. Ол барлық тиісті мүдделі тараптардың қатысуымен жан-жақты және бірлескен іс-шара ретінде өткізілетін болады. Бағалаудан алынған қорытындылар мен сабақтар 2025-2030 жж. іске асырудың келесі циклі үшін ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасын әзірлеу кезінде пайдаланылатын болады.

3-сурет: 2021-2025 жылдарға арналған ТДЫНБ шеңберінде мониторингтің және ТДМ бойынша мониторинг пен есептіліктің ұлттық жүйесінің келісілуі



Іске асыру жөніндегі әріптестер ақша қаражатын аударумен қолдау көрсетілетін барлық қызмет түрлерінің мониторингі үшін БҰҰ жүйесінің агенттіктерімен ынтымақтасуға келіседі және тиісті қаржылық есептерге және БҰҰ жүйесінің агенттіктері ұсынатын ақша қаражатын басқаруға жауапты персоналға қол жеткізуге жәрдемдесетін болады. Осы мақсатта Іске асыру жөніндегі серіктестер келесілермен келіседі:

1. Жағдайларға байланысты және осы серіктестердің БҰҰ жүйесінің агенттіктерімен келісімшарттарының/құжаттарының нақты ережелерінде сипатталғандай, жергілікті жерлердегі мерзімді шолулар және олардың қаржылық құжаттамасын БҰҰ жүйесінің агенттіктерімен немесе олардың өкілдерімен іріктеп тексеру;
2. БҰҰ жүйесі агенттіктерінің стандарттарына және жергілікті жерлердегі сапарлар мен мониторингке қатысты басшылық нұсқауларға сәйкес қызметтің бағдарламалық мониторингі;
3. Арнайы немесе жоспарлы тексерулер. БҰҰ жүйесінің әрбір агенттігі БҰҰ жүйесінің басқа агенттіктерімен ынтымақтастықта (қалауы бойынша және тиісті үйлестіруші министрлікпен консультацияда) БҰҰ жүйесінің агенттіктерінен елеулі ақшалай көмек алатын, сондай-ақ қаржыны басқару саласындағы әлеуеті нығайтуды қажет ететін іске асыру жөніндегі әріптестердің тексерулеріне басымдық бере отырып, аудиттің жылдық жоспарын құрайды.

#### 4.2. Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасына шолу және есеп беру

Тұрақты даму мақсатында Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасын жасау жөніндегі соңғы нұсқаулыққа сәйкес Жалпы елдік талдау БҰҰ-ның Елдік командасы жыл сайынғы негізде жаңартатын тірі құжат болады деп күтілуде. Дәл осындай тәсіл нәтижелер кестесіне қолданылады; бұл ретте көрсеткіштер жиынтығын ТДМ көрсеткіштері үшін әдіснаманың және Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасында белгіленген нәтижелерге қол жеткізуден неғұрлым осал топтардың пайда алатынын түсіну үшін деректерді жақсырақ бөлуге мүмкіндік беретін ұлттық көздердің қолжетімділігіне қарай нәтижелер бойынша топтар нақтылауы мүмкін.

Үкіметтің тақырыптық баяндамалары мен ерікті ұлттық шолуларды дайындауда Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының есептілігін пайдалануды қамтамасыз ету үшін Жалпы елдік талдау мен Бірлескен жұмыс жоспарларына жыл сайынғы шолу өзгерістер теорияларына сәйкес белгіленген ТДМ-нің өзара байланысты нысаналы көрсеткіштеріне негізделетін болады (1-суретті қараңыз). Осыған сүйене отырып, Топтар Негіздемелік ынтымақтастық бағдарламасының нәтижелері бойынша өзгерістердің өзектілігін және жорамалдардың негізділігін қамтамасыз ету мақсатында олардың теорияларын қайта қарайтын болады. Бірлескен Басшылық комитетке ұсынылатын БҰҰ-ның нәтижелер туралы жыл сайынғы елдік есептері ТДМ мақсаттары арасындағы өзара байланысты талдауды қамтитын болады. Сонымен қатар, БҰҰЕК ТДМ/Негіздемелік бағдарламаның нақты салалары бойынша шолу тақырыптық есептілік дайындауға және бірлескен бағалау үшін таңдалған тақырыптар мен БҰҰ жүйесі мен Үкіметтің есеп беруін қамтамасыз ету және есеп беруді ұсыну қажеттілігі арасындағы сәйкестікті қамтамасыз ету үшін осы процесті ТДМ мониторингі мен есептілігінің ұлттық тетігімен бірлесіп үйлестіруге ниетті (2-сурет) .

Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы шеңберінде есептілікті жақсарту үшін БҰҰЕК бірлескен коммуникация бойынша аралық нәтижелерді қамтитын мониторинг және бағалау жоспарына сәйкес келтірілетін шығыстар сметасымен коммуникация және ақпараттық-насихаттау қызметінің жоспарын әзірлейді. Бұл жоспар ақпараттық-насихаттық қызметтің маңызды құралы ретінде қаралады және ұлттық ресурстарды жұмылдыру мақсатында, сондай-ақ 2030 жылға дейінгі Күн тәртібіндегі міндеттерге қол жеткізу үшін өңірлік және халықаралық әріптестік шеңберінде біріккен ақпараттық-насихаттық қызметті жүргізу бойынша БҰҰ-ның бірлескен күш-жігерін ілгерілету арқылы Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасында және тиісті мақсаттарда тікелей қозғалатын ТДМ міндеттеріне қол жеткізудегі прогресті жеделдетуге ықпал ететін болады. РПС нәтижелері бойынша есептілік пен ТДМ мақсаттарына қол жеткізу арасындағы үйлестіруді одан әрі күшейту үшін БҰҰЕК БҰҰ агенттіктері мен олардың стратегиялық серіктестерінің бірлескен күш-жігері туралы ақпараттандыру үшін Қазақстан үшін [www.sgds.kz](http://www.sgds.kz) ТДМ ресми порталында Экономикалық зерттеулер институтымен ынтымақтастықты кеңейтуді жоспарлап отыр.

### 4.3. Тәуекелдер мен мүмкіндіктер

Әлемдік экономикаға терең әсер ететін COVID-19 пандемиясының таралуы<sup>47</sup> әлеуметтік, саяси және экономикалық жүйелердің осалдығын ашып, бұрын болған теңсіздікті күшейтеді. Нәтижесінде халықтың қолайсыз және маргиналды топтарының көпшілігіне әсер етеді; сонымен қатар, жаһандық рецессия гендерлік теңдікке қол жеткізудегі және бүкіл әлемдегі әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтудегі жетістіктерді шектейді<sup>48</sup>. Қосымша ресурстар мен әлеуметтік салдарларды азайту және экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету жөніндегі шаралар талап етіледі.

COVID-19 пандемиясынан туындаған Қазақстандағы экономикалық құлдырау ТДМ-ге қол жеткізу үшін тәуекелдер тудыруы мүмкін, бұл Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының нәтижелерін іске асыруға әсер етуі мүмкін. Ағымдағы жаһандық дағдарысқа байланысты Қазақстанның өзгеріп отырған қажеттіліктеріне БҰҰ жүйесінің шоғырландырылған ден қоюы БҰҰ-ның COVID-19-ға ден қою және қалпына келтіру жөніндегі қоры арқылы БҰҰ мекемелерінің сындарлы маңызды сараптамалық білімі мен ұлттық іс-қимыл жоспарларындағы олқылықтарды жоюға, мемлекеттік және жеке секторлардың ресурстарын жұмылдыруға және әлеуметтік және экономикалық қалпына келтіру шараларына келісілген және инклюзивті тәсілді жүзеге асыруда үкіметті қолдауға көмек көрсету жөніндегі мүмкіндіктерін пайдалану жолымен жеңілденетін болады.

Тұрақты даму мақсаттарын іске асыруды қамтамасыз ету үшін Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымы ТДМ-нің ұлтандырылған нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізе отырып, ұлттық бюджеттерді келісуде үкіметті қолдайтын болады және ТДМ-ге қаржы қаражатын бөлуді және қазіргі уақытта қаржыландырылмай қалатын нысаналы көрсеткіштерді жақтайтын болады, ал нәтижелердің осы салаларындағы прогресс барлық басқа мақсаттарға қол жеткізуді жеделдетуі мүмкін. Бұдан басқа, БҰҰ мекемелері Қазақстанның субөңірлік, өңірлік және жаһандық құрылымдарға қатысуы және ХҚҰ-мен ынтымақтастықты кеңейту нәтижесінде туындайтын ресурстарды жұмылдыру мүмкіндіктерін бірлесіп зерттейтін болады.

